

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(7) шілде-қыркүйек 2016
ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ
журнал**

2016, № 3(7)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2016, № 3(7)

Құрылтайшы:

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комяков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,

28 Shevchenko Str.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,

«Edu.e-history.kz»

Editorial electronic scientific journal

Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the
Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҒАЛЫМ ЖОЛЫ

Әбжанов Х.М.

Аңдатпа. Мақалада көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаевтың өмірі мен қызметіне шолу жасалған. Автордың пікірі бойынша академик М. Қозыбаевтың отандық тарих ғылымына қосқан үлесі баға жетпес құнды еңбектер. Екі дәуірде - кешегі социализм дәуірі мен тәуелсіз Қазақстан тұсында өмірлік және шығармашылық жолдан өткен М. Қозыбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында замана талабына сай Қазақстан тарихын қайта қарап, жаңа тұжырымдар мен көзқарастарды қалыптастыру үрдісінің бастауында тұрды.

Түйін сөздер: Қозыбаев, академик, ғалым, тарих ғылымы, Қазақстан, тәуелсіздік

ПУТЬ УЧЕНОГО

Әбжанов Х.М.

директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, д.и.н., профессор, член-корр. НАН РК

Аннотация. В данной статье рассматривается жизнь и деятельность видного ученого, общественного и государственного деятеля, академика НАН РК М.К. Козыбаева. По мнению автора, вклад академика М.К. Козыбаева в развитие отечественной исторической науки бесценен. Пройдя жизненный и творческий путь в эпоху социализма и Независимого Казахстана, М.К. Козыбаев в первые годы после обретения суверенитета возглавил процесс переосмысления, переоценки истории Казахстана с учетом требований времени.

Ключевые слова: М.К. Козыбаев, академик, ученый, историческая наука, Казахстан, независимость

THE PATH OF THE SCHOLAR

Abzhanov KH.M.

Director of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK

Abstract. This article examines the life and work of famous scholar, public figure and statesman, academician of the NAS RK M.K. Kozybayev. According to the author, the contribution of the academician M.K. Kozybayev in the development of national historical science is priceless. Having the life and career in the age of socialism and the Independent Kazakhstan, M.K. Kozybayev in the first years of the country's independence headed the process of rethinking, reassessment of Kazakhstan's history taking into account the requirements of time.

Keywords: M.K. Kozybayev, academician, scholar, historical science, Kazakhstan, independence.

Қазақ қоғамы білім-ғылымның күдіреті мен қасиетін ежелден жоғары бағалаған. Ол интеллектуалдық әлеуеттің басты буыны, қоршаған ортаны, тіпті адамды тануға, өзгертуге келгенде ең пәрмендісі екенін білгендіктен ғалымдарды төбесіне көтерді. Қоғамдық санадағы осынау құндылық үдесінен шыққан, ізашар жаңашылдығымен, терең пайым-тұжырымдарымен тарих тұңғығынан маржан теріп, болашақты болжай алуымен отандастарының парасат әлемінде,

жүрегінде өшпес із қалдырған оқымыстылар ұлтымызда аз да емес, көп те емес.

Аз болатыны – үш ғасыр жат қолына қараған елдің шын мағынасында дарынды ұл-қыздары әрқашан қолдау таба бермеді, қабілет-қарымдарын ашатын кеңістікке шыға алмай, қапаланды. Көптей көрінетіні – ғылымның жарық жұлдызына айналған шын таланттар ғасырлардың өтелмеген қарызын орнына келтіруге жегіліп, әрқайсы бір-бір зерттеу институтының жұмысын тындырды.

Тарих ғылымдарында ғасыр жүгін арқалаған азамат Манаш Қабашұлы Қозыбаев болатын. ХХ ғасырдың соңғы 40 жылға жуық уақыты бойы кесек туындыларымен, өзгеше ойларымен ақниет әріптестерінің құрметіне бөленіп, оқырманның ауызынан түспеген, биліктің назарын бірде үркітіп, бірде сүйінтіп өзіне аудартқан ғалым ретінде өзі де ұлттық тарихымыздың ұлағатты тұлғасына айналды.

Ол екі дәуірдің перзенті еді. Дәуірлер тынысы шығармашылық мұрасы мен өмір жолында тайға таңба басқандай көрініп тұр. Шыр етіп дүниеге келген сәттен 60 жыл бір ай ғұмырын кеңестік уақыт пен кеңістік аясында өткізсе, 10 жыл екі ай өмірі тәуелсіздік тұсына дөп келді. 2002 жылғы 31 қаңтарда 71 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Өркениетік және көздеген мұраты тұрғысынан қарасақ, бір-біріне жалғасып жатқан екі дәуір Қазақстандағы мемлекеттік құрылымы, билік жүйесі, экономикалық, идеологиялық негіздері бойынша мүлде үйлеспейтінін, бірін бірі бекерлейтінін оңай байқаймыз. Адамдарды жарқын болашаққа жеткізуге уәде берген кеңестік өкімет түптеп келгенде жақсылығынан гөрі Оның 15 жылы Манаш ағасыз өтіп жатыр.

Адам құқығы тапталған, ұлттық зиялылары қынадай қырылған, шығармашылық еркіндік тырп етпестей ауыздықталған тоталитарлық отар республикада есейген, білім алған, ғылым қуған Манаш Қабашұлы әлеуметтік әділетсіздікті, әсіресе ұлт теңсіздігін ерте сезінді. Тіпті балалық шағында көрген қызығы да шамалы. Кейініректе сол күндерді былайша есіне алған екен: «Бізге үйдің бір бұрышы тиетін, іргесі сыз, тіпті жаз айларында дымқыл тартып тұратын. Сығырайған терезелерді сыртынан шөппен, қармен жауып, жылуды сақтауға тырысатынбыз. Мен сондай өмірден қалай тірі қалғанымға әлі күнге таңғаламын».

Қиыншылық оны жасытпады, қайта ширата түсті. Әкенің күшімен, ананың сүтімен бойына дарыған зеректік пен алғырлық, Қозыбай әулетіне тән іскерлік пен ұтқырлық қасиеттері шыңдала берді. Меңдіқарадағы педучилищеден кейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін 1953 жылы бітірген соң Қостанай педагогикалық институтында табан аудармай бес жыл еңбек еткенде жас қазақтың сапалы білімі де, ұйымдастырушылық қабілеті де, әділдік үшін күресе білетін қасиеті де көрінді. Өлкетанулық зерттеулерін жариялады, Қостанайдың ономастикасын ұлтсызданған мазмұннан арылтуға үлес қосты, Б. Алтынсариннің есімі мен ісін ұлықтады. Қара бастың қамы емес, ел мүддесін көбірек ойлады. «Қостанай кезеңі мені өсірді, шынықтырды, шыңдады, - деп еске алыпты жастық жалынға толы жылдарды. – Мен азамат болып, есейдім. Өзімнің бақытым Сара Пішенбайқызымен отау құрдым, тұңғышым Ілияс дүниеге келді. Ең ғажабы, Қостанайға интернационалист болып келген мен Алматыға ұлтшыл болып оралдым. Тың игеруге келгендердің зорлық-зомбылығы көп болды. Ашықтан-ашық біздерді баса көктеп, жанышқысы келді... Л. Середкин, Давыдов сияқты жандайшап шовинистерді барынша әшкерелеп бақтым, олардың тепкісінен бірен-саран отандастарымды қорғадым. Алайда менің мүмкіндігім аз еді».

Сонымен, 1958 жылы М. Қозыбаев өмірінің Алматы кезеңі басталды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының директоры Серікбай Бейсембайұлының шақыруымен келген жас жігіт бірыңғай ғылыми жұмысқа жегілді. КОКП ОК жанындағы марксизмлененизм институтының қазақстандық филиалы идеологиялық өлшемі жағынан тарих ғылымдарының басында тұратын. Мұнда республикаға есімдері мәшһүр П.М. Пахмурный, А.Ф. Сармурзин, т.б. азаматтар жиналған еді. Бірақ Манаш жаспын деп

жасқаншақтамады. Қысқа мерзімде кандидаттық диссертациясын қорғады. 1963 жылы жарық көрген «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктері» ұжымдық еңбекті жазуға ат салысты. Әрине, осыдан жарты ғасыр бұрын жазылған бұл еңбек қазіргі кезде КОКП-ны жойдасыз мадақтаудай көрінетіні рас. Бірақ біз мынаны ұмытпағанымыз жөн: «Очерктер...» алғаш рет іргелі түрде Қазақстанның саяси тарихын қорытты, әр текті фактілерді, мәліметтерді және деректерді топтастырды, Қазақстан тарихын зерттеуші ғалымдардың абыройын арттырды. «Очерктердің...» жарық көруімен ғылыми-тарихи ойдың қазақстандық тағы бір орталығы қалыптасты. Келер жылы «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны» монографиясы оқырмандар қолына тиді. Отандық тарих ғылымының аспанында Қозыбаев есімді жарық жұлдыз пайда болғанын қазақстандық ғалымдар қауымдастығы мойындады, одақтық әріптестері таныды. 1969 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын қорғаумен қоғамдық пікірдегі биік мәртебесін заңды түрде бекемдеді.

Сөздің реті келгенде айтатынымыз, 1965-1975 жж. аралығын Қазақстан тарих ғылымының «алтын» онжылдығы деуге болады. Дәл осы онжылдықтар ішінде А. Нүсіпбеков, Г.Ф. Дахшлейгер, М. Асылбеков, Б. Төлепбаев, Б. Сүлейменов, Т. Балақаев, Р. Сүлейменов, К. Нұрпейісов өздерінің басты еңбектерімен отандық тарихнаманы байытқан тұлғалар биігіне көтерілді.

Ғылыми ізденіс үдей түсті. 1970 жылы тарихшылардың Мәскеуде өткен Халықаралық конгресінде баяндама жасады. Сол жылы көлемі 30 баспа табаққа жуық «Қазақстан – арсенал фронта» монографиясын жариялады. Бұл еңбек мазмұны және ғылыми нәтижелері бойынша бірнеше ерекшеліктерімен айықталды. Біріншіден, Ұлы Отан соғысы тұсындағы Қазақстан жайлы «Қазақстан – арсенал фронта» монографиясынан ғылыми шоқтығы биік зерттеу кенестік жылдары дүниеге келген жоқ. Қазақстанның ауыр өнеркәсібі, мұнайы, темір жолы, колхозшы шаруалары, әйелдері, мәдениеті тақырыптарын зерделеген өрелі еңбектер жарияланғанын бекерлеу ақиқатқа қиянат болар еді. Бірақ осылардың бәрінің басын қосқан кешенді монография ретінде «Қазақстан – арсенал фронта» күні жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар шыққан тұлғаларды, оның ішінде ұлт республикасының өкілін ұната бермейтіні анық көзге түсті. Кезінде Шәкәрім қажы ұлттық элитаны «ең жақсы адам» деп атаған екен. Жақсысы жаншылған ұлт уыстан шықпайтынына Кремль көсемдері әлдеқашан көз жеткізген еді. Тарих тағы қайталанды. Пысықайлардың ұйымдастыруымен 1973 жылы М. Қозыбаев

пен З.А. Голикова бірлесіп жазған «Золотой фонд партии (из опыта кадровой политики КПСС)» б монографиясын «тезге» салу басталды. Еңбекте басшы партия кадрларын қалыптастыру кемшіліксіз еместігі, қажетсіз қайта құрулар мен кадрлық ауысулар ұйымдастырушылық қарымқабілетті ашуға бөгесін екендігі айтылған еді. Осыны тілге тиек еткендер жеңіл-желпі сынаушыларды жоғары жаққа құбыжық қылып көрсетуге тырысты. Ақыры, Қазақстан

Компартиясының кезекті съезінде кітап Д. Қонаевтың аузымен сыналып, М. Қозыбаев аға буын өкілі Е. Бекмахановтай қоғамнан оқшауланбаса да, ғылыми ортадан ығыстырылды. Басына туған ауыр күндер 1979 жылға дейін созылды.

Партия тарихы институтынан кеткен Манаш Қабашұлы алғашқыда Алматы малдәрігерлік институтында, кейін Қазақ университеті жанындағы Қоғамдық пәндер оқытушыларының мамандығын жетілдіру институтында кафедра меңгерді. Қабырғалы ғалымның жазықсыз жапа шеккенін біздер - сол жылдарғы жас буын тарихшылар жақсы білдік.

Талантқа тұсау салуды көздеген тоталитарлық билік оңбай қателесті. Жаңа монографияларын шығару мүмкіндігінен айрылған Манекенді сүріндірді, бірақ жыға алмады. Іштей шырығу жүріп жатты. Әділетсіздікке сыр бермеді, дұшпандарын төбесіне шығармады. Қайта одақтық, республикалық конференциялардағы өзекті баяндамаларымен, институт қабырғасында оқыған тамаша дәрістерімен күстанаушылардан оқ бойы алға шығып, бұрынғыдан

да зорая түсті. Нағыз аңыз адамға айналды.

1979 жылы биліктің қырын қараған қабағы жібіп, жұлдызды сәт туды: Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайлануымен ғылыми элита тобына кірді. Келер жылы Қазақ совет энциклопедиясына бас редакторлыққа тағайындалды. Уақыт көрсеткендей, мансабы өскен қайсар қазақ Қостанай кезеңіндегі «ұлтшылдығынан» әлі ажырамаған екен. Оған шәкірті, бүгінде мемлекет қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммедтің мына жолдары бұлтартпас айғақ: «1983 жылдың 9 тамызында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросында Қазақ Кеңес Энциклопедиясының жұмысы да қаралды. Бұл еліміздің тоқырау тұманынан әлі арыла қоймаған кезі еді. Бюрода бас редактор М.Қозыбаев «Қазақ КСР» Қысқаша энциклопедиясына А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Мұстафа Шоқай, т.б. қазақтың ардагер азаматтарының өмірбаянын енгізу туралы мәселе қойды. Ол кездері жазуды қойып, есімдерін айтуға тыйым салынған қазақтың біртуар перзенттерінің өмірін энциклопедияға кіргізу туралы мәселе көтеру ерлікпен пара-пар еді.

Бүро болардың алдында Мәкең біздерге өзге республикалардың ұлттық энциклопедияларында, Үлкен Кеңес Энциклопедиясының басылымдарында басылған контрреволюциялық қозғалыс басшылары, сол кездері жаппай «ұлтшыл» деген желеумен айыпталған ақын-жазушылар, ақ казактар қозғалысының жетекшілері туралы материалдар жинауды тапсырды. Солардың негізінде қанша кеңес үкіметіне қарсы болса да ел тарихында елеулі із қалдырған қазақ қайраткерлерінің қызметіне сын көзбен әділ бағасын беріп, энциклопедияға енгізу қажеттігі туралы ұсыныс әзірледі. Онда қазақ оқырмандары аталған азаматтар өмірін шет елдерде басылған, кей жағдайда бұрмаланып көрсетілген басылымдардан емес, республиканың өз энциклопедиясынан оқығаны жөн екендігі дәлелденді». Әрине, ұсыныс қабылданбады.

Тоқырауға бой бермей атқарылған ірі жобалардың бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарғы Қазақстан жайлы 40 сериялы құжатты фильмнің шығарылуы. Бас кеңесші-сарапшы ретінде әр серияның сценарийін мұқият оқып, әр фильмді байыптап көріп, тележурналистермен, режиссерлермен тығыз жұмыс жүргізеді. Сол 40 фильм қазақ теледидарының алтын қорына кірді.

Кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында, нақтылап айтсақ, 1989 жылы Манаш Қозыбаев ғылыми атақдәреженің асқар шыңына көтерілді: Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі – академигі болып сайланды. Сонымен, отызында орда бұзып, ғылым докторы, профессор атанған талантты қазақ қырықында корреспондент мүше мәртебесімен қамал алса, ердің жасы елуінде ғұламалар қатарына қосылды. Бағындырмаған асуы қалмағандай көрінді. Сөйтсек, тағдырдың басты сыйы алда тосып тұр екен.

Бәрі горбачевтік қайта құрудың кеңестік жүйені, социалистік лагерді қақыратуымен басталды. Әу баста социализмнің болашағына қалтқысыз сенген көңіл бірте-бірте күдікке толғаны рас. Көзқарас эволюциясы 1985-1988 жылдарғы шығармаларында анық көрініп тұр. Ал Кеңестер Одағының, демек Қазақстанның да тағдыры қыл көпір үстінде қылпылдаған тұста, республика басшылығына Н.Назарбаев келгеннен кейін тарихи майданның алғы шебіне тәуекел деп тас жұтқан нағыз ұлт перзенттері шықты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры М. Қозыбаев Алаш зиялыларын ақтайтын комиссия құрамында белсенді еңбек етті, методологиялық биік өреме қандықол Ермақтың бетпердесін сыпырды, Қазақстанның мемлекеттік шекарасына қатысты дерек пен дәйекті сөйлетті, байларды кәмпескелеудің (1928 ж.), кулактар мен байларға қарсы күрестің (1930ж.) заңсыздығын әшкерелеген комиссия жұмысына жетекшілік жасады. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Егемендік туралы декларацияда, 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңда, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруде, мемлекеттік рәміздер мен наградаларды анықтауда қайраткер тұлғаның үлесі бар.

Азаттық алпыстағы ел ағасының қуатын тасытты, бұрыннан шапшаң қимылын тіпті үдетті,

қаламына қанат бітірді, аузына дуалы сөз салды. Қазақстанның қандай бір елді мекеніне бара қалса, жергілікті тарихшылардың айдарынан жел есіп, мәртебелері сол сәтте өсе қалатын. Өйткені академикпен бірге тарихи ақыл-ойдың салтанаты келетін. Өмірінің соңғы 10 жылында қаламынан қисапсыз мол қазына туындады. Көзінің тірісінде 600-ге жуық еңбегі, оның ішінде 16 монография, 21 ұжымдық еңбек, 48 кітапша, жүздеген мақала жариялаған екен. 1992-2001 жылдары шыққан

«Ақтаңдақтар ақиқаты», «История и современность», екі томдық «Тарих зердесі», «Жауды шаптым ту байлап», екі томдық «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» кітаптары, бүкілқазақтық тұңғыш құрылтайда оқылған «Ата тарихы туралы үзік сыр (қазақ халқының тағдыры туралы)» баяндама оның есімін әлемге мәшһүр етті. Үзеңгілес інісі академик Кенжеғали Сағадиевтің 2001 жылы айтқан: «Манаш ағаның қайта құру және тәуелсіздік кезінде жазған еңбектері одан бұрынғы 33 жыл бұрын жазған еңбектерімен саны жағынан тең. Ал сапасы жөнінен бұл тұстағы еңбектер автордың ашылып та, көсіліп те жазғандығын байқатады. Бұл еңбектер тың идеяларға толы, концептуалды толыққанды туындылар», деген пайымы әлі де маңыздылығын, шынайылығын бір мысқал жойған жоқ.

Азаттық таңы атысымен Кеңес дәуірінің тарихы ауқымынан шығып, әлемдік тарихи үдерістер мен өркениеттегі қазақ халқының орнын анықтауға күш салды. Ата тарихтың ежелгі және ортағасырлық дәуірлері, қазақ хандығы мен мемлекеттілігінің тағдыры, Ресейге бодандықты қабылдаудың «ақтаңдақтары», ұлт-азаттық қозғалысының қазақстандық ерекшеліктері, кеңестік саяси қуғын-сүргін қасіреті, Ұлы Отан соғысының беймәлім беттері, КОКП Орталық Комитеті Бас хатшыларының Қазақстанға ұстанған саясатының қисыны мен эволюциясы, әр ғасырдағы ұлттық тарихи тұлғалар бейнесі, Отан тарихының тарихнамасы мен деректануы - міне, осының бәрі жаңаша ойлау биігінен талданды. Репрессия құрбандарын еске алу, ұлттық тарих жылдары, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев мерейтойларының ЮНЕСКО күнтізбесіне енуі, шетелге іссапарлар төл тарихымыздың тарланын интеллектуалдық шырқау биіктерге алып кетті. XX ғасырдың соңғы он жылында «Қазақстанның тарих ғылымы», «Қозыбаев» деген сөздер Америка мен Еуропада да, Азия мен Африкада да синонимдер іспетті қабылданатын.

Әсіресе тәуелсіздік тарихын мейірлене зерделеді. Толық емес есептеуіміз бойынша, тәуелсіз Қазақстанға арнаған 50-ге жуық мақаласы бар екен. Олардың тақырыптары да оқырманын ойлантпай тұрмайды: «Тәуелсіздік жолы – үміт жолы», «Тәуелсіздік даңғылы», «Тәуелсіздік рухы», «Тәуелсіздік самалы», «Егемендік декларациясы – тәуелсіздіктің алдыңғы баспалдағы»,

«Тәуелсіздік толғаныстары», «Халқым, қайда барасың?», «Қандай елміз? Қандай болуға тиіспіз?», «Аман болсын халқымыз» ... Ақын Т.Молдағалиев ғалымның 70 жылдығына арнаған өлеңінде осының бәрінің мән-мағынасын жыр жолдарына сыйдырыпты:

Қазақ үшін не сыйы бар тағдырдың, Алдымызға жүрсің тартып әрбір күн.

Талай-талай өлгенімді тірілттің,

Өшіп қалған мың ошақты жандырдың.

Өткені өшкен елде елдік бола ма,

Әрбір айтқан болжамдарың – жол, аға.

Тарихымның түріп қойып есігін,

Тіл бітірдің ел деп туған данаға.

Тарих ғылымын кеңестік идеология мен методология қыспағынан шығару, оның мазмұнын, болмысбітімін, нәтижелерін анықтауға ұлттық құндылықтар мен әлемдік ақыл-ойдың үздік табыстарын қондыру М. Қозыбаевтың тәуелсіздік жылдарындағы ізденісі мен қызметінің өзегін құрады. Мақсатқа жету жолында атқарған екі асқаралы ісінің нәтижесі күні бүгінге дейін жемісін беруде. Оның бірі – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен 1998 жылды халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялауға атсалысқаны, екіншісі – өзі басқарып отырған Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрылтайшылығымен қазақ, орыс,

ағылшын, түрік тілдерінде мақалалар жариялайтын «Отан тарихы» журналын шығаруға қол жеткізгені.

Тарих жылы ғылымға серпін берді, қоғам өміріне қозғалыс әкелді. Тарих жылының мәнін Елбасымыз былайша тарқата ашқан еді: «Бұл – тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» деген төңіректе ойлансын деген сөз. Бұл – әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз. Бұл – әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз».

Президент жарлығын жүзеге асыру үшін барлық бұқаралық ақпарат құралдары тақырыптық рубрикалар ашты, документальды фильмдер түсірілді. Бір ғана «Егемен Қазақстан» газеті «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы» атты айдармен 50-ге жуық іргелі материалдар жариялады. Жер-жерде ғылыми конференциялар, тақырыптық оқулар, «дөңгелек столдар», семинарлар Отан тарихы бойынша өтіп жатты. Жыл эмблемасымен атаулы 37 кітап шығыпты. Кітапханалар мен оқу орындары біраз кітапқа ие болып қалды. Айталық, Ақмола облысы мен Астана қаласындағы кітапханаларға, мектептерге, колледждер мен жоғары оқу орындарына 24,5 млн теңгенің атаулы 600 кітабы тегін үлестірілген екен.

Ұлттық тарихи жылындағы шаралардан оқушылар да тыс қалмады. 1998 жылы 1 қыркүйекте республика мектептерінде салтанатты линейкалар, лекциялар, сынып сабақтары өтіп, оқушылар Отан тарихынан қосымша мағлұматтар алды. Көптеген орта мектептерде жоғары сынып оқушылары «Қазақстан: тарих және бүгін» тақырыптарына конкурстық шығармалар жазса, еліміздің тарихы мен географиясы бойынша ұйымдастырылған «Менің Қазақстаным» атты республикалық рефераттар конкурсына 150-ден астам оқушы қатысыпты.

Сол жылғы 4-шілдеде өткен ҚР Ғылым академиясы Жалпы жиналысының Сессиясы «Отан тарихының сабақтары және Қазақстан қоғамының өркендеуі» тақырыбына арналып, тарихшылар тарихының сабақтары және Қазақстан қоғамының өркендеуі» тақырыбына арналып, тарихшылар қауымы атынан бас баяндаманы Манаш Қабашұлы оқыды. Мұнда Қазақстанның әлемдік дамудағы, түркі әлеміндегі, дала өркениеті жүйесіндегі орны мен рөлі, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы, қазақ мемлекеттілігінің даму динамикасы, Ресей құрамындағы Қазақстан проблемаларының методологиялық, ғылыми-танымдық және қолданбалы қырларын талдады.

Сессия жұмысын Елбасы Н.Ә. Назарбаев жоғары бағалады. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста (1998 жылғы 15 желтоқсан) сөйлеген сөзінде:

«Бұл отандық академиямыздың шежіресіндегі ұлттық тарихқа арнайы бағышталған тұңғыш сессия. Оған Ресейдің, Өзбекстанның, Түркияның, Қытайдың, АҚШ пен Жапонияның ғалымдары қатысты», деді.

Тарих жылы идеясын жүзеге асыруға М. Қозыбаев қосқан қомақты үлес жұртшылықтың жадында. Жыл қорытындысы бойынша Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бір топ ғалымдары орденмен марапатталды. 2001 жылы «Егемен Қазақстан» тәуелсіздіктің әр жылына арналған мақалалар сериясын жариялаған еді. Міне, сол дестенің 1998 жылын М. Қозыбаевтың қорытындылағаны кездейсоқтық емес. Мақалада А. Байтұрсыновтың 125, Құрманғазының 175 жылдығы тойланғаны, «Тарих-и Рашиди» орыс тілінде жарық көргені айтылып, «Әзірет Сұлтан» мұражайы тарихи-мәдени қалпында жаңғырды. Алаша хан, Жошы хан кесенелерін әспеттеудің де сәті түсті. Рәбиға Сұлтан-бегімнің кесенесін жөндеу қолға алынды. Бекет ата мешіті қайта жөнделді. Тараздың 2000 жылдығына, Түркістанның 1500 жылдығына, Қорқыт бабаның 1300 жылдығына әзірлікке байланысты мерекелік шаралар жалғасын тапты. Бұл жылы Мұхаммед Хайдар Дулати, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Құдайберген Жұбанов, Шәкен Айманов сияқты тұлғаларға ескерткіштер тұрғызылды. Алматыда Темірбек Жүргеновке, Атырауда Құрманғазыға, Қызылордада Қорқыт атаға, Қостанайда Ахмет Байтұрсыновқа

ескерткіш салыну қолға алынды. Алматыда Абылай хан мен Қаныш Сәтбаевқа арналған ескерткіштің жобасына конкурс жарияланды делінді. «Тәуелсіздіктің жетінші жылы ұлттық тарих тағылымына бойлаған, халықтар бірлігін ойлаған жыл болды!», – деген сөздермен аяқтапты мақаланы.

«Отан тарихы» журналы алғашқы санынан іргелі ғылыми мәселелерді көтере алды. Бас редактор М. Қозыбаев редакциялық алқа мүшелігіне тарихшыларды, археологтарды, саясаттанушыларды, әдебиетшілерді, И.Тасмағамбетов, М. Тәжин, В. Школьник, Ә. Кекілбаев сынды мемлекет қайраткерлерін тартты. АҚШ-тың, Ресейдің, Испанияның, Қытайдың, Венгрияның, Өзбекстанның ғалымдары шетелдік мүшелер тобын құрады.

Журнал ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың редакция ұжымы мен оқырмандарын құттықтау хатымен ашылды. «Отан тарихы» ел егемендігін нығайтуға олжа болатынына сенім білдірілді.

Дүниеден озғанша Манекең журналдың бас редакторы қызметін атқарды. Ә. Кекілбаевтың, К. Сағадиевтің, К. Салықовтың, Ширин Акинердің (Англия), Су Бейхайдың (Қытай), А.П. Деревянконың, Е. Ертісбаевтың, Т. Мансұровтың, А. Чубарьянның, Қ. Сұлтановтың, Ә. Нысанбаевтың мақалаларының басылуы «Отан тарихының» ғылым әлеміндегі биік мәртебесін айқындап берді. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «тарихшы ғалымдарымыз оның беттерінде өткен күндердің оқиғалары жайында ой бөлісуге, ашқан жаңалықтары мен күмәнқүдіктері жайында әріптестерімен пікірлесуге мүмкіндік алды».

Ғасырлар тоғысында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын басқара жүріп ұлттық тарихнамаға М. Қозыбаев салған екі олжаны айрықша атап өткеніміз ләзім. Бірі – «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» (1995ж.), екіншісі – бес томнан тұратын «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның алғашқы үш томын жарыққа шығаруы.

Тұжырымдамада тарих білімінің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты мәселелері мен оларды шешудің мүмкін бағыттары, тарих білімі мен оқу-ағартуды реформалау жолдары дәйектелді. Артта қалған жылдар ішінде қозыбаевтік тұжырымдама талаптары негізінен атқарылды. Демек, жаңа дәуірге сай екінші тұжырымдаманы қабылдайтын уақыт туды.

Бұл құжат тарих ғылымы саласындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясының көрінісі әрі үлгісі болуы қажет. Алдағы 30-35 жылға, кем дегенде 15 мамандық бойынша отандық тарих ғылымының үлкенді-кішілі нәтижелерін, даму үрдісі мен заңдылықтарын, белестері мен болашағын, алынатын межелерді айқындауы, билікпен, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдармен, әлемдік ой-санамен байланысын, археология, этнология, антропология, деректану мамандықтарының жаратылыстану ғылымдарымен ықпалдастығын, кадрлық болмыс-бітімін тайға таңба басқандай сипаттағаны керек.

Қазақстанның тарих ғылымы әлемдік интеллектуалдық бәсекеге батыл араласатын уақыт келді. Жаңа тұжырымдаманың мақсаты да, түп көздегені де отандық тарих ғылымын жаңа саяси бағыттың алдыңғы шебіне шығару болғаны жөн. Жаһанданумен жағаласа жүріп, ең дамыған 30 елдің қатарына кіруге бет түзеген Қазақстан отандық тарих ғылымын елішілік міндеттерге жегумен қанағаттанса, кеңестік дәуірдің қателігін қайталауға ұрынады. Тағдыр бізге екі алпауыт мемлекетпен көрші болуды жазған екен. Енді осылардағы әріптестерді ортақ ғылыми жобаларды бірлесе орындауға тарта білсек, берісі – әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығымыз шындалады, әрісі – шет елдік кітапханаларда, музейлерде, мұрағаттарда жатқан белгілі-білгісіз құжаттар мен деректерге қолымыз жетуі бек мүмкін. Көршінің тарихын білу – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты. Әрине, реті келіп жатса, алыс шетелдердегі – Еуропадағы, Америкадағы, Жапония мен Кореядағы тарихшы ғалымдар қауымымен де ортақ ізденіс жүзеге асырылса, қанекей.

Билік пен ғылыми зиялы қауым арақатынасы әрқашан сыңғырлаған сәйкестік пен үйлесім

бола бермейтінін жұрт біледі. Екеуі тонның ішкі бауындай кірігіп кеткеннен де, бірінен бірі тым алшақтап, дұрдаразданғаннан да пайда жоқ. Ең дұрысы – теория мен практиканың сұранысына орай билік дұрдаразданғаннан да пайда жоқ. Ең дұрысы теория мен практиканың сұранысына орай билік тарапынан ғалымдарға тапсырыс беру, тапсырысты орындауға қажетті жағдай жасау. Ал ғалымның миссиясы – жаңалық ашу, ақиқатқа қол жеткізу, шын мағынасындағы инновациялық ілгерілеуді қамтамасыз ету. Қанша жерден ғылыми атақ-дәрежеге ие болғанмен, билік өкілдері ғылыми зиялы қауымға тиесілі міндетті атқара алмайды, ал ғалымдар ел таныған білімпаз болғанымен билікке тән функцияларды жауапкершілігіне алуы мүмкін емес. Қысқасы, ұлттық тарихты зерттеу тұжырымдамасы билік пен ғылым арасындағы тепе-теңдікті, ынтымақ пен ықпалдастықты сақтайтын келісім-шарт орнына жүру керек.

Бес томдық «Қазақстан тарихыны» жазуға даярлық ыждағаттылықпен жүрді. 1992 жылы «Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней», 1993 жылы «История Казахстана (очерк)» жарияланды. Көптеген басқосулар өтті. 1996 жылы «Қазақстан тарихының» бастапқы үш томы шықты. М.Қозыбаев бастап берген 5 томдық «Қазақстан тарихының» 4-ші, 5-ші томдары ұзаққа созылған үзілістен кейін 2010 жылы жарияланды. Қазақстан тарихынан жарық көріп жатқан оқулықтар мен оқу құралдары баршылық. Дегенмен солардың бірде-біреуі қозыбаевтық бестомдықпен иық тірестіре алмайтыны ақиқат. Алдағы уақытта Қазақстан тарихын академиялық дәстүрде жазу жалғасын табары сөзсіз. Жауапкершілігі жоғары істі жүзеге асырушылар тобында М. Қозыбаев шәкірттері жүретіні де күмәнсіз. Ал олардың қатарындағы тарих ғылымдарының докторлары мен кандидаттары 100-ден асып жығылады.

Мемлекеттік тәуелсіздіктің жариялануымен Отан тарихын дәуірлеу мәселесін кешенді көтергендердің тұңғышы академик М. Қозыбаев еді. 1992 жылы дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында оқыған баяндамасында тоғыз дәуірді қадап-қадап көрсетті: 1. Адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі; 2. Сақ, ғұндар заманы; 3. Түркі тектес тайпалар дәурені; 4. Қыпшақ белесі; 5. Моңғол үстемдігі; 6. Қазақ хандықтары: халық, ұлттың қалыптасуы; 7. Отаршылық бұғауында; 8. Қазақ халқы кеңес империясының уысында; 9. Қазақ халқы егеменді ел болған шағында. Академик ағамыз дәуірлеудің іргесіне алдымен тайпалардың алмасуын, екінші кезекте ұлттық-мемлекеттік, ең соңында саяси өлшем мен ұстанымды қалаған еді.

Қазақстан тарихшылары Отан тарихын дәуірлеуге келгенде ортақ тұжырымға әлі тоқтай алмай келеді. Тіпті тәуелсіздік тұсында жарық көрген "Қазақстан тарихы" академиялық басылымының алғашқы томы мәселенің тарихнамасы мен деректік негіздеріне тұтас бір тарауды арнай тұра, дәуірлеу тақырыбын айналып өтеді. Әзірге баспадан шыққан бес томмен таныса келе, онда Отан тарихын дәуірлеудің іргетасына академик М. Қозыбаев ұсынған нұсқа қаланғанын байқау қиын емес.

Тарихтың дөңгелегін айналдыратындар – адамдар, Тұлғалар. Манаш Қабашұлы зерттеулерінде тарих үдерісіндегі халық пен тұлғаға зор көңіл бөлінген. Қайтыс боларынан бірер ай бұрын «Қазақ әдебиетінде» жариялаған «Бізде ұлттық элита бар...» атты мақаласында осынау қауымға төмендегідей анықтама беріпті: «Ұлт элитасы деп ұлтына сенетін, оның басына түскен қиындыққа көнетін, өз мүддесін ұлт мүддесіне жегетін, тығырықтан жол тауып беретін, әлемдегі 2000-нан астам ұлт пен ұлыстардың ішінен «қазақ» деген ұлттың өркениеттік орнын тауып қана қоймай, оны өркениеттік дамудың даңғыл жолына салып беруге өнерін, білімін, күш-қайратын, ар-намысын төгетін, керек кезде ең қымбаты - өмірін беретін ұлт асылдарын айтса керек... Ұлт элитасы қайраткер, жасампаз, дауылпаз жан». Осы орайда «азамат», «интеллигенция» ұғым-түсініктеріне берген анықтамалары да танымдық байтақ пайым екенін айта кетсек, артық емес.

Ол мұның бәрін жалаң оқумен-тоқумен ғана дәйектеген жоқ. Жарты ғасырға жуық уақыт бойы халқымыздың элита, азамат, интеллигенция қауымымен етене араласқандықтан, өзі де

дүлдүл өкілі болғандықтан көргенін, көңілге түйгенін ой қазанында қорытып, сары алтындай жарқыраған нұсқада халқына ұсынды. Сонысымен тарихи санамызды жаңғыртты, өміршеңдігі дәлелденді.

Тәуелсіздік мұратын нығайту мен тарихи-методологиялық негіздерін бекемдеу жолындағы адал да жанкешті мейнаты лайықты бағаланды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, ҚР Президентінің бейбітшілік және ұлтаралық келісім сыйлығының, «Парасат» орденінің иегері атанды. Туған елі әлі де құрметін көрсетуде. Есімі Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне, Қостанай қаласындағы орта мектепке, Алматыдағы көшеге берілді. Өзі тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Шығармалары 1 том, 2 том, 7 том болып шықты, қолдан-қолға өтуде, сілтемелер индексінде мәртебесі биік. Нағыз ғылым да, ғалымның нағыз бақыты да осы.

Академик М.Қозыбаевтің партиялық, таптық көзқарастан ада зерттеулері, депутаттық және институт директоры қызметіндегі елішілік, жаһандасулық қайраткерлігі азаттық мұратымен үндесіп, ұзақ жылдар бойы КОКП-ның «қолбаласы» болып келген ұлттық тарих ғылымын қайта түлетті, ұлттық және мемлекеттік мүддеге жекті, инновациялық дамудың пәрменді құралына айналуына септесті. Тұлғалы ғалымдардың, ішінде Манекен де бар, табандылығымен Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты шаңырақ көтерді. Тәуелсіздіктің елең-алаңында Қазақстан тарихынан мектеп оқулығын жазып, ЖОО-ларда осы пәнді мемлекеттік емтихан тізіміне қосуға пәрменді ықпал етті.

КОКП заманында социалистік идея мен құрылыстың жаманын жасырып, жақсысын асырудан әріге бармаған қазақстандық тарихшы ғалымдар енді шығармашылық еркіндіктің артықшылықтарын кәдеге жаратуда. Тарихи санасы кемел қоғам ғана ұлттық қауіпсіздікті барынша нығайтып, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатынын қапысыз ұқтық. Осының бастау-бұлағын ашқандардың алдыңғы легінде халқымыздың біртуар ұлы Манаш Қозыбаев бар. Жақсымызды жақсы дей алатын күнге азаттық арқасында жеттік.

1994 жылғы 6 қазан күні өзінің бүгіні мен ертеңін таразылаған мына жолдарды жазған екен:

Жауға шаптым ту байлап,

Жорықта жазып жарамды. Келемін сермеп семсердей, Ұшқыр өткір қаламды.

Жауға келем дес бермей,

Қызғыштай қорғап анамды.

Күндері бір күндерде,

Айналайын Отаным,

Есіңе ал Манаш балаңды!

Отаны дана баласын ұмытқан жоқ. Есімін мәңгі есте қалдырып, аялы алақанында тербеп келеді.

КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ЖАЗАЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КҮШЕЮІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА ӘСЕРІ

Бақторазов С.У.

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-нің «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Аңдатпа. Зерттеліп отырған кезеңде халық шаруашылығында негізгі экономикалық мәселелер қалпына келтіріліп, техникалық реконструкция жасалынып, бейбіт құрылысқа көшу жағдайында, Кеңес үкіметі бүкіл одақ көлемінде, соның ішінде қарастырылып отырған Оңтүстік Қазақстан өлкесінде де, мемлекеттік билікті қорғау органдарынүнемі нығайту үстінде болды. Саяси қуғын – сүргін нәубеті негізінен контрреволюциялық қаскөйлік туралы заңдылық арқылы жүзеге асырылып, РКФСР ҚК ерекше бөлімінің I – тармағы бойынша контрреволюциялық қаскөйлікке байланысты 17 нақты құрамының 12-і ең жоғарғы – атужасын қолдануды көздеді. 1937-ші жылы осы істер бойынша белгіленген 10 жылға еркінен айыру 25 жылға ұлғайтылды. Соныме қатар, жалпы жағдай мен қылмыстың нақты құрамының екі ұшты құрастырылуы тергеу органдары мен соттарға интерпретация жасауға кең бостандық берді. Мақалада Оңтүстік Қазақстанда орын алған осындай оқиғалардың себеп – салдарлары нақты анықталған. Осылай, елдегі және өңірлердегі шиеленіс артқан сайын «дұшпан» бейнесін іздеп табу мақсатында құқық қолданушы органдар өз үкімдерін барынша қатайту бағытында болып, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру және ең жоғарғы жаза қолдану қалыпты жағдайға айналды.

Түйін сөздер: бейнесі, органдары, Кеңес, Оңтүстік, жазалау, Қазақстан, үкіметі, РКФСР, өлкесі, саяси, «дұшпан», қуғын, сүргін

ВЛИЯНИЕ УСИЛЕНИЯ КАРАТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА НА ТЕРРИТОРИЮ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

Бақторазов С.У.

Аннотация. В исследуемый период в народном хозяйстве были восстановлены основные экономические вопросы, проведена техническая реконструкция и в условиях перехода к мирному строительству Советское правительство постоянно укрепляло органы защиты государственной власти в масштабах всего Союза, в том числе и в рассматриваемом Южно-Казахстанском крае. Политические репрессии осуществлялись главным образом через законность о контрреволюционном злодеянии и предусматривали применение высшей – атуказы из 17 фактических составов, связанных с контрреволюционным злодеянием по пункту I Особенной части ВС РСФСР. В 1937 году лишение свободы на 10 лет, установленное по этим делам, было увеличено на 25 лет. Кроме того, двухстороннее составление общей ситуации и фактического состава преступления давало широкие свободы для толкования следственным органам и судам. В статье четко определены причины подобных событий, произошедших в Южном Казахстане. Таким образом, по мере нарастания напряженности в стране и регионах правоприменительные органы в целях поиска образа «врага» стали более жесткими в своих приговорах и стали нормой к длительному лишению свободы и максимальному наказанию.

Ключевые слова: образ, органы, советский, Южный, карательный, Казахстан, Правительство, РСФСР, край, политический, " враг», репрессии, репрессии

THE IMPACT OF THE STRENGTHENING OF THE PENAL BODIES OF THE SOVIET GOVERNMENT ON THE TERRITORY OF SOUTH KAZAKHSTAN

Baktorazov S.U.

Abstract. During the period under study, in the context of the restoration of the main economic problems in the national economy, Technical Reconstruction and transition to peaceful construction, the Soviet government was constantly strengthening the bodies for the protection of state power throughout the Union, including in the South Kazakhstan region under consideration. The result of political repression was carried out mainly through the law on counter – revolutionary malice, according to paragraph I of the special section of the Criminal Code of the RSFSR, 12 out of 17 specific compositions related to counter – revolutionary malice provided for the use of the highest-ATU. In 1937, the deprivation of liberty for 10 years established in these cases was increased to 25 years. At the same time, the two-pronged formulation of the general situation and the specific composition of the crime gave wide freedom of interpretation to the investigating authorities and courts. The article clearly defines the causes and consequences of such events that took place in South Kazakhstan. Thus, as the tension in the country and regions increases, law enforcement agencies in order to find the image of the "enemy" are moving towards the maximum tightening of their sentences, and long-term imprisonment and maximum punishment have become the norm.

Keywords: image, organs, Soviet, South, punishment, Kazakhstan, government, RSFSR, territory, political, "enemy", exile, exile

Кеңес үкіметі, халықаралық оқшауландыру жағдайында, елдегі әлеуметтік-саяси ахуалдың шиеленісе түсуі себепті, төтенше комиссиялардың жағдайын үнемі нығайту үстінде болды. РКФСР ХКК-ның 1921 жылғы 10 ақпанындағы қаулысымен ПХК-на жергілікті жерлердегі халық комиссариаттарының тыныс-тіршіліктерін жіті қадағалап, жергілікті атқару комитеттеріне түскен арыз-шағымдар туралы Кеңес үкіметіне үнемі баяндап отыру міндеттелді [1, с.201]. Билік басындағы партия мұндай мәселелерге өзінің жауабын БК(б)П-ның XII Жалпыресейлік конференциясының қаулысында анық көрсетіп, онда: «...өзінің контрреволюциялық мақсатында корпоративтік мүдделерін ғана көздеген, шынайы ғылымның - техниканың, педагогиканың және кооперацияның мәселелерін мансұқ ете отырып, саяси бүркемеленген, партияда жоқ іспетті (мнимобеспартийный) буржуазиялық-демократиялық зиялылардың саясаткерсымақ басшыларына қарсы репрессиялар қолданудан бас тартуға болмайды» [2, с. 39], - делінген.

Түркістан өлкесіне тез – ақ жеткен мұндай кесапатты іс – әрекет, қарастырылып отырған кезеңнің

талабына сәйкес жалпы жағдай мен қылмыстың нақты құрамының екі ұшты құрастырылуынәтижесінде тергеу органдары мен соттарға интерпретация жасауға кең бостандық берді. Тиісінше, нақты кемшіліктерді жай ғана сынау Кеңес құрылысын қаралау болып есептелінді. Шаруашылықта болмай тұрмайтын кемшілік фактілері, әртүрлі дәрежедегі экономика саласындағы олқылықтар экономикалық контрреволюция ретінде бағаланды. ЖЭС кезінде жеке өнеркәсіппен шұғылдануға және жеке сауда жасауға аздаған мүмкіндіктер берілген болатын. Сол аздаған мүмкіндіктердің өзін «революциялық заңдылық» тұрғысынан тексеру үшін большевиктерге құқықтық нормаларды өз жағдайына қарай икемдеу керек болды. Осылай 1922 жылы Қылмыстық кодекс, Азаматтық кодекс, Қылмыстық-процессуалды кодекс және Азаматтықпроцессуалды кодекстер пайда болды. Сөйтіп, 1922 жылдың 26 мамырында Адвокатура туралы Ереже, 1922 жылдың 28 мамырында Прокурорлық қадағалау туралы Ереже, кейіннен 1922 жылдың 14 қарашасында Сот ісі туралы Ереже қабылданды. Ендігі жағдайда

заңдылықты қадағалау бірнеше кеңестік органдар тарапынан жүргізілмей, тек сот пен прокуратура органдарына берілді. БОАК мен ХКК-нің 1922 жылдың 16 қарашасындағы декретіне сәйкес «Ешқандай үкіметтік орган прокурорларды, олардың көмекшілерін, революциялық трибуналдың төрағалары мен оның мүшелерін, халық соттары мен тергеушілерді алдын-ала рұқсат етілмесе, немесе ерекше жағдайларда Республика Прокурорын ескерткенде ғана болмаса, тұтқындай алмайтын болды [4, с. 118]. 1923 жылдан 1938 жылға дейін, яғни КСРО-дағы сот істері жөніндегі заң қабылданғанға дейінгі уақытта прокуратура органдарының құрылымы, олардың міндеттері мен өкілеттіліктері негізінен сот ісі жөніндегі заңдылықтармен реттеліп отырды.

Сот және прокуратура қызметкерлерінің құрамы – ұлтына, жасына және біліміне қарай алақұла болуы себепті, осы органдардағы барлық өзгерістер сол кезде қалыптасқан саяси талапқа сай жасалынғанымен, көбінесе сол талаптардың үдесінен шыға алған жоқ. Осылай, губерния прокурорының көмекшісі Мусихиннің 1927 ж. 28 желтоқсанында Әулиеата уаткомы президиумы (төрағасы Гергер) мәжілісінде жасаған есебінде «қылмыстық істерді қараудағы жайбасарлықтың негізгі себебін халық сотындағы қызметкерлердің квалификациясының төмендегі мен тіпті осындайлардың өзінің жетіспеушілігінен», - деп есептейді. «Осыған орай УАК-і Губерниялық сот пен Прокуратура өкілдерінен халық соттарының істерін жіті бақылап, оларды үнемі мамандығына бейімдеп отыруын және жұмыс істей алатын қызметкерлерді табуға көмектесуін сұраса жөн болар еді», - дейді [5]. Әрине, мұндай іс-шаралар жасалынып, нәтижесінде «жұмыс істей алатын» соттардың байларды кәмпескелеу науқанына қызу кірісіп кеткенін мына бір құжаттан көре аламыз. Онда: БК(б)П Әулиеата аудандық комитетінің 1928 жылдың 6 тамызындағы өткізілген бюросында «Қарабақыр болысындағы бірыңғай ауылшаруашылығы салығы туралы жаңа заңды жүзеге асыру кампаниясы барысында жіберілген қателіктерге тоқталғандығы және Қарабақыр және Құмарық болыстары бойынша өкілдер Уметбаев пен Тазиудиновтың жекелей салық төлеуге тиісті байлардың тізімін жасау туралы Губком бюросының директивасын орындамағаны үшін, олардың істерін сотқа және бақылау комиссиясына өткізуге шешім қабылданғандығы», - айтылады [6].

КСРО ОАК мен ХКК-нің сәл кейінірек қабылдаған «КСРО ЮХК-ын құру туралы» Қаулысына сәйкес юстиция халық комиссариаты құрамынан одақтас және автономиялық республикалардың прокуратура және тергеу органдары бөлініліп, олар тікелей КСРО Прокурорына бағынатын болды [7, с. 30]. Қазақстанда басқа да республикалардағыдай Республика Прокуроры Әділет Халық Комиссары қызметін қоса атқарып отырды. Әйтсе де олардың осы қызметтеріндегі мерзімі ұзақ болмады. Қарастырылып отырған кезеңде тек Айтмағанбетов Боран мен Жармұхамедов Абдулладан басқалары 1 жылдан артық жұмыс істеген жоқ [8, 22-б.]. Мұның өзі Орталықтың жергілікті басшыларға деген сенімсіздігін көрсетсе керек. Прокурорлық қадағалау туралы Ереженің 5 бабына сәйкес, «Әрбір губерния мен облыстағы прокурорларды Республика Прокуроры тағайындады және соңғылары өздерінен жоғары прокурорға тікелей бағынышты болды». Губерния прокуроры көмекшілерінің бір бөлігі уездерде жұмыс істеді. Әрине кей жағдайда жергілікті басқару органдары ұсынған кандидаттар да бұл қызметке келе алатын.

1924 жылы жүргізілген әкімшілік-территориялық бөлініске байланысты Сырдария губерниясында губерниялық сот, 1928 жылы Сырдария округінде – округтік сот, 1932 жылы Сырдария облысында – облыстық соттар құрылды. Дәл осы уақыттарда тиісінше прокуратура органдары да осылай құрылған болатын. 1922-1929 жылдар аралығында бәсеңсігендей болған репрессиялар байларға қарсы іс-қимылдардың басталуымен қатая түскенеді. Осыны халыққа ұғындырудағы прокуратура органдары іс-шараларының бір парасын мына бір құжат көрсетіп тұрғандай. Сырдария округтік прокуратурасының аға тергеушісі Лифшицтің Сайрам ауданы Ярганлық ауылының тұрғыны Наралиев Ералыға жазған айыптау қорытындысында оның сайлау

құқынан айырылғандығына наразылық білдіре отырып, Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт – насихат жүргізгенін, қанаушы бай-кулак ретінде колхоз құрылысын жамандап, 1930 жылдың 1 мамырында болған жиналыста жанжал шығарып, кедейлерді өзіне дауыс беру құқын қайтарып беруді болысуға итермелеген, кері жағдайда ертесінен бастап колхозға жұмысқа шықпайтындықтарын айтқызған. Аға тергеуші Лившиц Наралиевті осы жиналыстың алдында өз достарымен бірге кедейлерді де шақырып алып, ішімдікке тойдырып, «сендер ертең жиналыста ауылкеңеске қарсы шыға беріңдер, кедей болған соң сендерге ешкім де тиіспейді», - деп азғырғандығын айтады. Ең соңында ауылдық Кеңестің төрағасы милиция шақыртып, Наралиевті тұтқындау керектігін айтқанда, ол оған да көнбей кеңес үкіметін барынша балағаттаған. Бұл жерде Наралиевтің әлі де ауқымы кеңейе қоймаған репрессия шырғалаңын түйсіне алмағаны көрініп тұр. Ол, әрине 58-10 бабы бойынша жауапқа тартылды. (бұл бап бойынша 6 айдан – бірнеше жылдарға дейін бас бостандығынан айыру көзделген) [9].

Прокуратура органдарының жұмысын одан әрі қатайту туралы мәселе 1932 жылдың 3 шілдесіндегі б

Кеңес прокуратурасының 10 жылдығына байланысты салтанатты жиналыста көтеріліп, онда сөз сөйлеген М.И.Калинин «Саяси мәселелерді пролетариат диктатурасының пайдасына шешу жолында, біз тікелей күш көрсетуден де тайынбаймыз», - деген болатын [10, 1-б.]. Осының алдында ғана сол кездегі Конституцияны барынша бұза отырып БК(б)П ОК Саяси бюросының Қаулысы негізінде жаппай ұжымдастырудың жүзеге асырылуына пәрмен берген прокуратура органдары, кеңестік қылмыстық құқықтың принциптілігінің сорақылықпен бұзылып, 1932 жылдың 7 тамызындағы КСРО ОАК мен ХКК-нің мемлекеттік, колхоздық және кооперативтік мүлікті қандай мөлшерде болмасын ұрлағаны үшін ату жазасын да қолдануға мүмкіндік берілуіне аянбай атсалысты [11, с.225]. Осы орайда, азамат Бекболатов Хамиттің 1932 жылдың 7 тамыз Заңы бойынша айыптау ісімен таныса отырып, мынаны анықтадық: Бекболатов Хамит 1909 жылы Пішкек қаласында кедей отбасында дүниеге келген. Партияда жоқ. Сотталғанға дейін Ақыртөбедегі интернатта шаруашылық жөніндегі меңгеруші болып істеген. (10/IX-20/XI 1934ж). Бұрын сотталмаған. Тек 19/XI 1934 жылы ауаткомдағы мәжілісте интернаттағы жағдайды толық тексеріп шығу туралы қаулысынан кейін, өзіндегі жетпеушілікті (растрата) анықтайтын болды деген қауіппен

20/XI -34 күні ешкімге айтпай Ташкент қаласына қашып кеткен. Бұл жерде интернаттағы тәрбиеленушілерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған қордың жымқырылуына байланысты осы интернаттың директоры Дувановқа, оның оқу ісі жөніндегі орынбасары Хусаиновқа да қарсы қылмыстық іс қозғалғандығын айта кету керек. Олардың біріге отырып, 177 кг вермишельді, 200 кг макаронды, 75 кг қантты, 280 кг сары май мен 40 кг өсімдік майын «жеп» қойғандығын, сонымен қатар сойылған 2 сиыр етінің ізім – қайым жоғалғандығын, азамат Бекболатовтың РайФо – дан алған 900 сомға сатып алған 13 шошқасының еті де балаларға бұйырмағанын, мұның үстіне 728 метр көйлек – көншектік матаның да тәрбиеленушілердің көзінен бұл – бұл ұшқанын тәптіштеп хаттамалаған Әулиеата ауданының халық тергеушісі Сычев өзінің қаулысында: Дуванов пен Хусаиновтың қашып кетуіне байланысты іздеу салынып, оларға қатысты қылмыстық істің тоқтатылғанын, ал Бекболатовтың ісінің сотқа жіберілгендігін айтады. [12, 38 б]. Аудандық прокурор Сенников санкция берген бұл қылмыстық істің сотқа дейінгі кезеңін саралай отырып, мынадай жағдайларға мән беруге болады.

Біріншіден, интернатта істеген 1,5 ай шамасында Бекболатовтың жоғарыда көрсетілген «ішіп – жеуге» қатыстылығы шамалы екендігі даусыз. Дегенмен, айыптау қорытындысы бойынша оған 5100 сомды талан – таражға салғандығы мойнына қойылып ісі жеке – дара сотқа өтеді. Екіншіден, сенім хат арқылы аудандық қаржы бөлімінен алған 900 сомды интернаттың шаруашылық меңгерушісі әрине бастығы Дувановқа апарып береді. Үшіншіден, қазына бөлген ақшаға сатып алынған 13 шошқаның қызығын мұсылман емес директор мен оның жақындарының

көруі әбден ықтимал. 728 метр кездеменің де Хамитке пұшпағы ғана тиген шығар –ау. Тек, сойылған екі сиырдан бір – екі асым ет алып, қызметтестерімен бірге арақ ішіп (егер ішсе) қуырдағынан ауыз тиюі мүмкін.

Бұл орайда мән берерлік тағы бір жәйт, тергеушілердің Бекболатов Ташкентте бой тасалаған тұрақты дәл басып табуы. Осындайда, «қашып кеткен» Дуванов пен Хусаинов өздері алыс кетпей Ташкентте қалып, босбелбеу Бекболатовтың құқын қорғау органдарына ұсталуын әдейі ұйымдастырды ма деп те ойлайсың. Қорытынсында 1935 жылдың 29 тамызындағы Әулиеата ауданы 8-ші бөлімшесінің халық соты Аверкиевтің төрағалығымен өткен сот мәжілісінде Бекболатовқа 10 жыл бас бостандығынан айыру және мал – мүлкін түгелдей кәмпескелеу туралы үкім шығарылды. [13, 58 б].

Дәл осындай үкімді аталған Әулиеата ауданы 8-ші бөлімшесінің халық соты Гриневиц Михаил Владимировичке де қатысты шығарған еді. Әйтсе де 1934 жылдың 21 қаңтары мен 26 шілдесі аралығында қала маңындағы кеңшарда (совхозда) қоймашы болып істеген Гриневицтің қолдаушылары көп болып шықты. Палюкович деген жанашыры Гриневицті тамыздың 11 күні – ақ кепілдікке босатып алады.[14, 13 б]. Сот болған 1934 жылдың 19 қыркүйегінен кейін бәрі бірігіп облыстық сотқа кассациялық өтініш түсіреді. Оның ұзын –ырғасы мынау: Гриневиц ешқандай қылмысқа бармаған. Оның айтуы бойынша 6 ай жұмыс істегенде оған ешқандай жалақы төленбеген. Сондықтан да, отбасын асырау үшін ол 8 пұт астық алып, қаладағы анасына біраз астық апарып берген, 2 пұт астықты арбакешке берсе, дәл осындай астық жолда жоғалған. 9 кг шошқа еті, 17 кг ұн, 4 кг пісірілген нан да осындай тізімге кірген. Осылай, өзінің «жегендерін» тізімге салып, есептеген Гриневиц өз кезегінде кеңшарды өзіне қарыз етіп қояды.

Ең қызығы (мүмкін масқаралығы) осы өтінішті қараған ОҚ облыстық сотының 1 –ші сот алқасы 1934 жылдың 24 желтоқсанындағы үкімімен (төрағасы Мұхамеджанов мүшелері Есенов пен Владимиров) Гриневицтің жазасын 3 жылға дейін төмендетеді [15, 33 б]. Қарастырылып отырған кезеңде құқық қорғау органдары тарапынан жасалынған мұндай қитұрқы істерді аз болды деп айта алмаймыз.

Соттардың пәрменін барынша күшейту мақсатында облыстық, өлкелік және губерниялық соттарда президиумдар құрылды. Біртіндеп ушығып келе жатқан шиеленіс жағдайында құқық қолданушы органдар, «жауларды» тауып, жазалау барысында барынша жоғары жазалау шараларын қолданып, жеңіл шаралар ауқымын қысқартуға тырысты. 1934 жылдың 10 шілдесінен БМСБ сот алқасының контрреволюционерлерге, шпиондарға, террористерге және басқа да халық жауларына қарсы қолданылатын жазалау функциялары, ендігі жерде соттарға берілген еді. Соттарда мұндай жаңа жауапты істерді жүзеге асыру үшін КСРО – ның Жоғарғы сотынан бастап жергілікті жерлердің бәрінде арнайы істер бойынша сот алқалары құрылды. Бұл сот алқалары өздеріне ПХК-ты органдары берген істерді, үш адамдық құрамда қарап шешті [16, с.116]. Әйтсе де заңдылықты қамтамасыз етуші орган қылмыстық процестегі заңсыздықтардың орын алуына көз жұмбаулықпен қарап «кеңес үкіметінің қауіпсіздігі үшін», - деген желеумен КСРО ОАК-нің 1934жылдың 8 маусымындағы Қаулысы бойынша Отанына сатқындық жасағаны үшін сотталған адамдармен бірге маусымындағы Қаулысы бойынша Отанына сатқындық жасағаны үшін сотталған адамдармен бірге тұрғандығына байланысты, олардың отбасы мүшелеріне де қылмыстық іс қозғалуын барынша құптады [11, с.225]. Осылай, 1934 жылдың 1 желтоқсанындағы КСРО ОАК Президиумының Қаулысы бойынша кеңес үкіметі қызметкерлеріне қарсы террорлық әрекеттерді қарау ісі барынша қарапайымдандырылды (тездетілді). Бұл Қаулығы сәйкес, іс жақтардың қатысынсыз да тыңдалынып, кассациялық кешірім жасалынбайтын болды. Мұндай істерді тергеу 10 күнге дейінгі уақытта аяқталып, айыпталушының айыптау қорытындысымен танысып, сотта қорғалуға дайындалуына бір-ақ күн берілетін болды. Сот өз үкімін тергеу барысында жинақталған дәлелдеулерге сүйене отырып-ақ шығара берді, мұның өзінде бар дәлелдеулерді бағалаудан гөрі, айыпталушының өз айыбын

мойындауына басымдылық берілді. Осылай кінәсіздік презумпциясының аяққа тапталуы, құқық пен заңдылықты белден басу репрессиялардың жаппай мазмұнда болып, Кеңес мемлекеті қоғамдық өмірінің ажырамас бөлігіне айналуына әкеліп соқты [11, с.226]. Бұл 1935 жылдың 27 мамырында КСРО ПХК – сiнiң бұйрығына сәйкес «үштіктердің», кейіннен 1937 жылдың 11 тамызы мен 20 қыркүйегіндегі КСРО ПХК-сiнiң жаңа бұйрықтарына сәйкес «екіліктердің» жүргізген қанқұйлы әрекеттерінің бастамасы іспеттес еді [17, с.123].

Соттан тыс орган ретіндегі «үштіктер» құрамына партияның облыстық комитетінің бірінші хатшысы, облыс прокуроры және НКВД облыстық басқармасының бастығы кірді. «Үштіктердің» сот тыс үкім шығарудағы және халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының істерін қараудағы шексіз өкілеттіліктері, өз кезегінде оралдың мүшелерінің жеке қауіпсіздігіне кепіл бола алған жоқ. Осылай

КСРО Жоғарғы Сотының Жылжымалы коллегиясының үкімімен ОҚ Қ(б)П О К бірінші хатшылары Ә.Ы.Досов пен Б.Манкин, Қызылорда Қ(б)П ОК бірінші хатшысы Қ.А.Әміровтар репрессияға ұшырап кетті. Зерттеліп отырған кезеңдегі ПХК-ның облыстық басқармасының бастығы С.Д. Пинталь, бәлкім «үштіктің» төрағасы да шығар репрессияға ұшырап, басқа бір соттан тыс орган КСРО ПХК – ның ерекше кеңесінің 1937 жылғы желтолқсандағы үкімімен ату жазасына кесілді [18, с.4]. Жалпы алғанда республика бойынша «үштіктің» 24 мүшесінің 15-і репрессияға ұшырады. Соның өзінде аз уақыт ғана жұмыс істей отырып «үштіктер» репрессиялық үкімдердің басым көпшілігін шығарып үлгерген еді.

Облыстың бірінші басшыларына қарсы репрессиялар, ойластырылғандай, төменгі деңгейдегі кадрларға да қолданылуға ұласты. Осылай басқарушы партия органдары бөлімінің меңгерушісі П.Т.Бидуля мен осы қызметте оны ауыстырған А.Т. Жолдыбаевтың да қызметтегі өмір жолы тым қысқа болды. Алғашқысы аталған жұмыста небары 1,5жылдай қызмет атқарып, Оңтүстік Қазақстан сотының арнайы коллегиясының шешімен 25 жылға сотталып, мерзімі аяқталмай дүние салса, соңғысы осы жұмысқа 1937 жыдың мамырында кірісіп, сол жылдың 15 қыркүйегінде тұтқындалады және кейіннен ең жоғарғы жазаға кесіледі [19, с.282]. Олай болса басқарушы партия органдары бөлімін де «репрессиялық қауіпті» болды деп есептеуге негіз бар. Дәл осындай қауіпті қызметтердің бірі ретінде облыстық жер басқармасы бастығының орнын айтуға болады – ол жоғарыда аталған Ғ.Х.Бөкейхановтың 1937 жылдың тамызына дейінгі соңғы жұмыс орны болса, оны ауыстырған А.Ералин бұл қызметте бір ай ғана болып 30.10. 1937 жылы репрессияға ұшырап кетті [20]. Облыстық масштабтағы қызметкерлердің қайғылы тізімінде облыстық жер басқармасының бастығы А.Ералин, (30.10.37 тұтқындалған.) обкомның ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі А.Р.Грушицын, ОҚО облыстық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі Е.Әбділахатов, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакторы Р.Жаманқұлов және т.б. бар еді [21, с.274].

Жоғарыда аталған және басқа да обком және қалком хатшыларының қызметтерінде ұзақ уақыт болмауы, олардың ұйымдастырушылық қабілетінің ашылуына және өз облыстары мен қалаларындағы партия белсенділерімен жақын танысуына мүмкіндік бермеді. Бұдан шығатыны оларға өзінің қызметінің өскені үшін борышты аудандық деңгейдегі белсенділер мен басқа да қолдаушылардың болмайтындығы еді. Сондықтан да обкомның пленумы мен бюросында бірінші хатшыны орнынан алу оңай шаруа болатын.

1937-1938 жылдар жалпы алғанда экономикалық дамудың маңызды мәселелерін шешу кезеңі болатын - қорғанысты күшейту, елдің әлеуметтік инфрақұрылымын құру, осының бәрі аяқталып келе жатқан екінші бесжылдық пен басталып келе жатқан үшінші бесжылдықтың еншісінде еді. Ауыл шаруашылығында күрделі мәселелер шешіліп жатты. Мұндай жағдайда әртүрлі деңгейдегі партия кадрларын дамылсыз ауыстыру бір ғана нәрсені білдірді- оларға өзіндік «саяси локомотив» ролі беріліп, келуінен кетуінің тез болуы, аймақтардағы партия және шаруашылық активтерін үнемі үріктіріп қойды, сондықтан да соңғылары өз қызмет салаларында

жоғарғы көрсеткіштерге жету үшін барын салатын. Осылай, Оңтүстік Қазақстан облысындағы жауапқа тартылған 560 коммунистің ішінде 58-і облыстық мекемелердің басшылары мен жауапты қызметкерлері болды. Оның 36 – сы ату жазасына кесілді [17, 117-б.].

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды мұқият шолу, мынадай жағдайлардың бетін ашатындай. Біріншіден, облыстық деңгейдегі партия және кеңес кадрларының репрессияға ұшырауы аудандық деңгейдегі осындай кадрлардың келісімінсіз жүзеге аспаған еді, бұл әртүрлі әдістермен, мәселен «сын және қатал түрде талап етілген өзара сын» арқылы жүзеге асырылды, мұның өзі барынша бейбастақ, заңдылыққа пысырмаған іс-шараларды легитимдендірудің (заңдастырудың) бір түрі болатын.

Екіншіден, бұған қарсы тұру да мүмкін емес еді, себебі билік тұтқасындағылар өз дегендерін болдыру үшін ештеңеден аянған жоқ, ар алдында жауап беру, адамгершіліктен аттамау, имандылық мәселелері, қаскүнемдік жолына түскендердің ойына да кіріп шықпады.

Үшіншіден, қолданылған әдістер қанқұйлылығымен ерекшеленіп, жазалаушы органдардың қолына түскен бейбақтар бір кеткеннен мол кетіп - не атылды, немесе ұзақ уақытқа қамалып, көбінесе түрмелерде жан тапсырды. Сондықтан да олардан ешсыбыс болмай, былайғы жұрт онда не болып, не қойғанынан бейхабар болды.

Төртіншіден, айыптауларға көбінесе мал шаруашылығында ғылардың, мақташылардың, егін шаруашылығын дағылардың және аздап жандана бастаған дін адамдарының ұрынатынын амәнберуге болады. Мұның себебін, соңғыларын есепке алмағанда, аталған салалардың ауылшаруашылығындағы маңыздылығына байланысты түсіндіруге болады - сондықтан да ондағы көптеген объективтік факторларға байланысты болмайтұрмай тынкелеңсіздіктердің орыналуы әбденмүмкін еді, міне осы қателіктер тырпеткіз бейайыптау үшін жетіпжатты. Әрине, репрессия қылбұрауының аталған топтанбасқаларды да жайпағаны белгілі.

Тағыбірай такетерлік жәйт, тек қана «қылмыс» істегендерғанасотталған жоқ. Олардың от басы мүшелері де айыпты депесептеліп, лагерлерден орыналды. «Отанын сатқандардың» от басы мүшелері отағаларымен бірге қасірет тартты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1Дзержинский Ф.Э., «Биография». – М.: Политическая литература, 1983. – С. 475
- 2КПСС в решениях съездов конференции. – Москва: Политиздат. – Т.2
- 3Арипов Р., Мильштейн Н.. Из истории органов госбезопасности Узбекистана (Документальные очерки истории 1917-1930 г.г.) – Ташкент, 1967. – 184 с.
- 4Советская прокуратура сборник важнейших документов. – М.: «Юридическая литература», 1972. – 408 с.
- 5Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты (ары қарай ЖОММ) 50 – қор, 2 – тізбе, 67 – іс, 127 - п.
- 6Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (ары қарай ОҚОММ) 11 – қор, 1 – тізбе, 1 – іс, 1 - п.
- 7Прокурорский надзор в СССР. Под ред. Галина Б.А. – М.: «Юр. литература», 1982.
- 8«Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: «Өмірбаяндық анықтамалық» Ред. НәрікбаевМ.С. (жауапты), ДегітаеваЛ.Д., ГрибановаЕ.М., құраст:ЖақыповМ.Х.,Зұлхашева А.С.,
- Ипмағамбетова А.Н. (жауапты), Чиликова Е.В. – Алматы: Қазақ гуманитарлық- заң университетінің баспасы, 2004. –499 б.
- 9ОҚОММ. 816 – қор, 1 – тізбе, 83 – іс, 40 - п. (Сырдария округтік прокуроры).
- 10«Советская юстиция». – 1932. – №20. – С. 1
- 11Әбіл. Е. История государство и права Казахстана. – Караганда «Учебная книга». 2005. – 256 с., 225 с.
- 12ЖОММ 85 – қор, 1 – тізбе, 235 – іс, 38 - п.
- 13ЖОММ 85 – қор, 1 – тізбе, 235 – іс, 58 - п.
- 14ЖОММ 85 – қор, 1 – тізбе, 373 – іс, 13 - п.
- 15ЖОММ 85 – қор, 1 – тізбе, 373 – іс, 33 - п.
- 16Карев. Д.С. «Организация суда и прокуратуры в СССР». Гос. Издат. Юр-лит. - М.,1954. – 283 с.
- 17Саясиқұғын-сүргіндер: Шындық пен қауесет. Құжаттар жинағы. – Шымкент:«Ғасыр-III» баспасы,2003. – 180 б.
- 18Из истории поляков в Казахстане. (1936-1956г.г.) Сборник документов. – Алматы: ТОО«Издательский дом «Қазақстан», 2000. – 344 с.
- 19Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938гг. Сборник документов. – Алматы: Казахстан, 1998. –336 с.
- 20ОҚОММ 759 - қор, 6 - тізбе, 351- іс, 25 - п.
- 21Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938гг. Сборник документов. – Алматы: Казахстан, 1998. –336 с.

ПАРТИЗАН ОТРЯДЫНЫҢ БАЙЛАНЫСШЫСЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ – НҰРҒАНЫМ БАЙСЕИТОВА

Боранбаева Б.С.

Аңдатпа. Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Белоруссия партизан отрядының қатарында жау тылында ерлікпен шайқасып, Кеңестік Белоруссия территориясын азат етуге қатысқан Қызыл Жұлдыз орденінің иегері радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитованың жауынгерлік өмірі деректік негізде баяндалады. Автор майдангер қазақ қызының архив қорында сақталған ғұмырбаянын және

әскери құжаттар мен тарихи деректерді пайдалана отырып, байланысшы Нұрғаным Байсеитованың жауынгерлік ерлігін тарихи танымдық сипатта тұжырымдайды.

Түйін сөздер: морзе, әліппесі, Ұлы, байланысшы, соғысы, Отан, Кеңес, «рельс», соғысы, «Концерт», Армиясы, Белоруссия, операциясы, партизаны, азбука, Морзе, связистка

СВЯЗИСТ ПАРТИЗАНСКОГО ОТРЯДА КАЗАШКА - НУРҒАНЫМ БАЙСЕИТОВА

Боранбаева Б.С.

Аннотация. В статье подробно рассказывается о боевой жизни лауреата ордена Красной Звезды Нурганым Байсеитовой, героически сражавшейся в тылу врага в рядах Белорусского партизанского отряда в годы Второй мировой войны и принимавшей участие в освобождении территории Советской Белоруссии. Автор опубликовал жизнеописание, хранящееся в архивном фонде фронтовой казашки и

используя военные документы и исторические данные, связист Нурганым Байсеитова формулирует боевой подвиг по историческому познавательному характеру.

Ключевые слова: морзе, Азбука, Великий, связист, война, Родина, Совет, «рельс», война, «Концерт», армия, Белоруссия, операция, партизаны, азбука, Морзе, связистка

CONTACT OFFICER OF THE PARTISAN DETACHMENT KAZAKH KYZY-NURGANYM BAISEITOVA

Boranbayeva B.S.

Abstract. The article describes on a factual basis the combat life of the radio communicator Nurganym Baiseitova, the owner of the Order of the Red Star, who fought valiantly in the rear of the enemy in the ranks of the Belarusian partisan detachment during the Second World War and took part in the liberation of the territory of Soviet Belarus. The author describes the life and work of the frontman of the Kazakh Maiden, which is stored in the archive fund and

using military documents and historical data, the communicator formulates the combat feat of Nurganym Baiseitova in a historically informative character.

Keywords: Morse, Alphabet, son, communicator, war, Motherland, Soviet, "rail", war, "concert", Army, Belarusian, operation, partisan, Azbuka, Morse, svyazistka

Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы кезеңінде тұтқиылдан шабуыл жасаған неміс басқыншылары Кеңес елінің батыс аймағының едәуір бөлігін жаулап алды. Жау уақытша басып алған бұл аймақтарда оккупанттарға қарсы күрес жүргізу үшін кеңес халқы партизандық

отрядтарға топтасып, кейін ірі бригадалық құрамаларға бірікті.

Стихиялы түрде ұйымдасқан мұндай партизандық топтар алғашқыда майдан шебіне өте алмай, жау қоршауында қалған Кеңес Армиясының командирлері мен жауынгерлерінен, сондай-ақ саяси қызметкерлермен лагерьден қашып шыққан әскери тұтқындардан жасақталды. Неміс фашистерінің зорлық-зомбылығын көріп, ашынған жергілікті халық - жұмысшылар, колхозшылар, әйелдер мен балалар, қарт адамдар да қосылып, партизан отрядтары құрамының санын үздіксіз арттырып отырды.

создавать партизанские отряды диверсионные группы для борьбы с частями вражеской армии, для разжигания партизанской войны всюду и везде, для взрыва мостов, дорог, порчи телефонной и телеграфной связи, поджога складов и т.д. В захваченных районах создавать невыносимые условия для врага и всех его пособников, преследовать и уничтожать их на каждом шагу, срывать все их мероприятия» деген нұсқауы және Белоруссия КП(б) ОК-нің 1941 жылы 18 шілдедегі «Жау тылындағы күресті ұйымдастыру шаралары» атты республикалық, облыстық, аудандық кеңес ұйымдарының партиялық басшыларына жау тылында партизандық соғысты ұйымдастыруды міндеттеген қаулысы Белоруссия партизандарының әскери бағдарламалық құжатына айналды [1, с. 356].

1942 жылы мамырда БКП(б)ОК-нің нұсқауымен партизандық қозғалыстың Орталық штабы (ПҚОШ) құрылды. Бұдан кейін осы ПҚОШ және Одақтас республикалардағы Компартияның Орталық Комитеті мен облыстық партия комитеті басшылары жетекшілік еткен республикалық және облыстық партизандық қозғалыс штабтары құрыла бастады.

Сөйтiп неміс фашистері басып алған территорияларда Қарсыласу қозғалысы күшейген соң, 1942 жылдың жазы мен күзінде гитлершілер тұрақты әскерлерінің 24 дивизиясын майданнан алып, оларды партизандармен күресте пайдалануға мәжбүр болды [2, 5 - б.].

Осылайша жау тылындағы кең қанат жайған партизандық қозғалысты енді Қызыл Армияның соғыс қимылдарымен үйлесімді жүргізіп отыру үшін КСРО Халық Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 5 қыркүйекте «Партизандық қозғалыстың міндеттері туралы» жарлығы шығарылды.

Демек, 1943 жылы жазда Кеңес әскерлері жаппай шабуылға көшкен кезде партизандық қозғалыстың Орталық штабы «шойын жол соғысын» («рельсовая война») бастады. 1943 жылы 3 тамыз - 15 қыркүйек күндері аралығында жау тылындағы шойын жол магистральдарын жаппай қирату мақсатындағы Кеңестік партизандардың жүргізген соғыс операциясы шартты атаумен (кодовое наименование) «шойын жол соғысы» деп аталды [3, 379 - б.]. Осылайша партизандық күштердің қиян-кескі шайқасы нәтижесінде сәтті аяқталған бұл операция, 1943 жылы 50 күн мен түнге созылған атақты Курск шайқасында Кеңес Армиясының жеңіске жетіп, кеңес-герман майданында жаппай шабуылға көшуіне үлкен көмегін тигізді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында жау тылында әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған 1 миллионнан астам кеңес халқы 6200 - ден астам партизандық отряд пен астыртын құпия топтардың құрамында соғыс жүргізді. Олар 58 брондалған поезд бен 50 мың автомашинаны жойып, 12 мың көпірді жарып, 20 мыңнан астам темір жол эшелондарын талқандады. Сөйтiп жау тылында жүргізілген партизандық соғыстың нәтижесінде гитлершіл басқыншылардан азат етілген Белоруссия, Брянск ормандары және т.б. аймақтарда кеңес өкіметі қайта құрылып, партизандық күштердің тірек базалары кеңейіп, «партизан зоналары» құрылды [3, с. 332]. Белоруссия ормандарында 199 бригадаға біріккен 1108 партизан отряды құрамында 370 мыңнан астам жауынгер болды [1, с.13].

Ұлы Отан соғысы тарихында жалпыхалықтық және көпұлттық сипат алған партизандық қозғалыс кеңес халқының неміс басқыншыларына қарсы күресінің өзіндік ерекшелігі болды. Соғыс майданына тартылған барлық партизандық бригадалар мен отрядтар көп ұлтты жауынгерлерден құралды, олардың арасында қазақтар да болды. Мәселен Белоруссияның әртүрлі

аймақтарында соғыс жүргізген 65 партизан бригадасы мен отряд құрамында өзге ұлт өкілдерімен бірге бір жарым мыңнан астам қазақстандықтар ерлікпен шайқасты [4, 487 - б.].

Белоруссия елінің партизандық қозғалыс тарихында № 8- Брест бригадасы (Бригада командирі полковник С.Г.Жунин, комиссары В.А.Петров, штаб бастығы К.И.Матеж) үлкен орын алады. 1943 жылдың 5 желтоқсанына дейін бұл бригада 36, 8, 12, 28, 30, 24 және 40 отрядтардың құрамы негізінде жау тылында Могилев облысының Круглянск ауданы аймағында партизандық соғыс жүргізді [1, с. 22].

1943 жылы 5 желтоқсанда Белоруссия Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті және Могилев облыстық астыртын партия комитеті шешімімен № 8 - бригада 36, 12, 40, 15 санды төрт отряд құрамында жаудың әскери және техникалық күштері мен байланыс жүйелерін т.б маңызды объектілерді жою үшін Могилев облысының Круглянск жерінен Брест облысының Березов, Коссово және Баранович облысының Телехан ауданына дейін 500 шақырымдық «партизандық рейд» жүргізді. Рейд нәтижесінде жаудың 49 эшелоны, 64 көпір,оның ішінде 28 теміржол көпірі, 21 танк, 2 бронемашина, 160 автомашина, 4331 рельс жолдары талқандалып жойылды. Сөйтіп, талай рет жау қоршауын бұзып шығып, бетпе-бет ашық соғыстар жүргізген бригада жауынгерлер 1943 жылдың желтоқсанынан 1944 жылдың шілдесіне дейінгі уақыт аралығында жаудың 1660 солдаты мен офицерінің көзін жойып, 387-сін жаралап, 40-ын, оның ішінде 3 неміс офицерін, тұтқындады [5, 51-52- б.].

Осылайша Белоруссияның Могилев, Брест, сондай-ақ Минск және Пинск облыстарының бірқатар жерлерінде партизандық ашық соғыстар жүргізген №8-бригаданың партизан отрядтары 1944 жылы 12 шілде күні Қызыл Армияның алдыңғы шебіне қосылғанға дейін жаудың 20 мыңға жуық солдаты мен офицерін жер күштірып, 34 темір жол мен 2444 тас жолдардағы көпірлерді талқандады, 409 авто және бронемашинасын, 214 эшелон мен 49 жау әскерінің гарнизонын жойды. Сондай-ақ 1943 жылғы Могилев облысындағы астық өнімін неміс фашистерінің иеленуіне жол бермеді. Брест облысынан Германияға каторгалық жұмысқа айдалып бара жатырған 24000 кеңес азаматтарын құтқарып қалды [1, 38 с.].

Демек, №8-бригада партизандарының жауынгерлік ерлігі жөнінде кеңірек тоқталып, тәптіштеп жазуымыздың өзіндік себебі бар. Өйткені осы бригада құрамында ерлікпен шайқасып, белорус халқының сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген қазақстандық 38 партизан жауынгерлердің арасында радиобайланысшы қазақ қызы Нұрғаным Байсеитова да болды арасында радиобайланысшы қазақ қызы Нұрғаным Байсеитова да болды.

Нұрғаным Бекенқызы Байсеитова 1923 жылы 8 наурызда Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауылында дүниеге келген [6, 1 - п.]. Ата-анасынан ерте айырылған Нұрғаным інісі Абзалмен бірге Жәнібек ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленіп өседі. 1936 жылы балалар үйі әкімшілігінің шешімімен Нұрғаным Орал қаласындағы (бұрынғы Сталин қазіргі Октябрь көшесіндегі) облыстық музыкалық мектеп интернатына ауыстырылып, скрипка класына қабылданады. Жауынгер ана бұл туралы Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған ғұмырбаянында: «Мен бұл музыкалық аспапты өте жақсы көрдім. Нота арқылы тартып, музыка ырғағына да өзім келтіріп алатын едім» [5],- дейді. Сондай-ақ ақын Ф.Оңғарсынованың құрастыруымен шығарылған «Арулар отты жылдарда» атты жинақта кішкентай Нұрғанымның музыкалық қабілеттілігі жөнінде: «Оның әр нәрсені лезде ұққыштығы, бір естіген сөзі мен әуенін жадында берік сақтағыштығы арынды да, нәзік музыка аспабын жедел меңгеруге жәрдемдесті» [7. 130 - б.], - деп жазады.

Жоғарыда айтылғандай облыстық архив қорында сақталған Н.Байсеитованың өз қолымен жазған ғұмырбаянында: «Закончился 1940-1941 учебный год. Побывали на выпускном вечере, очень скромный, но для нас был радостным. Я жила в интернате при музыкальной школы по улице Почиталинский. Вернулись с вечера очень поздно. Уснула очень крепко. (Это было 20 июня 1941г.). Приснился сонь, как будто к нам в интернат пришел Сталин. Я с ним хочу идти в

столовую, и он снимает свою шинель отдаёт мне и я проснулась. Сонь очень взволновала меня» [6, 2 - п.],- деп жазады. 9 класс бітіруші түлектердің салтанатты кешінен оралған күні түнде көрген Нұрғанымның бұл түсі оған көп кешікпей бейбіт өмір тыныштығының бұзылатындығынан хабар бергендей еді...

Соғыс туралы суық хабарды естіген Нұрғаным қалалық әскери комиссариаттың табалдырығын тоздыра жүріп, ақыры 1942 жылдың сәуір айында бір топ құрбылары Роза Әбдірахманова, Халима Бекеева, Майра Мақатова, Замиха Науышевтармен бірге Мәскеу қаласындағы радиобайланысшылар дайындайтын курсқа жіберіледі. Осы орайда байланысшылар дайындайтын курста Нұрғаныммен бірге оқып, кейін Карель майданындағы Орталық партизандар штабының радиобайланысшысы болып, «эфирдің сұр мергені» атанған қазақ қызы Майра Мақатованың (2014 жылы 93 жасқа қараған шағында өмірден озды) айтуынша, Орал қаласынан келген қазақ қыздарын Мәскеудің Қазан вокзалында әскери адам қарсы алып, оларды Ворошилов атындағы казармаға орналастырады. Ертеңіне байланысшылар курсына тіркелген қыздарға әскери киімдер беріледі. Курста оқи жүріп олар әскери қатаң ережелерді үйреніп, соғыс даласында қолданылатын қарудың түрлерін, әсіресе байланысшының жоғары деңгейдегі есте сақтау қабілетін қажет ететін Морзе құрылғысының жұмысын еркін меңгеріп шығады. Курсты тамамдаған радиобайланысшы қыздардың арасында ерекше қабілетті Н.Байсеитова енді курс басшыларының ұйғарымымен 1942 жылы күзде жау тылындағы байланысшыларды даярлайтын арнайы мектепке жіберіледі [8, 55 - б.].

Қысқа мерзімді бұл курстың оқу бағдарламасының күрделілігіне қарамастан, Морзе әліппесін эфирден келген дыбыс арқылы оқуды жете меңгерген байланысшы Нұрғаным әсіресе, биіктіктен парашютпен секіру сияқты арнаулы пәндердің қиындығын да жеңе білді.

Сөйтіп, 1943 жылдың шілде айында арнаулы байланысшылар даярлайтын мектепті үздік бітірген қазақ қызы Нұрғаным Байсейтова Москва түбіндегі Сходня поселкесінде орналасқан Белоруссия партизандар қозғалысы штабының бастығы Петр Захарович Калининнің (бұрынғы БКП(б) ОК-нің II хатшысы) қабылдауында болады. Штаб бастығы оған таяуда фашистер уақытша жаулап алған Белоруссия жерінде жаудың стратегиялық жоспарларына қарсы партизандардың «Концерт» деп аталатын үлкен операциясы басталатындығын айтып, ал осы аймаққа арнаулы ұшақпен түсірілетін Н.Байсеитоваға партизан құрамаларының Орталықпен байланысын қамтамасыз ету міндеті жүктелетіндігін айтып түсіндірді.

Осылайша, өзіне жүктелген міндеттің маңызымен толық танысқаннан соң жоғарыда айтылған ғұмырбаянында «Лично от него получила я документы в тыл врага» [6, 2 - п.],- деп жазғанындай штаб бастығының қолынан жаңа рация мен құпия байланыс шифрды және компас пен автоматты қабылдап алған он тоғыз жасар Нұрғаным 1943 жылдың шілде айының қараңғы түнінде арнайы ұшақпен жау тылына Могилев облысы, Круглянск ауданы аймағындағы № 8-бригаданың №15 отрядына жөнелтіледі. Алайда ұшақ ішіндегі офицердің берген белгісінен соң парашютпен төмен қарай қарғыған Нұрғаным өзіне арнайы бес жерге жағылып қойылған оттың аумағынан ауытқып, батпақты қалың орман арасына келіп түседі.

Орталықтан байланысшы қыздың жіберілгендігін естіп, іздеуге шыққан партизандар 4 тәуліктен соң ғана рация мен автоматын асынған күйде әбден шаршаған қазақ қызын тауып, 80 шақырым жердегі штабқа атқа мінгестіріп алып келеді. Бұл жөнінде партизан ана: «Партизандарда жарқанат секілді күндіз бой тасалап, тек түнде жүретін тәртіп бар, – үшінші күні түнде таң ата межелі жерге жеттік. Менің балалық шағым осылай аяқталып, жау тылындағы жастық шағым басталды. Мүлдем өзге өмір жолым басталды. Отрядқа келгенімде, «мына қазақ қызының қолынан не келеді» дейсің деп ойлады-ау деймін командирім Сергей Григорьевич Жунин мені өте салқын қабылдады, құпия құжаттарым бар еді, тапсырдым да Орталықта отырған П.З. Калининге «доехала благополучно, но должных условий не создали», - деп жеделхат жөнелттім. Осыдан соң Мәскеуден хабар келсе керек, кейіннен С. Г.Жунин едәуір жұмсарды.

Бүкіл отрядта қазақтан жалғыз едім, маған қарап бүкіл қазақ деген ұлтты бағалайтындай әсерде болып, барымша халқымның намысын, қабілетін көрсетуге тырыстым» - деп жазады. Партизан отрядының байланысшысы міндетін атқаруда қазақ қызының жоғары кәсіби біліктілік пен жауапкершілік танытқанын: «Комсомолка Н.Байсеитова после окончания специальных курсов радистов прибыла в распоряжение Белорусского штаба партизанского движения. Молодая партизанка выполняла не только обязанности радистки, но и поручения разведывательного характера, участвовала в боях», - деп жазылған мына құжат мазмұнынаан да анық көруге болады [8, 57 - б.]. жазылған мына құжат мазмұнынаан да анық көруге болады [8, 57 б.].

Радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитова Орталыққа жау тылынан маңызды мәліметтер жеткізіп, 8-партизан бригадасы мен Могилев облысында астыртын құпия жұмыстарын жүргізетін партия ұйымдары мен топтардың «Концерт» операциясына дайындығы туралы хабарлап отырды. Байланысшы міндетін ақаусыз атқарған Нұрғанымның эфирдегі лақап аты «Нина» болатын, Орталықтағылар оны «Скрипкашы қазақ қызы» деп те атайтын.

Әскери тарихи деректерге сүйенсек, жау тылындағы үлкен аймақта темір жол магистралдарын талқандап, неміс басқыншыларының жүк тасымалы қызметіне жаппай тосқауылдар жасау мақсатында кеңестік партизандардың 1943 жылғы 19 қыркүйектен сол жылдың қазан айына дейінгі аралықта жүргізген әскери операциясы шартты түрде «Концерт» деген атауға ие болған еді. «Рельс соғысының» жалғасы танылған бұл операцияны Партизандық қозғалыстың Орталық штабы жоспарлы түрде басқарып, кеңес әскерлерінің шабуылымен тығыз байланыстырып, үйлесімді жүргізіп отырды. «Концерт» операциясына Белоруссия, Балтық жағалауы, Карелия, Қырым, Ленинград және Калинин облыстарындағы 120 000-нан астам адам қамтылған 193 партизан отрядтары тартылды. Операция нәтижесінде 148557 рельс жолдары бұзылып, тек Белоруссия жерінде ғана 150 мыңдай рельс талқандалып, жаудың соғыс жүктерін тасымалдау көлемі 40 пайызға кеміді [3, 333 - б.].

Деректерден «Концерт» операциясының неміс-фашистерін біраз дүрліктіргенін аңғаруға болады. Мәселен немістің күзетші әскер корпусы командирінің «Орталық» армия штабына жіберген хабарында: «Партизандар темір жол қатынасын тұтқиылдан және жоспарлы түрде бұзу арқылы біздің жүк тасымал қызметін бүлдіру жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген кең көлемде операция жүргізді» [8, 58 - б.], - деп баяндайды.

Демек, «Концерт» операциясынан кейін фашистер партизандарға қарсы күресті күшейтіп, жазалаушы отрядтар санын көбейтіп, арнайы әскери бөлімдерін жасақтайды. Осындай жаудың жазалаушы отряды бір күні №8-партизан бригадасындағы Нұрғаным Байсеитованың рациясы тұрған партизандар бөлімшесін қоршауға алады. Байланысшы Нұрғаным дереу эфирге шығып, көрші отрядқа шұғыл хабарлап, рацияны мұқият жасырғаннан кейін автоматтан оқ жаудырып жауды қарсы алады. Байланысшының хабарынан соң көрші партизан отрядтары да көмекке келіп үлгеріп, жаудың жазалаушы отряды кейін шегіндіріледі.

Осылайша бірнеше рет жаумен бетпе-бет ұрыстарға қатысқан байланысшы Нұрғаным партизандармен бірге барлауға да шығып, жергілікті халық арасында неміс фашист оккупанттарына қарсы саяси-бұқаралық үгіт жұмыстарын жүргізуге де қатысады. Нәтижесінде Брест облысы аймағындағы №8-партизан бригадасында бастапқыда 946 адам болса, кейін 1944 жылы Қызыл Армия әскеріне қосылар қарсаңында бригададағы жауынгерлер саны 1088-ге жетеді [1, с. 38].

Радиобайланысшы Нұрғанымның жауынгерлік өміріндегі ұмтылмас оқиға Белоруссияны фашист басқыншыларынан азат етіп «Багратион» операциясын аяқтап келе жатқан Қызыл Армия әскерлерімен № 8-партизан бригадасының 1944 жылы шілдеде Польша жеріндегі салтанатты қосылу мерекесі болды. №8-партизан бригадасы жауынгерлері қатарында жау тылында ерлікпен шайқасып, Кеңестік Белоруссия территориясын азат етуге қатысқан радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитова КСРО Жоғарғы Кеңесінің № 202 бұйрығы бойынша Қызыл Жұлдыз ордені және

«Отан соғысының партизаны» медаліне ие болды [8, 59 - б.].

Байланышы қазақ қызына: «Байсеитова Н.Б.-радистка 8-й партизанской бригады, к работе относилась добросовестно, трудолюбивая. Бережно хранила материальную часть радиостанции и шифрованные документы. В общественной жизни участие принимала. Политически благонадежная.

За добросовестное отношение к своим обязанностям радистки в условиях вражеского тыла представлена к правительственной награде – ордену Красной Звезды.

Командир полковник №8-партизанской бригады С.Г.Жунин. Начальник штаба майор К.И. Матеж.» [1, с. 38],- деген мазмұндағы жауынгерлік мінездеме жазылды.

Соғыста жүріп белорус тілін де тәп-тәуір үйреніп алған Нұрғаным соғыс аяқталғаннан кейін, Батыс Белоруссия аудандарында Кенес өкіметін қалпына келтіру және нығайту ісіне белсене араласады. Бұл туралы майдангер: «Жау езгісінен азат етілген белорус бауырлар – совет өкіметін құшақ жая қарсы алды. Олар өзінің халықтық өкіметін нығайтуға, соғыста бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге ат салысты. Бірақ халықтың жаңа өмір жолындағы күресіне кеселдік келтіруге тырысқандар да болды. Бір кезде гитлершіл барлау қызметінің басшылығымен құрылған «Белоруссия тәуелсіз партиясы» дейтін ұлтшыл ұйымның жетекшілері Совет әскерлерінің тылында бірнеше диверсиялық топтар құрды. Опасыз ұлтшылдар әсіресе жергілікті партия, комсомол қызметкерлерін қапылыста өлтіріп кетуге тырысты және басқа да әрекеттерін жүргізді. Әлбетте туысқан белорус халқының ұлттық жақсы қасиетін білдіретін ондай опасыздар емес қой. Мен ол халықты аса жоғары бағалаймын. Белорустар менің нағыз бауырларым сияқты болды» [8, 36 - б.], дейді.

Сұрапыл соғысты Польша түбінде аяқтағаннан кейін де Нұрғаным Белоруссия жеріндегі партизандық өмірдің ауыртпалығын бірге көрген қарулас бауырларымен хабарласып тұрды. Әсіресе майдангер Нұрғаным үшін әскери басшы ғана емес, туған әкесіндей қамқоршы болған 8партизан бригадасының командирі Сергей Георгиевич Жуниннің:

«Сәлеметсіз бе, Нина!»

Тегі, сіз қазір ана болған боларсыз, сондықтан Сізді Нина деудің өзі де қолайсыз сияқты. Бірақ мен сізді осылайша атай берейін, өйткені сол бір кезде Сіз менің өз қызымдай болдыңыз...

Жуықта маған А.Никиченко келіп кетті. Ол қазір Барановичте тұрады. Онда біздің партизандарымыз көп көрінеді. Сіз туралы сұрады, батысқа қарай жасаған жорығымызды еске түсірді. Маған өзіңіздің қазіргі өміріңіз туралы жазуыңызды, фотосуретіңізді жіберуіңізді өтінемін ...

Сіздің деніңіз сау болуын, Отанымыздың даңқын арттыра түсу үшін табыстарға жете беруіңізді, ең ізгі жақсылықтар тілеймін.

Сізді шын жүректен құрметтеуші С.Жунин» [8, 61 - б.],- деген хатының орны ерекше.

Радиобайланышы партизан Нұрғаным Байсеитованы кешегі қаруластары ғана емес, белорус елінің жас ұрпақтары да құрмет тұтып оған Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында құттықтау хаттар мен шақырулар жіберіп тұрды. Мәселен Минск қаласынан жазылған мына бір хатта №100 мектеп оқушылары мен мұғалімдері: «Бізді Сіздің қазіргі өміріңіз, жанұяңыз қызықтырады. Егер өзіңіздің отбасымен түскен суретіңіз болса, жақсы болар еді. Биыл мамыр айында біздің мектепте №8партизан бригада партизандарының кездесуі болады. Барлық партизандар жиналады. Сізді де осы кездесуге келеді деп үміттенеміз» [6, 2 - п.],- деп жазылды.

Бүгінгі белорус халқының қазақ қызына көрсеткен құрметі Минск қаласындағы Республикалық Орталық музей залындағы көрмеде партизан Нұрғаным Байсеитованың ерлігін бейнелейтін жауынгерлік суреттерге орын бөлінген. (Минск қаласындағы музей суреттері осы еңбекте енгізілді.).

Соғыстан аман сау елге оралған партизан қыз Нұрғаным 1949 жылы соғыс ардагері Сәти

Иманғалиевпен отау құрды. Жоғарыда айтылғандай жауынгер ананың жазған ғұмырбаянында: «Моя радость дети. Я с мужем нажили 3 сына, 5 дочерей, 15 внуков. Все они очень хорошенкие один лучше другого. Самая старшая внучка Индира играет на скрипке, продолжает мои мечты. Внуков очень люблю и желаю им покой и счастье» [6, 2 - п.],-деп жазады. Қос ардагердің балаларының барлығы да жоғары білімді. Зейнет демалысына шыққанға дейін жауынгер ана бастауыш мектеп мұғалімі қызметін атқарды. Ері Сәти Иманғалиев 1989 жылы қайтыс болды.

Соғыс ардагері, абзал ана 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың шақыруымен Астана қаласында болып халқының құрметіне бөленген еді. Алайда тағдыр әскери радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитоваға Жеңістің 60 жылдық мерей тойын көруді жазбады. Партизан жауынгер ана 1998 дүниеден озды. Дегенмен, халқымыз «Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» дейді. Ендеше өнегелі өмір сүріп, «партизан қыз» атанған Нұрғаным Байсеитова жас ұрпақ үшін мәңгілік мақтаныш болып қала береді.

ӘОЖ 94(564.3) “19/20” 1963 – 1964

KIBRIS OLAYLARI

Zhumatayeva D.¹, Turlybek A.²

¹Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi PhD, Okutman
E-mail: dinarazhumatayeva@gmail.com

Tel: +7 702 325 91 80

²Suleyman Demirel Üniversitesi PhD, Okutman
E-mail: aslan.turlybek@sdu.edu.kz

Özet. 1960 Antlaşmaları ile kurulan Kıbrıs Cumhuriyeti’nde kurucu haklar olan Türkler ve Rumlar arasında görüş ayrılıkları 1963 yılında doruğa tırmanmış, iki halkın birarada yaşamalarının güçleştiren şiddet eylemleri başlamıştır. Üstelik Cumhurbaşkanı Makarios’un Kıbrıs Cumhuriyeti Anayasası’nın bazı maddelerini tek yanlı değiştirmeye çalışması ve Ada’daki enosis yanlısı EOKA örgütünün Türk toplumuna yönelik saldırıları da tırmanmaya başlamıştır. Bu durum garantör devlet statüsüyle Türkiye’nin müdahalesini zorunlu kılmıştır. Özellikle şunu da bildirmemiz gerekiyor ki, Ada’da yaşanan dramı iki toplumun sivil halkının yaratmadığını, insani tarihe lekeleyici iz bırakan tabii ki emperyalistlerle

Enosisçilerdir. İncelememizde adeta Rum-Yunan karşıtı bir algılanmaya maruz kalınabilir. Fakat dönemin olaylarına kendi penceresinden baktığımızda hakikatlerin birbir ortaya döküldüğünü görebiliyorsunuz. Söz konusu araştırma 1963-1964 Olaylarını hakikatlerini ortaya koymaya amaçlamaktadır. Ayrıca araştırmada özet olarak dönemin büyük devletlerinin gerçek tutumunun da sergilenmesi açısından önemli olduğunu vurguluyoruz.

Anahtar Kelimeler: Kıbrıs, Türkiye, Yunanistan

1963 – 1964 Ж. КИПРДЕГІ ҚАҚТЫҒЫС

Жұматаева Д.¹, Тұрлыбек А.²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті PhD, аға оқытушы
E-mail: dinarazhumatayeva@gmail.com

Tel: +7 702 325 91 80

²Сулейман Демирел университеті PhD, аға оқытушы
E-mail: aslan.turlybek@sdu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада 1963-1964 ж. Кипрде орын алған саяси-әлеуметтік шиеленістің алғышарттары мен негізгі себептері қарастырылады. 1960 ж. құрылған Кипр Республикасындағы Түріктер мен Румдар арасындағы көзқарас айырмашылығы екі халық арасында алауыздықты туындатып, өзара қақтығыстарға себеп болды. Сонымен қатар Президент Макариостың Кипр Конституциясының кейбір баптарын біржақты өзгертуі және ЭОКА-ның (Кипрді азат ету Ұлттық ұйымы) кипрді Грецияға біржолата қосу әрекеті, жергілікті Түріктерге қысым тудырды. Бұл мәселе кепіл мемлекет Түркияның оқиғаға араласуына мәжбүрледі. Бірақ Кипрдегі саяси ахуалдың өршуі, аралдың бейбіт екі халқының мақсаттарынан емес, имперялистер мен энosisшілердің себебінен туындаған болатын. Мақала барысында Түрік-Рум өшпенділігінің себептері мен өзара қақтығыстардың орын алуына зерттеушілердің еңбектеріне негізделі отырып, мәселеге объективті баға беруге тырыстық.

Түйін сөздер: Кипр, Түркия, Греция, Эносис, Конституция, Қанды жаңа жыл.

КИПРСКИЙ КОНФЛИКТ 1963 – 1964гг.

Жұматаева Д.¹, Тұрлыбек А.²

¹Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Яссави

²PhD, старший преподаватель Университет имени Сулеймана Демиреля, PhD, старший преподаватель

Аннотация. В этой статье рассматриваются предпосылки и основные причины социально-политических конфликтов в Кипре в 1963-1964 годов. Созданном в 1960 году Кипрской Республике из-за различий мировоззрения между турками-киприотами и греками-киприотами возникла столкновение. Вместе с этим, активная работа президента Макариоса по одностороннему изменению некоторых положений Конституции Кипра, а также действия приверженцев ЭОКА, направленные на присоединение Кипра к Греции (эносис), усилили давление на турков. Обострение отношений заставило вмешаться в события страну-гаранта, то есть Турцию. Нагнетание политической ситуации на Кипре был не в угоду двух народов, а вопреки империалистов и сторонников эносиса. Статье мы постарались дать объективную оценку проблеме основываясь на труды ученых, исследовавших причины враждебности греков-киприотов и взаимных конфликтов в Кипре.

Ключевые слова: Кипр, Турция, Греция, Англия, Эносис, Конституция, Кровавый Новый год.

CYPRUS CONFLICT in 1963-1964

Zhumatayeva D.¹, Turlybek A.²

¹International Kazakh-Turkish University named after Hoca Ahmet Yasavi PhD, Senior Lecture

²Suleyman Demeirel University PhD, Senior Lecture

Abstract. This article discusses the background and the main causes of social and political conflicts in Cyprus in 1963-1964 years. In the Republic of Cyprus, which was established in 1960, due to differences between the worldviews of the Turkish Cypriots and Greek Cypriots, the clashes occurred between them. At the same time, the active policy of President Makarios to unilaterally change certain provisions of the Constitution of Cyprus, as well as the actions of EOKA which aimed the unification of Cyprus with Greece (Enosis), increased pressure on the Turks. The aggravation of relations forced Turkey which was one of the guarantor countries to intervene in the event. The tensed political situation in Cyprus was not in the interests of the two peoples, but in the interests of the imperialists and supporters of enosis. In the article we try to give an objective assessment of the problem based on the works of scholars who investigated the causes of the hostility and conflict between Greek Cypriots and Turkish Cypriots.

Keywords: Cyprus, Turkey, Greece, England, Enosis, the Constitution, Bloody New Year.

Giriş

Zürih ve Londra Antlaşmalarının VIII. Bölümünün I. Maddesine göre konferansa katılan taraflar, 19 Şubat 1960'tan başlayarak en geç 12 ay içinde bu anlaşmada belirtilen hususları uygulamaya koyabilmek için, egemenliğin devredilmesine ilişkin tedbirlerin alınmasına başlayacaktır. Bu amaçla, Zürich – Londra Antlaşmalarının VIII. Bölümünün II. Maddesinin a.b ve c. bendeleri gereğince Kıbrıs'ta 1959 Mart ayı sonunda geçici bir hükümet kuruldu [1, s.13]. Büyük bir özenlikle ve gizlilik içerisinde yürütülen anayasa tasarısı 6 Nisan 1960'ta tamamlanabildi.

İngiliz üsleri sorunu çözümlendikten sonra 6 Temmuz 1960 günü anayasa tasarısı üzerinde son değişiklikler yapılarak kabul edildi [2, s.91]. Anayasanın son biçimini almasından ve Ada'daki İngiliz üsleri sorunun çözülmesiyle 21 Temmuz 1960'da İngiliz parlamentosu Kıbrıs'ın Cumhuriyet olması hakkında oyladı. 29 Temmuz 1960 günü Kraliçe tarafından da onaylandı. "1960 Kıbrıs Kanunu" adını taşıyan bu metne dayanılarak Kraliçe tarafından Kraliyet özel Konseyinin (Privy Council) tavsiyesi ile, 3 ağustos 1960'ta "1960 Kıbrıs Cumhuriyeti Emirnamesi" (Republic of Cyprus Order in Council 1960) çıkarıldı ve emirname 16 Ağustos 1960'ta yürürlüğe girdi [2, s. 91].

16 Ağustos 1960 günü İngiltere adayı terk etti. Böylece haksız olarak uluslararası hukuka aykırı bir yönetimle tek taraflı olarak ilhak ettiği Kıbrıs adasındaki yönetimi 82 yıl sonra ada halkına devretti. İngiliz Yönetiminin Valisi Sir Hugh Foot Chichester adlı İngiliz savaş gemisiyle Mağusa limanından ayrıldı. Antlaşma gereği Türk – Yunan alayları Kıbrıs'a ayak bastı. Böylece, Bağımsız Kıbrıs Cumhuriyeti kurucu iki ortağının Anavatanları olan Türkiye ve Yunanistan'ın garantörlük yetki ve sorumlulukları, kabul edilmiş bulunan sayıdaki silahlı güçler aracılığıyla fiiliyata geçmiş oluyordu [3, s. 176]. Ada'da hep kimliklerini korumaya çalışan Türkler artık Türkiye'nin girişimleri sonucunda Kıbrıs Cumhuriyeti'nin eşit haklara sahip kurucu ortağı olmayı başarmıştır. Böylece Yunan ve Rum ikilisinin Ada'yı Yunanistan'a ilhak etmek Enosis düşlerine gem vurulmuştur. Fakat itiraf etmeliyiz ki bir devlet ortaya çıkmasına rağmen Kıbrıslı diye bir millet yaratılamamıştır. Anayasa ve milletlerarası statü yürürlüğe koyulmasına rağmen Kıbrıs Rum toplumu liderleri tarafından ihlal edilmeye başlamıştır [4, s. 372].

1. Kıbrıs Cumhuriyeti'nin Kuruluşundan Sonra Ortaya Çıkan Sorunlar a) Belediyeler Sorunu

Kıbrıs Cumhuriyeti'nin kuruluşundan hemen sonra, Makarios ve Rum yöneticileri Kıbrıs'ı kuran uluslararası Antlaşmaları ve Anayasa'yı benimsemediklerini gösteren bir tutum almaya başlayarak bunları değiştirme eğilimlerini açıkça ortaya koymuştu. Bununla yetinmeyen Makarios, Kıbrıs Radyo Televizyon Kurumu'nu, Hellenizm duygularını canlandırmak için kullandı. Hatta makam arabası ve Cumhurbaşkanlığı Sarayı'nda Yunan bayrağını dalgalandırmış [5, s. 19]. İlk sorun olarak karşımıza bağımsız belediyeler ilkesi gelmektedir.

Zürih Antlaşması ve Anayasanın 173'üncü maddesinde öngörülen ayrı belediyeler kurulması problem olmuştur. Bağımsızlıktan önce Kıbrıs'ta birleşik belediyeler mevcuttu. 1958 yılında EOKA tedhiş eylemleri yüzünden Türk toplumu ayrı belediyeler kurmak yoluna gitmişlerdi. Bu fiili durum İngiliz Sömürge İdaresi tarafından 33/1950 sayılı Kıbrıslı Türklere ait Belediyeler Kanununun çıkarılmasıyla tanınmıştı. Anayasanın 188/2 fırcası uyarınca bu durum 31 Aralık 1960'a kadar yürürlükte kaldı. Daha sonra yeni durumun tesis edilmemesi nedeniyle 1962'e kadar süre uzatıldı [2, s. 100]. Türkler beş büyük şehirde Anayasa hükmü gereğince belediye kurmak haklarını kullanmak istemişlerdi. Rum tarafı bu konuda gereken kanunun çıkmasını engelledi. Bunun üzerine Türk Toplum Meclisi (TTM) Belediyeler kanununu çıkarttı ve 3 Ocak tarihli Resmi Gazetede yayınladılar. Rum tarafı TTM Belediyeler kanununu kabul etmedi. Konu Yüksek Anayasa Mahkemesine verilmişti. Ama Makarios daha evvelden "hareketimin Anayasaya aykırı olduğuna dair karar alınsa bile tanımayacağım" diye mahkeme kararına boyun eğmeyeceğini alenen açıklamıştı.

Makarios Anayasal bir hakkı reddetmeyi "Kıbrıs'ın iç sorunu" olarak görüyor ve bunu ısrarla her zaman tekrarlıyordu. Makarios'u buna iten sebeplerine bakarsak, "Bizans İmparatorluk ideallerinin mirasçısı ve emperyal ayrıcalıkların taşıyıcısı ve Yunanistan'la Enosis'in gerçekleştiğini görünceye kadar huzur bulmayacağım" diye haykırışıyla her zaman Cumhuriyet'in yoluna bir engel olduğunu anlıyoruz. Ayrıca Nikos Kranidiotis, Cumhuriyetin ilk yıllarında Makarios'un duruşuna şöyle psikolojik yorum yapar: "Makarios, 1960'tan sonra çift kişilikli oldu. Bir yandan, Bizans geleneğinin taşıyıcısı ırkın topluma yüklediği zorunlukların mirasçısı, koruyucusu ve tek ideali Enosis olan esir adanın Etnarş'ıydı. Öte yandan Anayasa'ya bağlı kalıp Cumhuriyetin bağımsızlığını sürdürmeye yemin etmiş siyasal liderdi. Bu iki zorunluk onun içinde sürekli çatışma halindeydi, ya ilki zaman zaman ikincisini bastırıyordu ya tersi oluyordu" [6, s. 127] – burdan da anlaşıldığına göre bizim yorum yapmamıza bile gerek kalmıyor.

b) Kıbrıs Ordusu Kuruluşunda Sorun

Anlaşmazlığın diğer ikinci boyutu ise, silahlı kuvvetlerin kurulmasında boy gösterdi. Antlaşmalara göre Kıbrıs'ta öngörülen Ordu'nun mevcudu 2000 kişilikti. Kurulacak Asker'in %40'ı Türk, %60'ı ise Rumlardan oluşacaktı. Ordu'ya kayıtlar 3 Şubat 1961 tarihinde başladı. Kıbrıslı Türkler, Kıbrıs Türk birliklerinin Kıbrıslı Türk komutanının idaresinde ayrı olarak kurulmasını istiyorlardı. Makarios ordu içinde ulusal birliğin oluşturulması gerektiğini, her birliğin bir Kıbrıslı Rum komutan ile bir Kıbrıslı Türk komutan yardımcısının komutası altında örgütlenmesini savunuyordu. Fazıl Küçük, dil, din, disiplin alışkanlıkları nedeniyle karıma birlikler kurmanın ordu içinde disiplinsizliğe sebep toplumsal karmaşa yaratacağı gerekçesiyle 20 Ekim 1962'de veto hakkını kullandı [7, s. 261]. Bundan sonra Makarios dışarıdan destek aramaya girişti. Böylece Başpiskopos Makarios'un kendi düşüncelerini destek bulmak amacı ile 2 Haziran 1962 günü ABD'ye gitmiş 5 Haziran günü ABD'de Başkan Kennedy ile yapmış olduğu görüşme esnasında "Sayın Başkan, ABD Başkanlığına geleceğine bilseydim, Kıbrıs Cumhuriyeti'nin temelini oluşturan 1959 Zürih ve Londra Antlaşmalarını imzalamazdım" diyerek bu konudaki gerçek niyetin ortaya koymuştur [8, s. 24].

c) Kamuda Temsiliyet Sorunu

Kıbrıs Rum toplumu liderleri tarafından ihlal edilmeye başlayan bir başkaanlaşmazlık, Rumların daha uygulamanın başında, devletgörevlerine Türklerin %30 oranda alınmaları, Türk

Cumhurbaşkanıyardımcısınınveto hakkıgibi konularda anlaşmazlıklar çıkardı. Türklere tanılan haklarıgerialmak ve bu yolda yaptıklarıolupbittilerle başarı kazanınca Ada'yı resmen Yunanistan'a bağlamayısağlamak olduğu gün yüzüne çıkmıştır [2, s. 100].

d) Makarios'un Anayasa Değişikliği Önerisi

Tarafların takınmış oldukları siyasi tavırlar bir yana bırakılacak olursa 1963 yılı sonu gelindiğinde Kıbrıslı Türklerin, 1959-1960 Antlaşmaları ve Anayasayla elde etmiş oldukları birtakım haklardan mahrum kaldıkları söylenebilecektir [9, s. 69]. Cumhurbaşkanı Makarios, adil olmadığını düşündüğü Anayasa ve Antlaşma hükümlerinin uygulamayarak hem ulusal, hem de uluslararası hukuka aykırı bir durumun ortaya çıkmasına neden olmuştur. Böylece Makarios, 1960 Anayasası'nın Kıbrıs'ta yönetimi olanaksız kıldığını ileri sürüyordu. Ayrıca Makarios Anayasa Türk topluluğunu Rumlar önünde korumak amacıyla geniş yetkiler tanınmış ve Makarios'a göre Türkler bu yetkileri kullanınca da ada yönetilmez duruma gelmiştir. 1960 Anayasası düzeninin değiştirilmesi gereği bir bütün olarak Kıbrıs halkının zararına olarak iki toplumu birbirinden uzaklaştırılan ve uygulanma niteliğinden yoksun olan hayalî bir düzen olarak nitelendirilip, haklı gösterilmek istenmiştir [10, s. 128-129].

Маңғыстау қазба байлығының игерілуі, мұнай-газ саласының дамуы жайында, алғашқы мұнай фонтанының куәгерлері, ардагер-мұнайшылар Т. Қойшыбаев, І. Құлжұмыров, Ө. Жалқанұлы, т.б. естелік-сұхбаттарында қамтылды [2,34-40 бб.]. Ауызша тарихтың кең ауқымды мүмкіндігі сұхбат иелерінен өлке экономикасындағы өндірістік бағыттың басымдығы, жергілікті табиғатқа әсері, мұнай игерушілердің басқа ұлт өкілдерімен (кавказ халықтары, орыстар, т.б.) көбеюі, сырттан кадрлар тарту мәселесі, Жаңаөзен қаласының тұрғызылуы, мұнайшы мамандықтарын қазақтардың игеруі, т.б. аса маңызды мәліметтерді куәгерлерден көзбе-көз естуге, жазып алуға қол жеткізді. 1989 жылғы Жаңаөзен оқиғасы туралы куәгер, Жаңаөзен мұнай-газ саласындағы сан алуан жұмыстарды атқарған Ж. Мәтжанов (1952 ж.т.) өз естелік-сұхбатында осы кезеңді басқа қырынан тануға ой салды [2,41 б.].

Кеңестік экономиканың ауыл шаруашылығындағы табыстары халықты жұмылдырумен, кадр саясатын икемдеумен жалғасты. Жоғары оқу орнын бітірген түлектің кәсіби мамандығына қарамастан партиялық жұмысқа тартылуы, оның мемлекет алдындағы жауапкершілігін күшейтуге байланыстырылды. Сол кезеңдегі тұлғаның әлеуметтенуі, оның қоғам ісіндегі зор орны жайындағы естеліктерді түрлі басшылық, жауапты қызмет атқарған ардагерлер еңбектерінде байқалады. Мұны Маңғыстау облысының халық шаруашылығы саласына өмірін арнаған Д. Әріптің (1938 ж.т.) сан алуан деректік мағлұматқа толы баспадан жарық көрген естеліктері және күнделіктері дәлелдей түседі. Маңғыстаудың төл перзенті, қазір Ақтау қаласының тұрғыны, еңбек жолын физика пәнінің мұғалімі болып бастаған тұлғадан алынған Ауызша тарих сұхбаты мағыналы, әсерлі жүргізілді. Халыққа, қоғамға адал қызмет етудің негізі білім мен тәрбиені ұштастыру екені, естелік иесінің өмірлік ұстанымына айналған [19].

Маңғыстау өңіріндегі денсаулық сақтау саласын ұйымдастыруға бүкіл өмірін арнаған, осы өңірдің жергілікті тұрғыны Б. Тұрарбекпен (1940 ж.т.) кездесуіміз, жиналған естелік-сұхбаттың мәліметтері, бейбіт өмірдің қаһармандары туралы ой туғызды [2,43 б.].

Естеліктерді тарихи дерек ретінде өлкетанушылық еңбектеріне кеңінен қатыстырған О. Көшбайұлы, М. Ұлықпан, Ж. Көңілімқосұлы тәрізді авторлардың сұхбат сауалнамаларға жауаптары, ой-пікірлері өңірдің тарихи өткеніне қатысты деректерімен ерекшеленеді [20-24].

Өзіміз кездесе алмаған белгілі өлкетанушы Ә. Спанның тарихи тақырыптарға арналған еңбектерінде, жазба мұрағаттық деректермен қатар естеліктер кеңінен тартылғанын ерекше атап өту керек [25-26].

Сол өңірдің перзенттері немесе тарихи Отанына оралған қандастарымыз болып табылатын өлкетанушылар түрлі кәсіп иелері бола тұра, халықтың тарихына, этнографиясына, мәдениетіне қатысты деректемелік құнды мәліметтерді үздіксіз жинап, информанттармен үзбей жұмыстар жүргізіп, нәтижелі іс атқарған [27-32]. Қоғамдағы тарихи танымға деген сұраныс пен қажеттілікті өтеуге атсалысқан жандардың азаматтық белсенділіктерінің арқасында бүгінде арамызда жоқ көнекөз қариялардан өлке тарихының «ақтаңдақтарына» қатысты естеліктері дер кезінде жазып алынды [2].

Маңғыстау өңірінде қоғамның тарихи жадына, оның отансүйгіштік рухының қалыптасуына

терең мән берілетінін ерекше атап айтқан жөн. Бұған облыста тарихи танымдық шаралардың ұдайы және тұрақты түрде жүргізілуі, мәселен, 14 наурыз «Амал» мерекесін кең көлемде насихаттап, атап өту, тарихи, зиярат ету орындарын ұлттық тарихи жадының заттай ескерткіштері тұрғысында тарихипатриоттық тәрбиеге орынды пайдалана білу, ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық киім үлгілерін жарасымды қолдану және жергілікті өлкетанушылардың туған жерінің тарихын зерттеуге, таныпбілуге деген ерекше құлшыныстары мен еңбектерін жатқызуға болады.

Сапарымыздың мақсаты облыстық, қалалық, ауылдық әкімдіктер, облыстық мемлекеттік мұрағат, мұражайлар, «Ардагерлер кеңесі» орталықтары және жергілікті өлкетанушылар тарапынан қолдауға ие болды. Келген сапарымыз жайлы «Жаңаөзен» қалалық газетіне, «Қазақстан-Ақтау» телеканалына сұхбат, блицсұхбат және ғаламторлық ақпарат алмасу тетіктері түрінде хабар беріліп, түрлі кездесулер ұйымдастырылды [6-7].

Бұл шаралар келген сапарымыздың мән-жайын жұртшылыққа кеңінен жеткізуге мүмкіндік туғызып, жұмысымыздың тиянақты жүргізілуіне септігін тигізді. Жинақталған мәліметтерді деректанулық сыннан өткізіп, деректемелік құндылығын анықтап, тарихымыздың күрделі, беймәлім тұстарын зерттеуге қатыстыру – бұл істің жалғасы болмақшы.

Естеліктердің Ауызша тарих әдісімен жиналуы деректік мағлұматтың сан қабатына жол ашты. Сұхбат иелерінің әрқайсысының ауызша және жазбаша сауалнамаларындағы мәліметтерді талдаудың өзі бірнеше сатыдан тұрады. Әр алуан тарихи деректерге бай халық жадындағы құжаттарды деректанулық сыннан өткізу күрделі жұмыстарды талап етеді. Өткен туралы бай ақпараттық тарихи мағлұматтар Ауызша тарих әдісіндегі дерек жинау барысында ғана қалыптасады. Жиналған материалдарға қысқа ғана тоқталған шолудың өзі осындай пікірді алға тартып отыр.

Ауызша тарихтың әлеуеті оны отандық тарих ғылымында дербес бағыт ретінде орнықтыруға қозғау салады. Қазақ халқының аса бай күрделі тарихи өткенін барынша объективті, тарихилық принциптерімен толыққанды танып-білу, зерттеу қаншалықты өзектілікке ие болса, тарихи деректердің сан алуан, көп түрлілігі де соншалықты маңызды.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер

1. ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының № 1896/ҒФ4 «Халықжадындағы құжаттық хроникалар: пәнаралық синтез әдістерімен деректанулық зерттеу (компьютерлендірілген талдау және мәліметтер базасын құру)» атты гранттық ғылыми жобасы. 2015-2017 жж.
2. ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының № 1896/ҒФ4 «Халықжадындағы құжаттық хроникалар: пәнаралық синтез әдістерімен деректанулық зерттеу (компьютерлендірілген талдау және мәліметтер базасын құру)» атты гранттық ғылыми жоба бойынша Маңғыстау облысына іссапардың есебі. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ. Тарихнама, деректану және заманауи методология бөлімі. 2015-2016.
3. Население Казахстана за 2015 год выросло на 250 тысяч человек // Мына сайтты қараңыз. <https://vlast.kz/novosti/15608-naselenie-kazahstana-za-2015-god-vyroslo-na-250-tysac-celovek.html> [Электрондық ресурс]. Қаралған уақыты: 16 шілде 2016 ж.
4. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997. – 384 б.
5. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках. V в. до н.э. – XV в. н.э. (Извлечения из источников). – Алматы: Өлке, 1997. – 370 с.
6. Жүгенбаева Г. Маңғыстау тарихы – халық жадында // Жаңаөзен. 1916 ж. – 7 қаңтар.
7. Жүгенбаева Г. XX ғасырдың Маңғыстаудың халық жадындағы тарихы / Қазақстан-Ақтау телеканалына блиц-интервью. 1916 ж. – 6 қаңтар.
8. Урсу Д.П. Методологические проблемы устной истории // Источниковедение отечественной истории. – М.: Наука, 1989. – 268 с.
9. Бердинских В.А. Проблемы устной истории в СССР // Этнографическое обозрение. – 1992. – №5. – С. 149-152.
10. Устная история Программа курса / Сост. Хубова Д.Н. – М.: РГГУ, 1997. – 20 с.
11. Томпсон П. Голос прошлого. Устная история. – М.: Весь мир, 2003. – 368 с.
12. Жакыпбеков С. Ауызша тарих айту дәстүрі // Қазақ тарихы. – 1994. – №3. – 33 б.
13. Мәдени мұра: халықтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары // 2005 жылғы 26-27 мамыр күндері Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы Қошқарата ауылында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ҚазАқпарат, 2005. – 302 б.
14. Қойгелдиев М., Нұртазина Н., Жангуттин Б., Тілеубаев Ш., Нұрман Ш., Мырзатаева З., Қалыбекова М., Болатхан Ә. Айтылған тарих. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 240 б.
15. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Т.4. – Алматы. Атамұра, 2010. – 752 б.

16. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
17. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
18. Алпысбес М. Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде. Тарих ғыл. д-ры дисс...авторефераты: 07.00.09. – Алматы, 2007. – 57 б.
19. Әріп Д. Бел-белестер. – Алматы: Нұрақынов баспасы, 2015. – 356 б.
20. Көшбайұлы О. Халқына жарық сыйлаған. – Алматы: Орхон, 2013, 304 б.
21. Көшбайұлы О. Сыбызғы сыңсып жылдайды. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 248 бет.
22. Ұлықпан М. Шоғы батыр оралды Маңғыстауға. – Ақтөбе:А-Полиграфия, 2013. – 114 б.
23. Ұлықпан М. Тылсымы терең құпиялы Маңғыстау. Ақтөбе, 2010. –220 бет.
24. Көңілімқосұлы Ж. Бабалар баяны – ұрпағына аманат (ақиқат пен аңыздан өрілген Адай-бабашежіре жинағы). – А.: Нұрлы Әлем, 2013. – 392 б.
25. Спан Ә. Маңғыстау мақтаныштары. Иса Тіленбайұлы. –А.:Нұрлы-Әлем, 2004. – 288 б.
26. Спан Ә. Адай қасіреті. – А.: Нұрлы әлем, 2011. – 224 б.
- 27 О б Ө А А Н Ә 2011 352 б
27. Озғанбаев Ө. Аманқостан қалған аманат. –А.: Нұрлы Әлем, 2011.– 352 б.
28. Спанов Ә., Сатыбалдиев Е. Маңғыстау деген бұл аймақ. Мангистау: становление индустрии иллюди. –Астана: Парасат, 1999. - 377 с.
29. Киай Мансур. Иран казактарының салт-дәстүрлері /Парсы тілінен аударған Нияз Тобыш. –Алматы:Орхон, 2012. – 200 бет.
30. Ақкенжеев Ш. Дәуір-дәурен. – Алматы: Бабамұра - М., 2009. – 448 б.
31. Ақкенжеев Ш. Тағдырым тоғысқан құрылыстар. – Алматы:Үш қиян, 2003. – 320 б.
32. Сегізбаев М. Таушық ауылына кош келдіңіз. Ауылымда ізі жатыр ұлылардың. – Алматы: Нұрлыәлем, 2009. – 384 б.
- 33.

ҚОСЫМША

Респонденттер тізімі

№	Аты-жөні	Туған жылы
1	Тәженов А.	1947 ж.
2	Мухамедиев Г.	1933 ж.
3	Жаланұлы Ө.	1932 ж.
4	Аязбай Х.	1934 ж.
5	Нұрұлы С.	1947 ж.
6	Уразбаев Дж.	1943 ж.
7	Ғумаров А.	1941 ж.
8	Баязов Қ.	1941 ж.
9	Тұрғанбаев Т.	1938 ж.
10	Есенкөбеков Қ.	1934 ж.
11	Елкеев О.	1939 ж.
12	Кенжебеков И.	1942 ж.
13	Ташимов Б.	1937 ж.
14	Утекова А.	1952 ж.
15	Қыдырбаев Қ.	1936 ж.
16	Махутов А.	1941 ж.
17	Шәкен С.	1936 ж.
18	Бекенов Н.	1933 ж.
19	Досбаева С.	1941 ж.
20	Балықбаева Т.	1950 ж.
21	Чукаев Б.	1955 ж.
22	Сенгерев Д.	1943 ж.
23	Тинов Н.	1947 ж.
24	Ұлықпан М.	1958 ж.
25	Жайлыхан Т.	1951 ж.
26	Турарбек Б.	1940 ж.
27	Нұрпанұлы С.	1933 ж.
28	Жуматова А.	1959 ж.
29	Қилыбаев С.	1940 ж.
30	Бисенбай Б.	1954 ж.
31	Әбенев С.	1939 ж.
32	Қожабергенов А.	1957 ж.
33	Амелов І.	1941 ж.
34	Көшбаев О.	1938 ж.
35	Назаров Т.	1946 ж.
36	Құлжұмыров І.	1941 ж.
37	Ырыскелдиев Қ.	1939 ж.

38	Байқұлов Т.	1934 ж.
39	Жапарбаев Ж.	1952 ж.
40	Еңсегенов К.	1924 ж.
41	Бекбанов Ы.	1921 ж.
42	Қонақбаев С.	1941 ж.
43	Бекмағамбетов Қ.	1944 ж.
44	Әбілханқызы К.	1937 ж.
45	Жалқанұлы Ө.	1932 ж.
46	Бекмұратов Д.	1951 ж.
47	Баязов Қ.	1941 ж.
48	Еділхан А.	1952 ж.
49	Ырзаханов К.	1938 ж.
50	Нұрқабасев М.	1943 ж.
51	Матжанова А.	1955 ж.
52	Сүндетов А.	1947 ж.
53	Мұханов Н.	1948 ж.
54	Қаржаубайұлы Ж.	1937 ж.
55	Тәшінханов Ж.	1947 ж.
56	Таушанов Қ.	1943 ж.
57	Исатай Б.	1941 ж.
58	Айтжанов Ж.	1941 ж.
59	Меңкеев А.	1947 ж.
60	Исенбаев Ж.	1952 ж.
61	Қойшыбаев Т.	1932 ж.
62	Көңілқосұлы Ж.	1942 ж.
63	Қараманұлы Қ.	1937 ж.
64	Чукаев Б.	1955 ж.
65	Шақрат С.	1939 ж.
66	Нияз Т.	1957 ж.
67	Тұрарбеков Б.	1940 ж.
68	Қәкімбаева К.	1939 ж.
69	Матжанов А.	1952 ж.
70	Дүйсенбі Ө.	1933 ж.
71	Айдарханов Т.	1941 ж.
72	Аманова М.	1937 ж.
73	Сұлтан Ш.	1936 ж.
74	Жұмашева Т.	1956 ж.
75	Джакиев Ж.	1936 ж.
76	Назаров Т.	1946 ж.
77	Жарылғасов Б.	1952 ж.
78	Қаржаубаев Ж.	1947 ж.
79	Исембаев Ж.	1957 ж.
80	Көңілімқосұлы Ж.	1942 ж.
81	Аскенбаев Б.	1944 ж.
82	Джанаева А.	1965 ж.
83	Ағатаева Г.	1964 ж.
84	Өтебаев Н.	1941 ж.
85	Жангілеуов М.	1953 ж.
86	Балықбаев Т.	1946 ж.
87	Садақбаев Н.	1940 ж.
88	Өтебаев К.	1935 ж.
89	Шопанов Б.	1937 ж.
90	Ақназаров А.	1935 ж.
91	Бөршеєв О.	1931 ж.
92	Жариев Ш.	1938 ж.
93	Қойшыбаев Ш.	1941 ж.
94	Тасмағамбетов А.	1950 ж.
95	Айдаров А.	1940 ж.
96	Қалиев Е.	1939 ж.
97	Абдигулов Т.	1947 ж.
98	Қордабаев Ж.	1943 ж.
99	Бекібаев А.	1938 ж.
100	Максимов У.	1960 ж.

101	Бультеков З.	1936 ж.
102	Әбілхасов Қ.	1943 ж.
103	Баймұханов Ж.	1946 ж.
104	Ахаев А.	1952 ж.
105	Бегеніш Б.	1938 ж.
106	Салықова К.	1925 ж.
107	Токмұханов Ж.	1947 ж.
108	Медетбаев О.	1943 ж.
109	Джолаев А.	1945 ж.
110	Әбілхайырова М.	1940 ж.
111	Есбосынов С.	1953 ж.
112	Балықбаева А.	1944 ж.
113	Жүгенбаев С.	1943 ж.
114	Қалдыбаев О.	1938 ж.
115	Нұрғараев Қ.	1947 ж.
116	Дүйсенбаева Н.	1937 ж.
117	Құлбеков О.	1963 ж.
118	Керимов Ғ.	1949 ж.
119	Айтмағамбетұлы М.	1922 ж.
120	Досанов І.	1938 ж.
121	Болатбаев А.	1914 ж.
122	Жақсылықұлы Ә.	1958 ж.
123	Нұржауов Б.	1963 ж.
124	Тулегенов Т.	1941 ж.
125	Қаражанов Қ.	1937 ж.

ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ МУЗЕЙЛЕРДІҢ КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ ҚОРИН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ибраева А.Ғ., Құнанбаева Ш.Б.

Андатпа. Ғылыми мақала Қазақстан жерінде құрылған алғашқы музейлердің коллекциялық қорының қалыптасуына арналған. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында құрылған Орынбор, Жетісу, Семей музейлерінің қор жабдықтау, есепке алу, ғылыми-зерттеу, музей заттарын сақтау барысындағы жұмыстарының негізгі бағыттары ғылыми тұрғыда пайымдалып, коллекциялық қорларының қалыптасу барысы мәселенің ашылуына арқау болды. Аталмыш музейлер жұмысының оңтайлы жолға қойылуында белгілі ғалымдар мен қызығушылардың еңбектері назардан тыс қалған жоқ. Мақаланың жазылу барысында мұрағаттық деректер мен мәселе төңірегінде жарық көрген еңбектер ғылыми айналымға қосылды.

Түйін сөздер: тарихи-өлкетану, коллекция, жабдықтау, экспедиция, экспозиция, қор, жүйелеу, музейлік, заттар, сипаттау.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОЛЛЕКЦИОННОГО ФОНДА ПЕРВЫХ МУЗЕЕВ НА ЗЕМЛЕ КАЗАХСТАНА

Ибраева А.Ғ., Құнанбаева Ш.Б.

Аннотация. Научная статья посвящена формированию коллекционного фонда первых музеев, созданных на земле Казахстана. Основными направлениями работы музеев Оренбурга, Жетысу, Семей, созданных во второй половине XIX-начале XX века, в ходе фондирования, учета, научно-исследовательских работ, хранения музейных предметов были научно осмыслены и раскрыты проблемы формирования коллекционных фондов. В оптимальном налаживании работы этих музеев не остались без внимания труды известных ученых и интересующихся. В ходе написания статьи в научный оборот были включены архивные данные и опубликованные работы по проблеме.

Ключевые слова: историко-краеведческий, Коллекционирование, снабжение, экспедиция, экспозиция, фонд, систематизация, музей, предметы, описание.

FEATURES OF THE FORMATION OF THE COLLECTION FUND OF THE FIRST MUSEUMS IN KAZAKHSTAN

Ibraeva A.G., Kunanbayeva Sh.B.

Abstract. The scientific article is devoted to the formation of the collection fund of the first museums created on the territory of Kazakhstan. The main directions of the work of the Orenburg, Zhetysu, Semipalatinsk museums, created in the second half of the XIX-early XX centuries, in the process of equipping funds, accounting, research, storage of museum items, were scientifically analyzed, and the course of the formation of collection funds became the basis for the disclosure of the problem. The works of well-known scientists and curious people were not ignored in the optimal way of working of these museums. During the writing of the article, archival data and published works on the issue were included in the scientific circulation.

Keywords: Local History, Collection, supply, expedition, exposition, fund, systematization, museum, objects, description.

Қашаннан кез-келген қазақтың шаңырағынан ата-бабасынан естелік ретінде сақтап, ұрпақтанұрпаққа ардақтап, мұра етіп қалдырып келе жатқан сан-алуан бұйымдарды кездестіруге болады. Олардың арасында тарихта белгілі тұлғалардың жеке заттары, халқымыздың жаугершілік замандарда қолданған қару-жарақтары, қолөнер туындылары, әшекейлік бұйымдар бар. Сондықтан, қазақ ертеден өз ұясының ең қастерлі бұрышын қазіргі тілмен айтқанда шағын музей ретінде пайдаланды десек қателеспейміз. Ата-бабадан қалған мұраға деген осындай құрметпен қарап, қастерлеу нәтижесінде көптеген тарихи құнды бұйымдар қазіргі заманда тәуелсіз республикамыздың алтын қорын, мәдени қазынасын құрып, ұлттық мақтанышымыз болып отыр. Бұл жерде айта кететін бәр жәйт, «музей» терминін біз шартты түрде қолданып отырмыз, себебі бүгінгі музейлердің прототиптері Қазақстан жерінде белгілі бір себептер мен қажеттіліктерге және саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерге байланысты пайда болды.

Әлемдік өркениеттік деңгейден алып қарасақ сонау ежелгі заманда Вавилон, Египет, Греция, Рим мемлекеттерінде өнер туындыларына жататын материалдық мәдениет құндылықтары храмдар мен сарайларда сақталса, қайта өрлеу дәуірінде кунсткамералар немесе сирек кездесетін дүниелер кабиеті музейлердің алғашқы үлгілері болды [1]. Іргелес жатқан Ресейде музейлердің Тарих беттерін парақтап қарайтын болсақ, Қазақстанда музейлердің пайда болуы мен қалыптасуын сонау XIX ғасырға алып барады. Бұл кезеңде патша үкіметінің бұғауында болған қазақтың кең байтақ жерін бір жағынан отарлаушылар сүліктей сорып жатса, екінші жағынан сол отарлаушы елдің алдыңғы қатарлы, озық ойлы өкілдері бірі жер аударылып, енді біреулері үкіметтің тапсырысымен осы өлкені зерттеу мақсатында ағылып келіп жатты. Жергілікті халық өкілдерінің арасынан шыққан көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар да аз болған жоқ. Түнек басқан қараңғы елге сәл де болса жарық шуағын төгетін мәдени ошақтардың ашылуы солардың арқасы болар. XIX ғасырда Қазақстан территориясындағы бірқатар өзгерістер желісі музейлердің де пайда болуына септігін тигізді. Алдымен қазан революциясына дейін өлкеде қанша музей қалыптасып, толыққанды қызмет атқарды?

Бұл сұраққа жауап беру үшін музейлер жайында жарық көрген ғылыми басылымдардың тапшылығын ескере отырып, мұрағат қорларында сақталған деректік құжаттарды негізге алдық. Деректерді көктей шала қарайтын болсақ Қазақстан жерінде алғашқы музейлер Орынборда (1831), Семейде (1883), Жетісуда (1897) ашылған екен [2]. Кейінгі кезде музей саласында қызмет атқарып жүрген бірқатар мамандар Орал музейінің қалыптасуын 1859 жылмен байланыстырып жүр [3].

Мұрағат құжаттары музейдің ресми түрде ашылуын 1920 жылмен байланыстырады. Оған дейінгі уақытта аталмыш музей мектеп деңгейінде ұйымдастырылып, үкімет тарапынан еш қолдау таппаған. Дегенмен, жоғарыда көрсетілген музейлердің пайда болуы өлкенің мәдени дамуын ілгерілетіп, халықтың біліми-ағартушылық деңгейін арттыруға септігін тигізгені анық.

Ендігі жерде қазақ жерінде алғаш құрылған музейлердің коллекциялық қорының құрылу барысына тоқталайық. Мәселеге теориялық тұрғыдан келетін болсақ, музейлік коллекция дегеніміз – негізгі қордағы біртұтас ғылыми қызығушылық тудыратын музейлік заттар жиынтығы. Коллекцияға заттар бір немесе бірнеше белгілері (шығу тегі, мазмұны, түр-түсі т.б.) арқылы топтастырылады [4].

Музей жұмысының негізгі бағыты оның қорлары, дәлірек айтқанда қорда жинақталған музейлік заттар арқылы жүзеге асырылады. Музейлік зат дегеніміз – музей қорындағы, белгілі бір тарихи кезеңге тиісті, шынайы өмірден алынған, ұзақ мерзім сақталатын, оның міндеттерін жүзеге асыруда қолданылатын музейлік құны бар зат. Музей қоры – дегеніміз музей жинағы құрамындағы ғылымиқосалқы материалдар және музейлік мәні бар заттардың ұйымдасқан жиынтығы. Музейтану ғылымында музей қоры негізгі, ғылыми-көмекші қорлардан тұрса, музейге қажет емес немесе қайталанып келген заттардан айырбас қоры құралады. Ал, жаратылыстану музейлерінде аталған қор жиынтығымен қоса шикізат қоры болады. Музей

қорларындағы заттар, музей саласына қарай топтастырылып, бүкіл музей жұмысында пайдаланылады. Музей қорларының жабдықталуы а) экспедициялық-жинақтау; ә) жеке адамдар коллекциялары; б) мекемелерден, ғылыми орталықтардан, басқа музейлерден келіп түскен заттар арқылы толығып отырады. Оның ішінде музей қорларының үнемі толығып отыруына тиімдісі экспедициялық-жинақтау арқылы жабдықтау.

Музейлердің экспедициялық-жинақтау жұмысының жоспары бірнеше жылға жасалып, ол музейдің экспозициялық, ғылыми-зерттеу және қорларды есепке алу жұмысымен етене байланысты болды. Жинақтау жұмысының талаптарына: а) материалдың ғылыми сұрыпталуы (заттың атауы, шыққан жері, пайдаланылуы, жасаушысы, өмір сүрген ортасы, шыққан жылы т.б.) жатады; ә) заттың құндылығын анықтау мақсатында неғұрлым мол ақпарат жинастыру (суретке түсіру, әңгімелесу); б) жинақталған заттарды ғылыми зерттеу арқылы әрқайсысын тіркеу кітабына еңгізу; в) заттың ғылыми төлқұжатын жасау [5]. Музейдің толыққанды қызмет істеуі жоғарыда айтылған талаптардың тұрмысы және этнографиялық бұйымдар, кітаптар мен портреттер болды. Осы жинастырылған жәдігерлер негізінде 1831 жылы Неплюев әскери училищесі жанынан Орынбор губерниялық музейі ашылды”

Генерал-губернатор үндеуінің орындалу барысы арнайы шақырылған қонақтардың үлесінде болды. Шақырылған қонақтардың негізгі дені жоғарғы лауызымды өкілдер болғандықтан, олардың ішінде қалмақ князі Г.Түменов пен Ішкі Бөкей Ордасының ханы Жәңгір де бар еді. Қонақтарға хатпен бірге «музей коллекциясын құрайтын заттардың тізімі» жіберілген болатын. Алғашқыда музейде жаратылыс тарихы мен өнер және өнеркәсіпке арналған екі бөлім ашу жоспарланды. Жаратылыс тарихы бөлімі зоологиялық, ботаникалық, минералогиялық, ал өнер және өнеркәсіп бөлімдері түрлі халықтар киімі, әшекейлер, қару-жарақ, үй жиһаздары, құрал-жабдықтар бөлімшелерінен деректерден музейдің ашылуына бірден-бір себеп болған бай өлкенің тым аз зерттелуі болып табылған.

Музей жұмысының жандануына үлес қосқан белгілі ғалымдардың еңбектері күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Мысалы, географтар Г.С. Карелин мен П.Г. Зотовтың музейге сыйға берген коллекцияларын айта кетуге болады. П.Г. Зотовтың коллекциясы Орынбор өлкесінің бай табиғатын бейнелейтін 541 минерал нұсқасынан тұрды. Профессор В. Турчанинов музейге 700 өсімдіктен құралған сібір гербариін сыйласа, профессор И. Бессер құрғақ өсімдіктің 350 түрін сыйға тартты. Ал, Бөкей Ордасының ханы Жәңгірден қазақ әйелдері мен қыздарының қысқы және жазғы киімдері музей қорына түсті. Түсіп жатқан заттардың көпшілігі музейді ашу барысында талаптарға сай келмеді. Себебі көптеген материалдар өлкеден тыс жерлерден түскен еді. Сондықтан музей мәні мен мазмұны жағынан кунскамера күйінде қала берді. Біздің ойымызша алғашқы кезеңде музейдің арнайы тұжырымдамасы (концепциясы) да болмаған сияқты. Дегенмен, 1831 жылдың 1 сәуірінде музеум өзінің алғашқы көрермендерін қабылдады. Музейдің ашылуының сипатталуы, экспозициясының құрылымы жайында мәліметтер кездеспейді. Алғашқыда музейдің бар жабдығы екі сөре, төрт үстел, алты орындық екенін ескерсек құрылған экспозицияны көз алдымызға елестету қиын емес. 1831 жылдың 25 қаңтарында губернатор Сухтелен ұлты поляк, философия магистрі Фома Занды музейдің меңгерушісі етіп етіп тағайындайды. Музей жұмысын жүйеге келтіру мақсатында Ф.Зан үлкен еңбек сіңірді. Музей қорына сыйға тарту және сатып алу негізінде үздіксіз түсіп жатқан заттардың саны 1832 жылдың аяғында 3566 жетті. Оның ішінде: геологиядан – 9726, ботаникадан – 1572, зоологиядан – 443, нумизматикадан – 646, археологидан – 30 жәдігер болды

Орынбор өлкесіндегі ғылыми және мәдени ошақтардың біріне айналып келе жатқан музей жұмысының өркендеуіне Ресейдегі XIX ғасырдың 60 жылдары басталған реформалар, 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығының қысқаруы, 1905-1907 жылдар аралығындағы бірінші орыс революциясы, Ресей империясының қатысуымен 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс және олардың салдары едәуір кедергі келтіре отырып, көптеген жәдігерлердің бүлінуіне,

ал жекелегендерінің талан-таражға түсіп мәңгілікке жоқ болуына әкеліп соқты. Осы және басқа да себептерге орай Орынбор музейі өз жұмысын бірнеше рет тоқтатып отыруға мәжбүр болды.

Семейде 1878 жылы облыстық статистикалық комитеттің құрылуы, Орыс географиялық қоғамы бөлімшесінің ашылуы қаланы Қазақстанның шығысындағы ғылым мен мәдениет орталығына айналдырды. Белгілі зерттеуші ғалым Е.П.Михаэлис басшылық еткен комитет мүшелері өлкеде географиялық, этнографиялық және экономикалық зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, ашылғалы отырған музейге көптеген мағлұматтар мен жәдігерлер жинастырды. 1883 жылдың 11 қыркүйегінде жинастырылған жәдігерлер мен кітаптар негізінде Семей қаласында алғашқа музей мен кітапхана ашылды. Музей қажеттілігіне қалалық басқарма 1884-1885 жылдары 200 сом, 1887-1889 жылдары 100 сом қаражат бөлгенімен кейіннен қаржыландыру мәселесі қиындай берді. 1893 жылы 21 шілде күні музей жергілікті ағарту мекемесі қарамағына берілді. Семей статистикалық комитеті 1896 жылдан бастап музейге жылына 200 сом, қалалық басқарма 1897 жылдан бастап жылына 400 сом ақша бөлуге шешім қабылдады [8]. Сол кезеңде музей және кітапхана жұмысының жандануына саяси жер аударылған А. Леонтьев, А.А. Блок, Н.Я. Коншиннің еңдегі зор болды. Олар музей қорларының коллекциялармен жабдықталып, олардың ғылыми сұыпталуына етене араласты [9].

Түрлі бағыттағы кітаптардың жинақталуы музейдің кітапхана қорын ұлғайтып, келуші оқырмандар санын арттырды. Қазақ халқының ұлы кеменгер ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлы өзінің досы Е.П. Михаэлиспен Семей кітапханасында танысқан еді. Бұл кітапхана Абайдың әлемге аттары әйгілі классик жазушылар мен ақындардың еңбектерімен танысатын орынына айналды. 1886 жылы 4 мамыр күні Е. Михаэлистің ұсынуымен Абай Құнанбайұлы Семей статистикалық комитетіне мүше болып қабылданды. Сонымен қатар, Абай және оның әкесі Құнанбай Семей музейіне ұлттық үлгіде жасалынған әйелдердің түрлі әшекейлерін, киім-кешек пен алашакілемдерді сыйға тартты [10].

Семей музейінің қалыптасуында оның алғашқы ашылған күнінен 1897 жылға дейін меңгерушісі болып келген М.И. Суворцев едәуір еңбек сіңірді. Ол музей қорын сол өңірдегі археологиялық, этнографиялық және табиғатты бейнелейтін жәдігерлермен толықтыруға күш сала отырып, оларды дұрыс, жүйелі түрде орналастыра білді.

Семей жерінде өлкетану жұмысы мен музей ұйымдастыруда ағайынды Белослюдовтардың қосқан үлесі ерекше. Осы өңірде бірнеше жылдар бойына түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізген ағайынды Белослюдовтар өз үйлерінен геология, минералогия, палентология, антропология, археология және көне бұйымдар бөлімдеріне тұратын мұражай ашты. Мұражайда тек археологиядан ғана 600 астам жәдігерлер, нумизматикадан жалпы саны бір мыңнан асатын алтын, күміс және мыс тиындар, қағаз ақшалар болды. Өздерінің жеке музейін ұйымдастырудағы жинаған тәжірибелерін ағайынды Белослюдовтар Семей қалалық мұражайын құрушыларға үйретіп, бұл істің қыр-сырымен барынша бөлісті. 1911 жылы олар өз жәдігерлері жинағынан қала мұражайына 500 аса қымбат бағалы бұйымдарды сыйға тартты [11]. Жан-жақтан түсіп жатқан заттардың негізінде музейдің коллекциялық қоры құрылып, этнология, археология, зоология, палеонтология, тау ісі сияқты жекелеген бөлімдердің ашылуына негіз болды. Осы кезеңде музей қорында 2296 заттар және 800ге жуық түрлі атаулы кітаптар тіркелді.

Музейді ұйымдастыруда және оның жәдігерлерімен жабдықталуына Верный статистикалық комитетінің 1896-1907 жылдар аралығында басшысы болған белгілі ғалым Н.Н. Пантусов (1849-1909) көп еңбек сіңірді. Жаңа ашылып отырған музейдің алдына қойып отырған мақсаттары жайында оны ұйымдастырушылардың бірі демалыстағы генерал-лейтенант Г.И. Иванов Н.

Пугасовқа: Музей біздің өлкеміздің табиғи және тарихи байлықтарын ауыл шаруашылығы мен Пугасовқа: «Музей біздің өлкеміздің табиғи және тарихи байлықтарын, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібін көрсетуге қызмет етуі керек» – деп жазған еді [12]. Музейді физика-жағрафиялық, археологиялық, этнографиялық және ауылшаруашылық бөлімдері құрады. Музей

қоры көбіне жеке адамдардың сыйлықтары негізінде толықтырылып отырды. Осы жайында музей меңгерушісі В.Е. Недзведский Санкт Петербургке былай деп хабарлайды: «Өкінішке орай мұражай қорын толықтыру мақсатында жәдігерлер сатып алуға қазынадан еш қаржы бөлінбей отыр. Жәдігерлер көбіне жекелеген адамдардың сыйлықтары негізінде жиналуда» [13].

Сонымен қатар, музей қоры қалада өткізілетін түрлі көрмелер арқылы да толықты. Атап айтсақ, 1902 жылы Верный қаласында болған бірінші ауылшаруашылық көрмесінен музей көптеген жәдігерлерді сыйға алды. Жинақталып жатқан жәдігерлердің арасында жарамсыздары және зақымдалғандары да болды. Осыған орай, музей қызметкерлері тиісті мамандардың жетіспеушілігінен жәдігерлерді өңдеу жұмыстарына жергілікті ұста шеберлерді пайдаланып отырды. Мысалы, статистикалық комитет хатшысы өзінің Жетісу генерал-губернаторына жазған хатында: «Серікбай зақымдалған аң мен құс тұлыптарын қалпына келтіруге және оларды өзі жасауға әбден үйреніп алды. Ол өз ісінің маманына айналды» - деп баяндаған [14].

1905 жылы мұражай орналасып келген ескі әрі тар ғимараттан қаланың Талғар көшесінде орналасқан 6 бөлмелі үйге көшірілді. Ал 1913 жылы мұражай үшін қаланың Қапал көшесінде орналасқан Шербакова деген азаматшаның үйі сатылып алынды [15].

Байқап отырғанымыздай музейлердің ұйымдастырылуы алдымен сол өлкені бейнелейтін жәдігерлерді жинастырудан басталғанымен, қорға келіп түсіп жатқан материалдар әртүрлі болды. Дегенмен, музейлердің коллекциялар қорын толықтыру тек сыйға тартудан жұмыстың өнбейтінін түсінген статистикалық комитет мүшелері және музей қызметкерлері заттарды жинастырудың жаңа жолдарын іздестіре бастады. Ең алдымен қаржы мәселесінің шешілуі, оның негізінде ғылыми экспедициялар жасақтау және түрлі көрмелерге қатысу нәтижесінде қорын толықтыруға тырысты. Мұндай әдіс қор жабдықтаудың тағы бір тиімді бағыты болды. Мысалы, Жетісу музейі 1902 жылдың күзінде Верный (қазіргі Алматы қаласы) өтілген алғашқы ауылшаруашылық, өнеркәсіп көрмесіне қатысып, одан түскен заттар музейде өзінің лайықты орнын алды. Осы кезеңде комитет музейге тек 200 рубль бөліп отырса да, бұл ақшаға комитет мүшелері ғылыми экспедициялар жасақтап, оның екеуі 1903 жылы ботаникалық мақсатта Ақай өзенінің оң сағасы Тасты-Бұлақтың жоғарғы ағысында, ал Санкт-Петербург Ботаника бау-бақшасының бас ботанигі В.И. Липский бастаған топ Іле өзені бойында іздестіру жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде өте құнды этимологиялық коллекциялар жинақталып, музей қорына өткізілді [16].

Музейге келіп түсіп жатқан жәдігерлер негізінде музейлердің коллекциялық қоры құрылды. Қазан төңкерісіне дейінгі музейлердің алдында өлкенің тарихы мен табиғатын бейнелейтін заттарды жинақтау міндеттері тұрғандықтан негізінен археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, зоологиялық, ботаникалық, палеонтологиялық коллекциялар жинағы қалыптасты. Мысалы, Орынбор музейі (қазіргі ҚР Орталық Мемлекеттік музейі – А. Ибраева) табиғи бөлімнің құнды заттармен жабдықталуына белгілі профессорлар Э. Эверсман, Н.А. Зарудный, Борышов, Карелин, Каржинскийдің коллекциялары мен ғылыми еңбектері негіз болса, ал Семей музейінде музейдің негізін салушылар Абай Құнанбайұлының, оның досы Е.П. Михаэлистің, Ш. Уәлиханұлының жеке коллекциялары мен кітаптары сақталған. Сонымен қатар, музейлерде сатып алу, сыйға тарту негізінде құрылған кітапханалар болды. Өкінішке орай, музей қоры үшін жинақталған Э. Эверсман коллекцияларының бір бөлігі бүгінгі таңда Қазан және Мәскеу университеттерінің музейлерінде, бір бөлігі Ресей Ғылым Академиясының Зоология музейінде, ал аса құндылары Берлин музейінде сақталған. Н.А. Зарудныйдың құнды орнитологиялық коллекциясы Ресей Ғылым Академиясының Зоология музейінде лайықты орнын алған [17]. Мұның өзі кешегі әумесер орталық озбырлығының айғағы болар. Музей заттарының жүйесіз жинақталуы салдарынан тек өлкені бейнелейтін ғана емес, “кунскамералық” және әртүрлі құнды заттар коллекциялар қорына келіп түсіп жатты. Уақыт өте өлкенің табиғатын, тарихын, рухани және материалдық мәдениетін, жануарлар мен өсімдіктер әлемін бейнелейтін түрлі заттардың келіп түсуі біртіндеп жабдықталудың әдіс-тәсілін қалыптастырды. XIX ғасырдың

екінші жартысынан бастап музейлер қорларының жабдықталуы жоспарлы негізде ұйымдастырыла бастайды. Музейлер қорларының үнемі толығып отыруы музей заттарын ғылыми сипаттау және жүйелеу әдісінің пайда болуы мен тиімді қолданылуына алып келді. Ендігі жерде музейлер ретсіз жинақтау емес, керісінше материалдың біркелкілігіне, шыққан ортасы мен түр-сипатына қарай сұрыптап, арнайы зерттеуден өткізетін болды.

Музей қорына түскен заттар жан-жақты зерттеліп, сұрыптаудан өткізілгеннен кейін, экспозицияда өзінің лайықты орнын алып отырды. Дұрыс жолға қойылған музей жұмысының нәтижесінде экспозиция құру қағидаларының күрделі өзгерістерге ұшырауына да әкелген еді. Өйткені бұрынғы шырмалған қиын экспозицияның орнын ғылыми жүйеленген, тұрақты эспозиция баса бастады. Кейінірек, жүйелендіру реті жағрафиялық (аймақтық) немесе топографиялық негізде толықтырылды. Музей жәдігерлерінің жағрафиялық жағынан сипатталуы ғылым үшін өте маңызды болды. Себебі, өлкені геологиялық, палеонтологиялық, зоологиялық жағынан зерттеп, көрсету мүмкіндігі ашылған еді. Неғұрлым музей заттары көбейген сайын олардың құндылығы артып, кейбіреулері тіпті бүлініске ұшырап, қолданыстан шыға бастады. Сондықтан музей қызметкерлері музей заттарын сақтауды ұйымдастырудың әдістерін жетілдіруді қолға алған еді. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей музейлерінің тәжірибесін игерген Қазақстан музейлері заттарды өңдеу технологиясын жетілдіріп, олардың 40-50 жылға дейін сақталуын қамтамасыз етті. Осы тұрғыда Орынбор музейінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан В.И. Даль Ресей Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып тағайындалса, жалпы өлкеде мәдени өмірдің жандануына үлес қосқан С.Қ. Бабажанов Орыс Географиялық қоғамының күміс медальмен марапатталған [18].

Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы музейлер қорының құрылымынегізінен әлеуметтік және жаратылыстану тарихын бейнелейтін заттардан тұрды. Табиғи бөлім зоологиялық (аңдар, жануарлар әлемінің көрінісі), ботаникалық (өсімдіктер әлемінің көрінісі), геологиялық (өлкенің өлі табиғаты көрінісі) бөлімшелерден құрастырылды. Тарихи-жаратылыстану бөлімі негізінен археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық заттардан құрылды. Музей жұмысының ғылыми тұрғыда жүйеленуі және сыныпталуы жинақталған коллекциялармен жұмыс істеудің теориялық және әдістемелік негізін қалыптастырды. Әлеуметтік институт ретінде музейлердің қоғамда алатын орны мен рөлінің артуы салалық музейлердің қалыптасуына, музейлердің қоғамдық институт ретінде дамуына арқау болды.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ БЕТАШАР РӘСІМІ

Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы

Аңдатпа. Беташар рәсімі – қазақ халқының үйлену тойының басты ғұрпы. Беташар қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа беріліп сақталып келе жатырған ерекше дәстүрі. Беташар рәсімін өткізуге сөзге шебер, сурып салма ақындығы бар, танымал жыршы жігіт шақырылады. Беташар рәсімінің басты ғұрпы келіннің бетін ашу үшін айтылатын беташар әнінің орындалуы. Беташар рәсімі сән-салтанатты өтілетін отбасылық әдет-ғұрып. Беташар рәсімінің басты мақсаты «беташар әнінің» көмегімен жас келінге ақыл-кеңес беру, жаңа отбасының мүшелерімен таныстыру, осылайша жаңа отбасылық өмірге бейімдеу. Беташар рәсімінен соң келіннің шәй құю рәсімі өтеді. Мақалада беташар рәсімінің аймақтық ерекшеліктеріне талдау жасалады.

Түйін сөздер: әдет-ғұрып, атрибуттары, беташар, тойы, үйлену, Қазақтың, беташар, әні, келін.

ЦЕРЕМОНИЯ БЕТАШАРА В КАЗАХСКОМ НАРОДЕ

Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы

Аннотация. Церемония Беташар-главный ритуал свадьбы казахского народа. Беташар-уникальная традиция казахского народа, передаваемая из поколения в поколение. К проведению ритуала Беташар приглашается известный поэт-песенник, искусный в слове. Главный ритуал ритуала Беташар-это исполнение песни беташар, которую поют, чтобы обнажить лицо невесты. Ритуал Беташар-это семейный обычай, который проходит в роскоши. Главная цель церемонии Беташар-с помощью» песни беташар " дать советы молодой невесте, познакомить с членами новой семьи и, таким образом, приспособиться к новой семейной жизни. После церемонии беташара состоится церемония заваривания чая невесты. В статье будет проведен анализ региональных особенностей процедуры беташар.

Ключевые слова: обычай, атрибуты, беташар, свадьба, свадьба, казахская, беташар, песня, Невеста.

BETASHAR CEREMONY IN THE KAZAKH PEOPLE

Kartayeva Tattigul Yersainovna

Abstract. The betashar ceremony is the main wedding ritual of the Kazakh people. Betashar is a unique tradition of the Kazakh people, which has been passed down from generation to generation. A well-known poet, a man who is good at words, has suryp Salma poetry, is invited to conduct the betashar ceremony. The main ritual of the betashar ceremony is the performance of the betashar song, which is sung to reveal the face of the bride. The betashar ceremony is a family custom that takes place in luxury. The main goal of the betashar ceremony is to give advice to the young bride with the help of the "betashar song", introduce her to the members of the new family, thereby adapting to the new family life. After the betashar ceremony, the bride's tea ceremony is held. The article analyzes the regional features of the betashar ceremony.

Keywords: customs, attributes, betashar, wedding, wedding, Kazakh, betashar, song, bride.

Беташар – үйлену тойының келін түсіру рәсімінің басты бөлігі, келінмен қайын жұртын өлеңмен таныстыру рәсімі. Беташар қазақ жерінің барлық өңірінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен дәстүр. Беташарға ауылдағы тілді-ауызды, ойын-сауықшыл, беташарға қанық, ел алдында

бетбеделі бар, жолы жақсы деген жігіт таңдалады. Жыраулық мектеп, соның ішінде көмеймен жыр айту дәстүрі дамыған Қармақшы өңірінде беташарға ел ішінде танымал жырауларды шақыру дәстүрге айналған екен.

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыңдық көші ауылға жақындаған кезде, ауылға 3-4 шақырым жер қалғанда ауыл қыздары алдарынан шығып, жас келінді қарсы алған. Жас келін аттан түсіп, ауыл қыздарының қайын сіңілілерінің қоршауымен, бетін көлегейлеп, күйеу жігіт ауылына жаяу бет алған. Жас келін күтіп алған қыздарға сақиналар үлестірген. Жас келінді оң аяғымен аттаттырып, отқа май құю рәсімін орындатады. Рәсімді орындату әулеттің үлкен қария аналарына жүктелген. Қазақтар ұғымында от үйдің жарылқаушысы, ошақты түтетуші саналып, отқа май құю рәсіміне ерекше мән берген. Отқа май салып, тағзым ету келіннің әруақтарға, ата-енесіне деген құрметін білдіреді. Ы.Алтынсарин бойынша келін отқа май құярда рәсімді орын датушы қария аналар «от – әулие, Ұмай – әулие» деп айтады. Отқа май құйғыздырған аналар от жалынына қолдарын тигізіп, маңдайларын, төстерін сипап әруаққа тағзым еткен. Май құйылған отқа алақанын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды [1, с.4-5; 2, 194; 3, с.77]. Бұл келіннің жүзі жылы, өзімізге ыстық болсын дегені. Отқа май құюдың мәні көне шамандық пен анимизм дінінің сарқыншақтарының қазақтар арасында сақталып қалуынан көрінеді.

Түскен келінді келген жеріне үйреніп кетсін, деп үш күн шымылдық артында ауылдың қыздарымен бірге отырғызған. Үшінші күні «беташар» рәсімі жасалған. Келіннің шымылдық артында 3 күн отыруы Сыр өңірінде беріге дейін сақталып келді. Қазіргі күні келінді түсірген күннің ертеңінде есік алдында күндіз сағат 11-12 де орындайды (АЭМ).

Беташар рәсімінен соң қайын атасы «көкпар» тартқызған [3, с.77-78]. Қазақ жерінің орталығы мен солтүстігінде беташар рәсімі қайын атасының үйінің алдында орындалған [2, с.195]. Жас келінді көз тиюден сақтау үшін келін шымылдығын үкі қадап әсемдеген. Жаңа түскен келінді шымылдық артына отырғызу және баташардан соң көкпар тартқызу Сырдария өзенің төменгі ағысы бойындағы ауылдарда әлі күнге дейін сақталған (АЭМ).

Қазақ халқында келінді беташар рәсіміне бетін жаулықпен жауып, жүзін көрсетпей алып шығады. Беташардағы аймақтық ерекшеліктерде байқалады, ерекшеліктер әсіресе келінді осы рәсімге қалай алып шығудан, сондай-ақ келіннің басына жапқан жаулықты ұстап тұрудан көрінеді.

Қазақ жерінің шығысында баташарда келіннің аяғының астына ақ қойдың терісін немесе ақ ешкінің тулағын тастайды. Бұл келініміз қойдай жұмсақ болсын, балалары көп болсын деген наныммен байланысты [8, с.29-30].

Сырдың төменгі ағысы бойындағы Арал, Қазалы, Қармақшы өңірінде келіннің басына ләтте жібектен ақ жаулық жауып, оған ұзындығы 2 метрдей қызыл мата, оған қамшы сабын жалғап, оны бет ашушы жыршының көмекшісі ұстап тұрады. Сырдария өзенінің Тереңөзек, Қараөзек сағалары өңірінде келін басына жапқан ақ жаулыққа 1,5-2 метрдей ақтық, ақтықты одан әрі қамыс немесе талшыбыққа жалғап байлайды. Ал, Қызылордадан шығыс өңіріне қарай Шиелі, Жаңақорғанда ақ матаға оқтау байлайды. Мұндағы ақ матаның байлануы қадамың оң, ақ болсын дегені, қызыл матаның байлануы келінді көз тиюден сақтау, қам шы, қамыс, шыбықтың байлануы келін құрақтай жұмсақ болсын, оқтаудың байлануы келініміз үй шаруасына берік, адал болсын деген ырыммен байланысты.



Сурет 1 – Беташар. Арал. Қызылорда облысы. Этнограф Д. Қатран түсірген.

Қамшы, қамыс, оқтау, шыбықты үйленбеген жас жігіт немесе күйеу жігіттің жолдасы ұстайды.

Беташар жаулығына жалғанған қамшы, қамыс, оқтау, шыбық шарты түрде «таяқ» деп аталады. Таяқтың әр түрлі болуы да жергілікті жердің өз ішіндегі аймақтық ерекшелікке байланысты. Қамшы, шыбықты бет ашып болғасын «сен де осындайға жет» деп таяқ ұстаған жігітке береді. Оқтауды «бұл сенің үйіңнің мүлкі, ас үйдің иесісің», – деп жаңа түскен келінге береді. Беташарда келіннің басына сол шаңыраққа бұрын түскен келін болса, соған жабылған жаулықты сақтап қойып кейін гісіне салады. Беташарда келіннің екі жағынан сол әулетке бұрын түскен келіндер ұстап тұрады және де бұл рәсімді сол үйдің туған келіні емес, жақын ағайын келіндері атқарады. Бұл туысқандарға деген құрметті білдіреді (АЭМ).

Қазақ жерінің солтүстігінде абысындары келіннің қолтығынан сүйемейді, олар жаулық орнына жабылған матаның төрт ұшынан ұстап тұрады да, сәлем салу кезінде матаның төрт ұшынан абысындары көтеріп белгі береді, келін сол кезде жамылғы астында иіліп сәлем салады [1, с.3]. Бұл өңірде осы күні де беташарда жас келіннің қолтығын абысындары сүйемейді, басына жабылған ұзын мата шетінен ұстап тұрады. Қазақ жерінің батысында келін мен қолтық ұстаған абысындар бір тізесін бүгіп сәлем береді (АЭМ). Ертеде келіннің бетін ашуға арналған жаулықтың ұшын берен мылтықтың ұшына байлап тұру ритуалының болғандығы ерекше назар аударады [6].

Беташарда келіннің қолтығын жесір әйелдер, бала таппаған әйелдер ұстамайды.

Беташарда келін есте сақтауға тиісті қазақ дәстүрлері таныстырыла келіп, келінге ел-жұртына жағымды, ата-енесіне сыйласымды, туыс-туғандарына қайырымды болуды, босағаны, шаңырақты сыйлауды, оған дақ түсірмеуді, ибалы, биязы болуды, көрегенді болып, тату-тәтті, берекелі отбасын құрып, ата-бабасының отын өшірмей, ұрпағын жалғауды насихаттайды.

Беташар жырының көне нұсқасын Ә. Диваев Сырдария экспедициясы кезінде жазып алып жариялаған:

«Айт, келін, айт, келін!
 Аттың басын тарт келін!
 Сауысқаннан сақ келін!
 Жұмыртқадан ақ келін!
 Алдыңғы түйең итіншек,
 Итіншек деп, келіншек, Басқа ұрма келіншек!

Артқы түйең тартыншақ, Тартыншақ деп, келіншек Көтке ұрма, келіншек!
 Айран аппақ келіншек,
 Кейінгі келген, келіншек,
 Еріншек болма, келіншек!
 Кей келіншек көңілшек
 Кей келіншек көңілшек,
 Көңілшек болма келіншек!
 Көк етігім тозар деп,
 Көтере баспа келіншек! Сәуір етігім тозар деп,
 Санай баспа, келіншек! Қаптың аузы бос тұр деп, Құрт ұрлама, келіншек!
 Өзің жатып, байыңды
 Тұр-тұрлама, келіншек! Аузы-басың сүйрендеп, Өсек айтпа келіншек!
 Дудардай қылып басынды,
 Төсекте жатпа, келіншек!...», –

деп ақыл-кеңес беріп болған соң келін болып түсіп шаңырақтың мүше лерімен өлеңдетіп таныстырады [4, с.12-13]. Осыған ұқсас беташар мәтінін Н.И.Гродеков те жариялаған [3, приложение, с.13-15]. Ә.Диваев, Н.И. Гродековтер жазып алып жариялаған осы байырғы беташар мәтінінің алдыңғы төрт қатары әлі күнге еш өзгеріссіз жеткен.

Беташар әнінің көне мәтінін сондай-ақ «W» деген бүркеншік атта қолданған автор 1905 жылы «Торғай газетінде», «П» деген автор 1878 жылы «Русский вестник» газетінде жариялаған [6; 9; 5, с.212-215]. Сондай-ақ қазақ халқында беташар әнінің келесі мәтіндері де ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз жетіп, халық арасында кеңінен айтылып келеді:

«Бет ашайын бісімілла,
 Жаңа түскен
 Келін үйге еніп тұр,
 Қайын жұртына халқына
 Иіліп сәлем беріп тұр»

Таныстыру қайын атасынан басталып, қайын ене, қайын аға, абысын, қайын аға, қайны, қайын сіңілісі, одан кейін беташарға келіп отырған көпшілікке арнаумен аяқталады. Беташарға ауылдың күйеуге шықпаған қыздары жеңгелерімен келген. Беташарға қатысқан ауыл қыздарының барлығын дерлік қайын сіңілі ретінде беташаршы ерекше дәріптеген. Беташарда бет ашушы жігіт күйеуінің ет жақын туыстарының әрқайсысына арнау өлең айтып болған бойда, ұстап тұрған таяқты көтеріп қалып, белгі береді, сол кезде келін де, қолтықтап тұрған келіндер де иіліп сәлем салады. Сәлем алған ене, абысындары келінге бірі күміс сақина, бірі орамал берген. Беташар қайын атасы мен қайын ағаларының мырзалығына сын болған. Беташаршыға риза болған қайын атасы ат мінгізіп, шапан жауып жіберген екен (АЭМ). Ертеде сәлем алған қайын атасы, енесі, қайын ағаларының мал атағанын жазба деректер растайды:

«Келін келді, көріңіз, көрімдігін беріңіз!
 Беретұғын малыңның түсін айтып қойыңыз.
 Нар берсеңіз, мая бер, үстіне кілем жая бер...
 Жылқы берсең биеден, кем болмасын түйеден...
 Сиыр берсең қызылдан, шұбалаң құйрық ұзыннан.
 Қой берсең, үлкен ағынан, егіз болсын қозысы,
 Болмасын жалқы тағынан» [6; 5, 56 б.]
 «Алдындағы атасы
 Бес-алты қойды артық бер,
 Қонағына сойғандай...
 Ала-құла деменіз,
 Түсін айтып қойыңыз.

...Анау тұрған қайын аға,
 Қайын аға жарар пайдаға...
 Ала тұғын бұйым ба?,
 Бере тұғын сиыр ма?...
 ... Анау тұрған қайнысы,
 Қайнысы емей қай кісі?
 Қайнысының беретіні,
 Атан түйе байғазысы,
 Атан түйе берген соң,
 Сөгетұғын қай кісі...» [5, 212-214 бб; 9].

Қариялардың айтуы бойынша кеңестік дәуірде кейбір ауылдарда ер жігіт қызды алып қашып келіп, аяқ астынан үйленгенде, егер де жыршы домбырашы болмаса, ауылдың ақын жігіттері домбыра тарту білмесе де,

«Келіншек бетін ашайын,
 Ашпай неден сасайын.
 Қалың топты қақ жарып,
 Аққан судай тасайын», –

деп тақпақтап айтып, таяқты өзі ұстап тұрып, көтеріп қалып сәлем салғызған екен.

Қазіргі кезде, әсіресе Жетісу, шығыс, оңтүстік-шығыс, солтүстікте беташаршы жігіт сәлем салуды таяқпен жаулықтан көтеріп белгі бермейді. Бұл күнде беташарда үстіне орамал жайылған табақ қойылып, аты атылғандардың бәрі дерлік ақша салу дәстүрі қариялардың айтуынша 1960-жылдардың аяғы – 1970-жылдардың басынан басталған (АЭМ).

Келін ең алғаш шаңырақты аттағанда аруақтарға үш рет тағзым етіп сәлем салған. Ал, күйеуінің туыстарына «сәлем салуы» осы беташардан басталады. Келін беташар рәсімен бастап, қайын жұртынан күйеуінен үлкендерді көргенде «сәлем бердік» деп иіледі, олар «көп жаса» деп жауап қайтарады. Сәлем салу мен күйеу туыстарының атын атамау, келін дәстүрінің ерекше ғұрпы. 1915 жылы белгілі түркітанушы А.Н.Самайловичке М. Шоқай: «жақсы келін, қалыңдық кезінде-ақ болашақ күйеуінің туыстарының атын атамайды», - деп мәлімет берген [7, с. 161-162]. Сәлем салу рәсімі қазақ жерінің оңтүстігі, Сыр-Арал, батыс өңірінде берік сақталған (АЭМ).

Беташар жыры аяқталған соң, келіннің жүзін көрсету үшін жаулығын ашуда да айырмашылықтар бар. Оңтүстік, Сыр-Арал өріңі мен батыста сол әулеттің жасы үлкен қария анасы жас келіннің басындағы жаулығын ашып, маңдайынан сүйеді. Жетісу, шығыс, оңтүстік-шығыс, солтүстікте беташар жыры айтылып болғаннан кейін, бет ашушы қолындағы домбыраның сабымен келіннің бетіндегі жабулы шәліні еппен сиырып, қайырып ашады. Беташаршы жігіт ата-анасынан және басқа ауылдағы туыс-туғандарынан көрімдігін алады. Келіннің қайын енесі, қайын енесі жоқ болса, енесі жолындағы біреуі келіннің маңдайынан иіскеп, қолына жүзік салады, ата-енесі ағынан ақтарыла бата береді.

Беташардан соң келін қолынан шәй ішу ұйымдастырылады. Келіннің беташардан соң шәй құю рәсімі Сыр өңірінде «тәтті шәй», басқа өңірлерде «келін шәй» деп аталады. Келін шәйға жиналған қонақтар ырымын (орамал, жүзік, теңге) береді. Шәй құю рәсімінде жас келін қысылмас үшін, абысыны көмек береді. Әсіресе, Сыр өңірі келіндеріне «шәй құю» дәстүрі ежелден осы күнге дейін үлкен сын болып саналады. Сыр келіндері шәйді кесенің түбінен ортасынан асырмай, кесені қисайта бір шетінен құяды. Кесені самаурын шүмегінің ортасына қарай ұстау, яғни Сыр қазақтарының тілімен айтқанда сапырып құю болмайтын немесе болмаған жағдай, ол әдепсіздік болып саналады.

Қазақтың беташар рәсімін орындауында екі түрлі мақсат көзделеді. Оның бірі, келін түсіруді аңсаған, келіннің жүзін көруге асыққан жігіт ауылына келіндерің міне, «айдай жүзін көріңдер, көрімдігін беріңдер, аялап, әлпештеп, қолдарыңа қондырыңдар, енді осы үйдің адамы дегені. Енді

бірі, ақыл-кеңес, батыра айтылған әзіл-қалжың арқылы түскен елін келінге таныстырып, келіннің жатырқаған көңілі-күйін жазып, қайын жұрты жағына үйірсектетіп, бауыр басуға бастағаны.

Қорыта айтқанда, «беташар» рәсімі мен «беташар» жыры қазақтың салт-дәстүрінің, әсіресе, келін түсіру салтының ең тамаша, барынша салтанатты, көркемдік өресі өте жоғары, қазақта ғана бар озық мәдениет саналады.

Әдебиеттер

1 Алтынсарин Ы. Очерки обычаев при сватовстве и свадеб у киргизов Оренбургского ведомства // Машинописная рукопись. Отдел рукописей и редких книг Национальной библиотеки. Оренбург, 1870. 15 лист.

2 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996. 288 б.

3 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. Ташкент: Типо-литография С.И.Лахтина, 1889. 205 с.

4 Диваев А. Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области. Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1900. 28 с.

5 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша. Алматы: «Арыс» баспасы. 2006. 416 б.

6 П. Обычай киргизов Семипалатинской области. // Русский вестник. 1878. №9. С.22-66.

7 Самойлович А.Н. Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины. // ЖС., Отд. Этнография. Год XXIV. Вып. 1-2. СПб.: Типография В.Д.Смирнова, 1915. С. 161-168.

8 Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 214 с.

9 W. Беташар. Вступление молодой жены в новую семью. // Тургайская газета. 1905. №47.

10 АЭМ – автордың экспедициялық материалдары

-бір мезгілде елдің азаматтығын алу үшін талаптарды (тарих, тіл, мәдениетті білу бойынша емтихан тапсыру және т.б.) арттырып, азаматтыққа қабылдаудың оңайлатылған тәртібінен бас тарту;

-Азаматтығын жоғалтқан тұлғалар туралы ақпарат алмасуды қалпына келтіру, сондай-ақ, қабылдаушы елдің азаматтығын алу үшін арнайы тәртіпті анықтау.

Әдебиеттер тізімі

1.Посольство Республики Узбекистан в Кыргызской республике. Узбекско-кыргызские отношения. <http://uzbekistan.kg/uzkyr.php> (дата обращения: 12.05.2016).

2.Воображаемая линия. Обзор прессы// <http://www.tks.ru/reviews/2011/05/27/03/print> (дата обращения: 23.04.2016).

3.Взаимоотношения между Кыргызстаном и Узбекистаном//<http://www.stanradar.com/news/full/18347-vzaimootnosheniya-mezhdu-kyrgyzstanom-i-uzbekistanom.html> (дата обращения: 05.05.2016).

4.Взаимоотношения между Кыргызстаном и Узбекистаном <http://www.stanradar.com/news/full/18347vzaimootnosheniya-mezhdu-kyrgyzstanom-i-uzbekistanom.html> (дата обращения: 07.06.2016).

5.В мае 2011г. парламент Кыргызстана принял проект постановления, требующего передачи Кыргызстану контроля над газохранилищами «Северный Сох», «Чонгара-Галча».

6. Шерадил Бактыгулов Новые сферы сотрудничества Кыргызстана с Узбекистаном. Central Asia Bureau for Analytical Reporting <http://cabar.asia/ru/sheradil-baktygulov-novye-sfery-sotrudnichestvakyrgyzstana-s-uzbekistanom/> (дата обращения: 06.06.2016).

References

1. Posolstvo Respubliki Uzbekistan v Kyrgyzskoj Respublike Uzbeksko - kyrgyzskie otnosheniya. <http://uzbekistan.kg/uzkyr.php> (dataobrashcheniya. 12-05-2016)

2. Voobrazhaemayaliniya. Obzorpressy // <http://www.tks.ru/reviews/2011/05/27/03/print>(dataobrashcheniya. 23-04-2016)

3. Vzaimootnosheniya mezhdou Kyrgyzstanom i Uzbekistanom <http://www.stanradar.com/news/full/18347vzaimootnosheniya-mezhdu-kyrgyzstanom-i-uzbekistanom.html>(dataobrashcheniya. 05-05-2016)

4. Vzaimootnosheniya mezhdou Kyrgyzstanom i Uzbekistanom <http://www.stanradar.com/news/full/18347vzaimootnosheniya-mezhdu-kyrgyzstanom-i-uzbekistanom.html> (dataobrashcheniya. 07-06-2016)

5. V mae 2011g Parlament Kyrgyzstana prinyal proekt postanovleniya, trebuyushchego peredachikyrgyzstanu kontrolya nad gazohranilishchami «Severnyj Soh», «Chongara-Galcha».

6. Sheradil Baktygulov Novyesferysotrudnichestva Kyrgyzstanas Uzbekistanom. Central Asia Bureau for Analytical Reporting <http://cabar.asia/ru/sheradil-baktygulov-novye-sfery-sotrudnichestvakyrgyzstana-suzbekistanom/>(data-obrashcheniya. 06-06-2016).

ҚАЗАҚСТАНДА ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ЖҮЙЕНІ ӨЗГЕРТУГЕ ҚАТЫСТЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ

Өтепова Г.Е., Садықова А.М.

Андатпа. Қазақстанда әкімшілік-аумақтық жүйені өзгертуге қатысты Ресей империясының заңнамасы Г.Е. Өтепова, А.М. Садықова Андатпа. Мақалада XVIII-XIX ғғ. Қазақстан аумағында әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін енгізу және өзгерту мәселелері Ресей империясының заңнамалық құжаттары негізінде қарастырылады. Авторлар Қазақстанда әкімшілік-аумақтық басқару мәселелері бойынша империяның көптеген заңнамалық құжаттарын тереңірек талдау қажеттігін атап өтеді. Кілт сөздер: Заңнамалық құжаттар, Патша үкіметі, Әкімшілік-аумақтық жүйе, Генерал-губернаторлықтар, Қазақ жүздері, Қазақстан тарихы, Отарлау.

Түйін сөздер: үкіметі, Әкімшілік-аумақтық, Патша, жүздері, Заңнамалық, Қазақстан, құжаттар, Отарлау., тарихы, жүйе, Генерал-губернаторлықтар, Қазақ

ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ ПО АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОМУ УСТРОЙСТВУ КАЗАХСТАНА

Өтепова Г.Е., Садықова А.М.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы внедрения и изменения административно-территориальной системы управления на территории Казахстана в XVIII-XIX вв. на основе законодательных источников Российской империи. Авторы обращают внимание на необходимость дальнейшего анализа многочисленных законодательных источников империи по вопросам административно-территориального управления в Казахстане.

Ключевые слова: Законодательные источники, Царское правительство, Административно-территориальная система, Генерал-губернаторства, Казахские жузы, История Казахстана, Колонизация.

LEGISLATION OF THE RUSSIAN EMPIRE ON THE ADMINISTRATIVE AND TERRITORIAL STRUCTURE OF KAZAKHSTAN

Oteпова G.E., Sadykova A.M.

Abstract. In this article the introduction and changing of administrative-territorial management system in Kazakhstan in XVIII-XIX centuries on the basis of legislative sources of the Russian Empire is considering. The authors draw attention to the need for further analysis of numerous legislative Empire sources on the administrative-territorial governance in Kazakhstan.

Keywords: legal sources, the tsarist government, the administrative and territorial system, governorgeneral, the Kazakh zhuzes, history of Kazakhstan, colonization.

Тақырыптың өзектілігі бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда орын алған саяси және әлеуметтік-экономикалық, сонымен бірге идеологиялық өзгерістер мен олардың тарих ғылымының дамуына ықпал етуі жағдайымен тығыз байланысты. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды зерттеуде ескі формациялық көзқарастан бас тартып, жаңа әдіснамалық тұрғыдан зерделеу қажет. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың әр адамның тарихи үдеріс пен заңдылықтарды, халықтың өткенін әр түрлі түсініп, ұғынатынын атап өткені орынды.

«Өткенімізді зерттеп-зерделеуде әмбебаптық әдіснама болуы мүмкін емес, өйткені тарихтың өзі мазмұны жағынан күрделі болып табылатындықтан, оны зерттеу жолдары да алуан түрлі болып келетіні заңды» [1, 3 б.].

Қазақстан егемендік алғаннан кейін отандық тарих ғылымының дамуында сапалық өзгерістер орын алды. Тарихты қазіргі методологиялық тәсілдеме, жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік пайда болды. Бұл орасан зор тарихи мұраны қалпына келтіріп, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың объективті бейнесін қалыптастыруға негіз болмақ.

Қазақстанның саяси-құқықтық тарихын зерттеу халықтың өткен тарихындағы, оның этникалық қалыптасуына ыпал еткен ішкі-сыртқы факторларды анықтаумен байланысты. Бұл Қазақстанда құқықтық мемлекет құру идеясы аясында жүзеге асырылатын құқықтық реформалардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда заңнамалық құжаттарды талдайтын деректанулық зерттеулердің маңызы зор, өйткені бұл өткен тарихи тәжірибені ескеріп, қазіргі құқықтық жағдайды айқындап, түсінуге, сонымен бірге азаматтық ұстаным негізінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын объективті тұрғыдан бағалауға, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласу арқылы дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда әкімшілік-аумақтық жүйені енгізу мен өзгертудің заңнамалық негіздері мәселесін Қазақстанда әкімшілік-аум жүйені өзгертуге қатысты жүйені өзгертуге қатысты қарастыру барысында зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдары талданады. Осыған империясының заңнамас байланысты Е. Бекмаханов патшалық үкіметтің жүзеге асырған отарлау саясатының жоспарлы түрде үш бағытта жүргізілгенін атап өтті. XVIII ғасырда отарлаудың әскери және экономикалық бағыты басым болды, өйткені бұл кезеңде Ресей Қазақстанды толықтай бағындыруға жеткілікті күшке ие болмады. Ғасырдың соңында елде хандық билікті жоюға бағытталған әрекеттер сәтсіз аяқталды.

Қазақстанның саяси тәуелсіздігін жоюды мақсат еткен әкімшілік-аумақтық шаралар XIX ғасырда жүзеге асырылды. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық басқарылу жүйесіне өзгерістер енгізуге бағытталған заңнамалық құжаттар қабылданып, елдің Ресей империясының құрамына енуіне жағдай жасады. Патша үкіметі қазақ жерлерін бір орталыққа бағындыруға тырысты. 1744 жылы 15 наурызда қабылданған «Орынбор губерниясының құрылуы мен оның Уфа провинциясына қарасты болуы туралы» жарлығы негізінде Орынбор губерниясы құрылып, оның құрамына бодандыққа жаңа қабылданған қазақтар да кірді [2]. Жарлық бойынша жаңа құрылған Орынбор комиссиясына сәйкес губерниядағы бекіністер мен әскер, арнайы жарлықтар негізінде және басқа себептермен губернияға қоныстанып келгендер, сонымен бірге қазақ халқы губернаторға бағынышты болып саналды. Және сол жердегі шекаралық істер Орынборлық комиссиясына қарасты болды. 1781 жылы Орынбор облысы өзінің Орынбор, Жоғарғы Орал, Бузулуцкий және Сергеевский деген уездерімен Уфа губерниясына кірсе, Орал, Гурьев қалалары Астрахан губерниясына қосылды [3, 133 б.].

Қазақ халқының С. Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне себеп болған қазақ жерінде хандық билікті жою әрекеті XVIII ғасырда басталды. XVIII ғасырда қазақ даласын басқаруға қатысты реформалар баяу, сақтықпен жүзеге асырылды. Бұл тұста қазақтарды шошытпай, наразылықтарының өршуіне жол бермеу маңызды болды. Алғашқы заңнамалық құжаттарда империяның күш-қуаты мен қамқорлығы насихатталған. Далаларда қала тұрғызу ісімен байланысты шаралар барысында «жабайы халықты шошытып алмай, бетін қайтармауға тырысу» үшін «қалалардың пайдасы мен қажеттігіне сендіріп, қорғану үшін бекіністерді тұрғызу керектігін айтып, бұның барлығының өлке тыныштығы үшін жасалынып жатқанына сендіру» қажеттігі айтылды.

Қазақ даласын басқаруға қатысты шаралар XIX ғасырдың басында жалғасып, кейде шегінулер де жасалды. Мысалы, 1800 жылы қабылданған «Орта жүз сұлтандары мен халқына қысым көрсетпеу» [2] туралы патшалық биліктің құжатында Орынбор әскери губернаторына

халықтың тарапынан шағымдардың түсуіне жол бермей, қол астындағыларға орыстар мен башқұрттардың тарапынан қысымшылықтың жасалмауын қадағалаудың тапсырылғаны жазылған.

Қазақтарға Орал мен Еділ өзендері арасында көшіп-қонуға рұқсат еткен 1801 жылғы 11 наурызда қабылданған «Қырғыз халқына Орал мен Еділ аралығында көшіп-қонуға және орманды жерлерде қоныстануға рұқсат беру туралы» жарлық, Ішкі орданың құрылуына негіз болды [4, 9 б.]. Патшалық Ресей Батыс Қазақстанда өз ықпалын күшейтуге тырысты. Жарлықта: «...Нұралы ханның ұлы Бөкейді шын көңілмен қабылдап, қалауларына қарай жерге көшіп-қонуға рұқсат беріп, ризалығымның белгісі ретінде мойынына тағуға менің суретім бар алтын алқаны белгілеймін», – деп жазылған [4, 9 б.]. Ішкі орданың халқы алғашқы кезде Астрахан генерал-губернаторлығына бағынып, тек 1808 жылы «Дала қырғыздарының Оралдың ішкі жағына өтуі және Бөкей сұлтанның Кіші орда қырғыз-қайсақтарының Орынбор шекаралық комиссияға бағынуы туралы» жарлығына сәйкес аумақты басқару Орынбор шекаралық комиссияға берілді [4, 34-37 б.].

Қазақ жерінде жаңа басқару жүйесін енгізуге негіз болған ірі реформалардың бірі ХІХ ғасырдың 20шы жылдары жүзеге асырылды. Реформаның негізін жасаушы М. Сперанский 1819 жылы сібір генерал-губернаторы болып тағайындалды. Оның бұл қызметке тағайындалуы туралы мәліметті патшаның М. Сперанскийге жолдаған хатынан табамыз. Хатта: «...Біраз уақыттан бері маған Сібір өлкесін басқаруға қатысты жағымсыз хабарлар жетіп жатыр. Сондықтан да мен сізге генерал-губернатор шенін беруді жөн көрдім. Сібір губерниясы бойынша жағдайды анықтап, осыған дейін басқару жайы туралы білуіңізді тапсырамын. Осы өлкеде тиімді басқару мен құрылымды ойластырып, қағаз бетіне түсіріп, маған Петербургке алып келсеңіз», – делінген [5, 146 б.].

М. Сперанский Сібірде атқарған жұмысы барысында 3000-нан аса баптан тұратын заң жобасын құрастырған. М. Сперанскийдің реформалар жобасын қарастыру үшін арнайы Сібір комитеті құрылып, М. Сперанский ұсынған заң жобасы 1822 жылы бекітілген. Бұған дейінгі «Сібір губерниясының Батыс және Шығыс екі негізгі басқармаға бөлінуі туралы» жарлыққа сәйкес Сібір губерниясы Батыс және Шығысқа бөлініп келді. Батыс бөлігінің орталығы Тобыл, ал Шығыс бөлігінің орталығы Иркутск болды [4, 48 б.].

Атқарылған іс-шаралар нәтижесінде патшалық Ресей бодандығындағы Орта жүз қазақтары Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына енгізілді. Сөйтіп 1822 жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы жарғы» жаңа әкімшілік-аумақтық басқаруды енгізіп, өлкеде хандық биліктің жойылуының бастамасы болды. Жарғының кіріспе бөлімінде оның негізгі мазмұны төмендегідей анықталды: «Қырғыздар туралы аталмыш жарғыда, біріншіден, оларды басқару жөніндегі міндеттер; екіншіден, қырғыздарды басқа бұратана халықтан ажыратуға арналған ерекше қаулылар; үшіншіден, аталған жарғыны жүзеге асыру тәртібі» [4, 52 б.].

Жарлыққа сәйкес сібір қазақтарының аумағы Омбы облысына қарасты болып, басқару жағынан генерал-губернаторға бағынды. Қазақтардың дәстүрлі әкімшілік-аумақтық басқару жүйесінің орнына жаңа жүйе енгізілді. Сібір қазақтарының облысы ішкі және сыртқы аймақтарға – округтерге бөлінді. Біріншісі Ресей империясының аумағында орналасса, екіншісі – империя аумағынан тыс жерде орналасқан. Округтер болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Жаңа әкімшілік-аумақтық басқару жүйесіне сәйкес округ 10-20 болыстардан, болыс – 10-12 ауылдан, ал ауыл – 50-70 киіз үйден құралды. Барлық аумақтық бөліністер шекарамен белгіленіп, биліктің рұқсатынсын шекарадан асуға рұқсат етілмеді. Басқару реті төмендегідей анықталды: «Ауылды старшин, болысты аға сұлтан басқарады. Ауыл мен болыстарда сот үкімдерін шығаруда қырғыздар үшін беделді саналатын билердің рөлі сақталады. Аға сұлтан болысқа таңдалып сайланады. Әр губернияда губерниялық приказ тағайындалады» [4, 53 б.].

Негізінде аға сұлтандардың билігі ресми сипатта болды. Губерниялық ішкі күзет казактарға

жүктелді. Бұл елде әскери-полициялық тәртіпті орнатудың бастамасы болды. Жүйе, сайланбалы болғандықтан, демократиялық сипатта көрінгенімен, шын мәнінде, сайлау нәтижелері жоғары биліктің бақылауында болды. Сонымен бірге жарғыда «қырғыз-қайсақтарды болыстардың қол астына қарау мен қажетті тәртіптерді сақтау пайдалы іс екеніне сендіру қажет» делінген. Енгізілген өзгерістерге қазақтардың тарапынан наразылықтарды болдырмау үшін патша үкіметі жарлықты қабылдаған қазақтарды бес жылға дейін салық төлеуден босатты: «Әр аймаққа жаңа тәртіпті енгізген күннен бастап бес жылға жеңілдік беріледі», – делінген [4, 57 б.]. Сөйтіп, 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қазақтардың дәстүрлі басқару құрылымын жойып қана қоймай, әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірдің барлық салаларын қамтып, қазақ қоғамының ішіндегі қайшылықтарды одан әрі тереңдетті» [6, 304 б.].

Кіші жүзде де хандық билікті жоюға бағытталған жаңа басқару жүйесінің жобасын орынборлық губернатор П.К. Эссен дайындап жасады. 1824 жылы 31 қаңтарда Азия комитетінің «Орынбор даласын басқаруға қатысты өзгерістер туралы» құжат Кіші жүзді басқару мәселесіне қатысты болды [4, 67-70 б.]. Жаңа басқару жүйесіне сәйкес Кіші жүздің аумағы батыс, орта, шығыс және ішкі болып төрт бөлікке бөлінді. Оларды сұлтандар билеп, жалпы басқару шекаралық комиссияның құзырында болды. Шекара комиссиясының құрамына төраға, төрт кеңесші және қазақтардан төрт кеңес мүшесі енді. Шекара комиссиясының міндеттері төмендегідей болды: далалық аймақта тәртіпті сақтау; жергілікті шенеуніктердің іс-әрекетін бақылау; салық жинау; сот істері және тағы басқалары. Әр бөлікте басқарудың үш деңгейлі жүйесі болуы тиіс еді: ауылдарды басқару; ауылдардан құралған ұлыстарды басқару; ұлыстардан құралған орда бөлігін басқару. Ауылды старшин, ал ұлыстарды жеке билеушілер басқарды. Орда бөлігін аға-сұлтандар және сайланған ханмен басқарылды. Барлық шендер, сөз жүзінде ғана, сайланбалы түрде болды, шын мәнінде, сайлау ресми сипат алды. Билеуші сұлтандардың қарамағына офицер басқарған казак отряды берілді. Отряд сұлтанды қорғап, сонымен бірге оның қызметін бақылау үшін берілді.

Аталған заңнамалық құжат мазмұны жағынан толыққанды пісіп-жетілмеген еді, себебі көптеген тұстары жалпылама сипатта болды. Дегенмен, ол Кіші жүз аумағын басқарудың жаңа жүйесін орнатуға негіз болды. Осыған байланысты ресми деректерде: «Шамасы, Орал маңы қазақтарының XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдағы саяси және шаруашылық дағдарысы мен халықтық стихиялық қозғалыстардың белсенділігі жетілдірілмеген ережелердің Орталық үкімет тарапынан заңнамалық тұрғыда бекітілуімен түсіндіріледі. Бұл құбылыстар Ресейдің аймақтағы саяси бағытының тұрақсыздануына әкелді», – деп атап көрсетілді [7, 33 б.].

1822-24 жж. реформалар заңнамалық түрде қазақ жүздерін ресей әкімшілік-аумақтық, сот және басқа да басқару жүйелерінің енгізілуіне негіз болды. Осы кезден бастап патшалық шексіз биліктің отаршыл саясаты Қазақстанда толықтай заңды негізде жүргізіле бастады. Жаңа басқару жүйесі қазақ өлкесінде ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түбегейлі өзгертті. Өлке аумағында жағдайды жеңілдету үшін жарғыда тұрғындарды бөлудің дәстүрлі ұстанымы аймақтарды құру кезінде ескерілуі керектігі белгіленген. Алайда, іс жүзінде жергілікті халықтың жағдайы ескерілмеді. Патша үкіметі өлкеде жаңа басқару жүйесін енгізуді қазақ халқының әлауқатын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қамқорлық ретінде көрсетуге тырысты. Осы мақсатпен және жарлықтың мазмұнын ұғындыру үшін ауылдарға отрядтар жіберілді. Олардың құрамында аудармашы, молдалар, казактар мен офицерлер болды. Алайда ұғындыру жұмыстары жоспарланған нәтиже бермеген соң, патша үкіметі жүз аумағында қарулы күштерді күшейтуге тырысты. Осыған қатысты М. Красовский жазбасында: «1824 жылы далалық аймақта енгізілген тәртіпті сақтау үшін казак полктерінен күзет жіберілді. Әскери отрядтар уақытша жасақ қызметін атқарды. Олар далалық аймаққа белгіленген уақыт мерзіміне жіберіліп, кері қайтарылып отырды. Біздің шекараларымыз оңтүстікке қарай кеңейген сайын шептен әскер жіберу қаржылық тұрғыдан тиімді емес. Сонымен бірге тәртіпсіздіктердің қайталануы мүмкіндігін де ескеру қажет.

Мысалы, Кенесары бастаған қозғалыстың орын алуы дала аймағында тұрақты әскер ұстау қажеттігін байқатты», – деп атап өтілген [8, 155 б.]. Орта жүз бен Ұлы жүз халқының көшпелі бір бөлігін қамтып, жаңа әкімшілік жүйе енгізу міндеті болды. Осыған байланысты түрлі әдіс-тәсілдер, оның ішінде пара беру арқылы сатып алу немесе алдау да пайдаланылды. Далалық аймақтың түпкірлерінде өзінің дербес саясатын жүргізген сұлтандар мен билер үстемдік етті. Шекара шебіне жақын оранласқан көшпелі топтардың барлығы дерлік жаңа жүйені қабылдамағандықтан бірқатар қиындықтар да туып отырды.

Батыс Сібір генерал-губернаторының мәліметіне сәйкес, Қарқаралы және Көкшетауда приказ ашу үшін экспедиция жіберілді. Қарқаралыға полковник Броневский бастауымен, ал Көкшетауға полковник Григоровский бастаған экспедициялар ұйымдастырылды. Далалық аймақтарда арнайы отрядтардың пайда болуы қазақ халқының тарапынан ашулы наразылық тудырып, ұлт-азаттық қозғалыстарға алып келді. Бірақ, қарсылықтар округтерді ашу ісінде тосқауыл болмады. Сөйтіп, 1824 жылы «Қырғыз даласында Қарқаралы сыртқы округы мен приказының ашылуы туралы» жарлық қабылданды [4, 72 б.]. Осы жылы Көкшетау ішкі округы да ашылды.

Батыс Сібір генерал-губернаторының қазақтарға арналған прокламациясында округтерді ашуға байланысты жаңа әкімшілік-құқықтық кодексті енгізудің мақсаты «халықтың жағдайын жасауға тырысып келісімді төзімділікті тыныштықты және жалпы тәртіпті орнатып қауіпсіздікті тырысып, келісімді, төзімділікті, тыныштықты және жалпы тәртіпті орнатып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен бірге бұрыннан қалыптасқан небір ырымдарды жою, өзін-өзі басқаруды тоқтату, яғни, бір сөзбен айтқанда, қырғыз-қазақтар мен өзге де ұлттар үшін береке мен бақыт орнату» ретінде анықталды [9, 114 б.].

1825 жылы Құсмұрын округы ашылды. Ал, 1831 жылдың 19 қазанында Аягөз сыртқы округтық приказының құрылуы туралы ереже қабылданды [4, 104 б.]. Жаңа округтердің ашылуы аймақтарында халық наразылығының артып, жағдайдың күрделенуіне қарамастан жоспарланған шаралар бірте-бірте жүзеге асырылды. Ұлт-азаттық қозғалыстардың өршуін болдырмау үшін патша үкіметі саясатта сақтық танытуға тырысты, қулықтарға барды. Мысалы, округтың ашылуы мен аға сұлтанды тағайындау құрметіне қазынадан бөлінген қаражат есебінен қайырымдылық тамақтандыру шаралары ұйымдастырылып, түрлі сый-сияпаттар таратылды.

Қазақ қоғамында округтердің ашылуына қатысты көзқарас біркелкі болмады. Халықтың бір бөлігі қарсылық танытса, екінші бөлігі жаңа басқару жүйесінің енгізілуіне қолдау танытты. Елде өз ықпалы мен беделін сақтауға тырысқан кейбір сұлтандар белгілі бір жерде округ ашу туралы өтініш білдіріп жатты. Мысалы, Ақмола маңында округтық приказдарды ашу туралы өтінішті Сәмеке ханның ұрпағы К. Құдаймендин де білдірді. Үкімет аймақтың стратегиялық тұрғыдан тиімді орналасуын, сонымен қатар Құдаймендиннің жергілікті жердің белді азаматтарына ықпалының барын ескеріп, жаңа округ ашуға рұқсат берді.

Сібір комитетінің баяндамасымен танысқан император Николай I патша 1832 жылдың 9 қаңтарында Ақмола округының ашылуын бекітті. Құжатта: «Осы жылдың 9-шы қаңтарында Қырғыз даласында Ақмола деп аталатын төртінші сыртқы округты ашуға рұқсат берілді. Ол басқа округтердің алдында үлкен беделге ие болып, бодандықты қабылдаған аймақтар үшін бағынбайтын қырғыздардың жабайы шабуылдарынан қорған болады», – деп атап көрсетті [3, 142б.].

1833 жылы 9 наурызда Баян-Ауыл және Үш-Бұлақ округтері, ал 1834 ж. Омбы облысына қарасты Аман-Қарағай сыртқы округы ашылды. Сонымен, он жарым жыл ішінде бірқатар округтер ашылған: Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Құсмұрын (1825 ж.), Аягөз (1831 ж.), Ақмола (1832 ж.), Үшбұлақ, Баянауыл (1833 ж.) және Аманқарағай (1834 ж.). XIX ғасырдың ортасына қарай Көкбек және Алатау округтерінің ашылуы жаңа әкімшілік бөлінуді аяқтады. 1838 жылы Үшбұлақ округы Ақмола және Көкшетау аймақтарына қарап, таратылды. 1859 жылы Құсмұрын

округының орнында Атбасар аймағы ұйымдастырылып, Аягөз округы бірқатар аумақтық өзгерістермен Сергиополь деп өзгертілді.

Жоғарыда аталған заңнамалық құжаттар жүз аумағындағы ерекшеліктерді ескермеді. Осыған байланысты Батыс Сібір генерал-губернаторы Омбы облысын таратып, Сібір қазақтарының басқармасын құруды ұсынды. Нәтижесінде, 1838 жылы Сібір қазақтарын шекаралық басқаруға қатысты «Сібір қырғыздарын жеке басқару туралы» ереже қабылданды [4, 163-166 б.]. Ереженің басты мақсаты – Қазақстан аумағында жаңа басқару жүйесінің енгізілу үдерісін тездету болды. Сібір қырғыздарын басқару үшін Сібір қырғыздарының басқармасы деп аталған арнайы басқарма құрылды. Басқарма Батыс Сібір генерал-губернаторына тікелей бағынды. Шекара басқармасының құрамына генерал-майор шешін иеленген сібір қырғыздарының шекара басшысы; полковник немесе подполковник шені бар шекара басқармасының төрағасы; төрт кеңесші кірді. Кеңесшілер ішінде қырғыз ассессоры, қазына және қылмыстық істерге жауапты, кеңсе қызметкерлері болды. Шекара басшысы және шекара басқармасының төрағасын тағайындау және қызметтен босату императордың жарлығымен жүзеге асырылды.

1844 жылы 14 маусымда «Орынбор қырғыздарын басқару туралы» [4, 198-204 б.] ереженің қабылдануы аумағында Ресей патшалығының билігін нығайтуды көздеді. Ережеде оның «қабылдануы Кіші орда қырғыздарын басқаруды жақсарту мақсатында, бірақ бұрын қалыптасқан басқару тәртібінің негіздерін күрделі түрде өзгертпей, қырғыздарды меңгеруші Орынбор шекара комиссиясына шекара басқармасына қатысты істердің оңтайлы шешілуін бақылау үшін қажеттіні бөлу деп атап көрсетілді.

Құжатқа сәйкес Орынбор қазақтарын басқару Орынбор әскери губернаторы мен Орынбор шекара комиссиясына қарасты болды. Шекара комиссиясы Ресейдің мемлекеттік мекемесі қатарына жатқызылып, ол губерниялық басқару билігі мен міндеттері, қазына, мемлекеттік мүлік, азаматтық және қылмыстық сот палаталарын біріктірді. Жүз аумағындағы жергілікті халыққа ықпалды күшейту мақсатымен қамқорлық институты енгізілді.

1854 ж. «Семей облысын басқару туралы» арнайы ереже қабылданды [4, 270-280 б.]. Ережеге сәйкес Семей облысы құрылды. Оның құрамына Ертістің оң жағы, Сібір шебінің ішкі жағында көшіпқонып жүрген қырғыздар; Сібір қырғыздарының Көкбекті және Аягөз сыртқы округтері; Қапал станицасы және оған қарасты бекіністер мен жерлер; Семей және Өскемен қалалары, Бұқтырма және Іле сырты бекіністері кірді. Облыстың орталығы Семей қаласы болды. Семей облысын әскери губернатор басқарды. Ол облыстың сыртқы округтерінде орналасқан бар әскерге және облыстың басқармасына билік жүргізді. Екеуі де генерал-губернаторға және Батыс Сібір Бас басқармасына тікелей бағынды.

Бірте-бірте патша үкіметі Қазақстан аумағында өз билігін заңнамалық тұрғыдан нығайта түседі. 1859 ж. Кіші жүзде шекара басқармасы таратылып, басқару Шет істері министрлігінің қарауынан Ресейдің Ішкі істер министрлігіне беріледі.

Қазақ жерлерінің әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін өзгерту патша үкіметінің Орта Азия аймағында жүзеге асырылған жалпы саясатымен байланысты болды. XIX ғасырдың ортасында Қазақстанда аумақтық өзгерістерді көздеген бірнеше заңнамалық құжат қабылданды. Олардың ішінде «Шығыс және Батыс Сібірді басқаруға қатысты кейбір өзгерістер туралы»; «Орынбор өлкесін ішінде «Шығыс және Батыс Сібірді басқаруға қатысты кейбір өзгерістер туралы»; «Орынбор өлкесін Бас басқару әдістерін нығайту туралы»; «Сібір қырғыздары облысының Құсмұрын және Көкшетау округтерін басқаруды өзгерту туралы»; «Оралдың арғы жағындағы қырғыз даласын Орынбор қырғыздарының облысы ретінде өзгерту және басқарудың жаңа жүйесі туралы»; «Орынбор ведомствосына қарасты қырғыз даласы мен Сырдария шебінің әскери құрылымы туралы»; «Сібір ведомствосына қарасты қырғыз даласының оңтүстік-шығыс бөлігінде көшіп-қонатын Үлкен орда қырғыздары кіретін Алатау округын құрайтын Үлкен орданы Шет

істері министрлігінің қарамағынан Батыс Сібір жергілікті Бас әскери «Түркістан облысын құру туралы»; «Сырдария шебін басқаруды тарату және оның орнына Түркістан облысы басқармасын құру туралы»; «Түркістан облысын басқару туралы» [2].

Орта Азия жерлері мен Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы, оңтүстік шекараларда ресейлік биліктің нығаюы бұл аумақтарға жаңа басқару жүйесін енгізу және олардың Ресейге түбегейлі қосылуын талап етті.

1867 жылғы «Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы туралы» патша жарлығына сәйкес «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қарасты, Қытай және Орта Азия хандықтарымен шекаралас жерлердің азаматтық және әскери құрылымын өзгерту қажет деп танылып, Сырдария мен Жетісу облыстарын біріктірген Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды [10, 90 б.].

Генерал-губернатор өзіне қарасты аумақта шексіз билікке ие болды. Жалпы облысты басқару ісі әскери губернатор мен облыстық басқарма құзырында болды. Облыстық басқарма империяның орталық аудандарының губерниялық басқармасына теңелді. Облыстық басқарманы әскери губернатордың ұсынысымен әскери губернатордың көмекшісі басқарды. Облыстық басқарма үш бөлімнен тұрды: өкім шығару, шаруашылық және сот. Уездегі әкімшілік және полицейлік билік уезд бастығының қолында болды.

«Орынбор және Сібір қырғыздарын басқаруды өзгерту туралы» жарлыққа сәйкес төрт облысты құру шешілді [10, 129-131 б.]. Олар: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары. Бұл облыстарды басқару туралы ереже 1868 ж. 21 қазанда бекітілді. Бұл реформаның негізгі мақсаттары: тұтас Қазақстан аумағын құру, әкімшілік шенеуніктердің артқан шығындарын өтеу және әскери құрылымдарды қамтамасыз ету үшін салықтарды көбейту, Қазақстан аумағында жалпыресейлік заңнаманы енгізу, өлкені отарлау үшін құқықтық негіз жасау.

1867-1868 жж. әкімшілік-аумақтық реформалардың нәтижесінде Қазақстан Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернаторлығына бөлінді. Әр генерал-губернаторлық екі облыстан құралып, барлығы алты облыс болды: Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу және Сырдария. Бұл аумақтарда әкімшілік бөліністің келесі негізгі жүйесі қалыптасты: генерал-губернаторлық – облыс – уезд – болыс – ауыл. Аталған құжатқа сәйкес, Түркістан генерал-губернаторлығы Әскери министрлікке, Батыс Сібір генерал-губернаторлығы Шет істері министрлігіне тікелей бағынды.

Сонымен, «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы» және «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы» уақытша ережелер Қазақстан аумағында жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініс жүйесін қалыптастырды. Бұл жүйе дәстүрлі басқару жүйесін түбегейлі өзгертіп, қазақ қоғамы ішінде патриархалдық-рулық байланыстардың ыдырауы үдерісін күшейтті, өлкені қанаудың заңнамалық негіздерін жасады.

Сонымен қатар, патша үкіметі алға қойған мақсатын орындау барысында Қазақстан облыстарын әкімшілік басқаруға қатысты тағы да бірқатар ірі өзгерістерді жүзеге асырды. Бұл келесі заңнамалық құжаттардан көрініс тапты: «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын әскери басқару туралы»; «Ақмола облысында Сары-су өзені бойында бесінші Сары-су уезін ашу туралы»; «Ішкі Қырғыз орданы басқаруды астрахан басшылығының қарауына беру туралы»; «Орынбор генерал-губернаторлығын тарату және Орал мен Торғай облыстарының ішкі істер министрлігіне бағынуы туралы»; «Ақмола және Семей облыстарында әскери басқаруды өзгерту туралы»; «Ақмола, Семей және Жетісу облыстарын басқаруға қатысты басты қадағалауды генерал-губернатордың жүзеге асыруы туралы»; «Сырдария облысының облыстық басқармасындағы өзгерістер туралы» [2].

XIX ғасырдың 80-шы жылдары бірқатар заңнамалық актілердің қабылдануы нәтижесінде қазақ өлкесін басқаруда әкімшілік-аумақтық өзгерістер жүзеге асты. 1881 ж. «Орынбор генерал-губернаторлығын тарату туралы» патша жарлығына сәйкес Орынбор генерал-губернаторлығы жойылып, Орал және Торғай облыстары тікелей Ішкі істер министрлігіне

бағынды [10, 269 б.]. 1882 ж. Батыс Сібір генерал-губернаторлығы жойылып, орнына Дала генерал-губернаторлығы құрылды [10, 276 б.]. Құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары енгізілді. Дала және Түркістан генерал-губернаторлығы арасындағы шекара 1886 ж. 15 наурызда қабылданған «Түркістан және Дала генерал-губернаторлығы арасындағы шекаралардың өзгеруі туралы» жарлықпен анықталды [11, 5 б.].

1886 ж. 12 маусымда қабылданған «Түркістан өлкесін басқару туралы» [11, 9-31 б.] ереже бойынша 1917 жылға дейін оңтүстік Қазақстан халқы басшылыққа алған негізгі құқытық акт болып саналды. Түркістан өлкесіне үш облыс – Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстары кірді. 1897 ж. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Жетісу облысы да кірді. Генерал-губернатордың билігі кеңейтілді. Облысты әскери губернаторлар мен облыстық басқарма басқарды. Әскери губернаторлар әскери министрдің ұсынысымен және Ішкі істер министрі мен Түркістан өлкесінің губернаторымен өзара келісімі бойынша тағайындалып, қызметтен босатылды. Болыс басшылары, ауыл старшиндары мен олардың көмекшілері халық сайлауымен үш жыл мерзімге тағайындалды. Бірақ әскери губернатор сайлау нәтижесін бекіту не бекітпеу құқығын иеленді.

XIX ғасырдың соңында қазақ қоғамында күрделі әлеуметтік өзгерістер орын алды: тауар-ақша қатынастарының таралуы, кен өнеркәсібінің дамуы, темір жолдардың салынуы, қоғамның ыдырауы және жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы. Қазақстан бірте-бірте жалпыресейлік экономикалық нарыққа кірігіп, нәтижесінде Ресейдің дамушы капиталистік өнеркәсібі үшін тауар өткізу нарығы мен шикізат көзіне айналды. Бірақ аталған үдерістің дамуын қиындатқан субъективті жағдайлар болды. Ескі заңнамалық актілер далалық облыстардың қоғамдық-саяси және шаруашылық өміріндегі өзгерістерге сай болмады. Сөйтіп, қабылданған заңнамалық актілер қазақ өлкесінде болып жатқан өзгерістерден қалыс қалып отырды.

Қабылданған заңдарға қосымша келесі заңнамалық актілер қабылданды: «Түркістан әскери округының шаттары мен Ережедегі кейбір өзгерістер туралы»; «Сырдария облысының облыстық басқаруындағы өзгерістер туралы» [2].

1891 ж. наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ереже қабылданды [11, 82-95 б.]. Тарихта ол Дала ережесі деген атпен белгілі. Облыстарды басқару дала генерал-губернаторына берілді. Ол императордың өзі тағайындап, қызметтен босататын болды. Облыстық басқару әскери губернатор мен облыстық басқарма құзырында болды.

Жалпы аталған ереже Далалық облыстарды басқару жүйесін реттеп, 1867-68 жж. реформаларға тән уақытша сипатын жойып, әкімшіліктің қызметтерін айтарлықтай кеңейтті. Сонымен бірге сот құрылымына күрделі толықтырулар мен түсініктемелер, салық саясатына өзгерістер енгізді. Осыған байланысты Ә. Бөкейханов: «Елде халықтың мұқтажын ескермей, бюрократиялық жолмен жасалған Дала ережесінің енгізілуі, өз қалауын тұлға құқығынан артық қоятын биліктің заңды құрметтемеуі, әкімшілік күштеу, қырғыздардың рухани және экономикалық мүддесін мүлдем ескермеу, бұқара надандығының артуына қолдан жағдай жасау – осының барлығы халықтың кедейленуі мен мәдениеттің тоқырауына алып келді», – деп атап өтті [12, 76 б.].

Алайда аталған реформа заман талабына жауап бере алмай, өлке қажеттіліктерін қанағатандыра алмады. Патшалық мемлекеттік органдарда орын алған бюрократизм, түсініксіздік заңның жүзеге асырылу үдерісін баяулатты. Сол себепті кейін қабылданған заңнамалық құжаттарға түзетулер енгізген жаңа заңнамалық актілер қабылданатын болды. Олардың қатарында «Түркістан өлкесінің әкімшілік құрылымына қатысты ереженің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы»; «Түркістан өлкесін басқару туралы ереженің 18-бабын өзгерту туралы»; «Закаспий облысының Грузин епархиясынан Түркістан қарамағына өтуі туралы»; «Түркістан генерал-губернаторына оның қарамағындағы Кеңес талқылауына Жетісу және Каспий

сыртыоблыстарын басқаруға қатысты мәселелерді ұсыну құқығын беру туралы» заңнамалық құжаттарын атауға болады [2].

Қазақстанның Ресейдің құрамына қосылуының құқықтық негіздерін бірте-бірте жүзеге асырылып, ғасырға жуық уақытқа созылды. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы мәселесі өте күрделі болды. Ұзаққа созылған бұл үдеріс қайшылықты әрі мән-мазмұны жағынан біркелкі болмады. Басып алынған аумақтарда жаңа басқару жүйесін енгізуде асығыстық таныту, жергілікті ерекшеліктерді білмей және ескермеу, қазақ жерлерінің кендігі, қазақ халқының жүзеге асырылып жатқан реформаларға табанды қарсылық білдіруі, енгізілген өзгерістердің өзгермелі тарихи жағдайларға сай болмауы – барлығы ертерек қабылданған заңдарды толықтыратын немесе күшін жойған, тіпті бір-біріне қайшы келген бірқатар заңнамалық актілерді қабылдауға мәжбүр етті. Осының барлығы Ресей империясы тарапынан енгізілген жаңа өзгерістер қазақ қоғамының объективті тарихи дамуына сай болмады, сол себепті бұл үдеріс баяу жүзеге асты. Жалпы, зерттеліп отырған кезеңнің заңнамасы патша үкіметінің Қазақстандағы билігін нығайтуға бағытталып, басқарудың ресейлік жүйесін енгізудің құқықтық тұрғыдан негізделуіне жәрдемдесті.

Әдебиет

- 1 Назарбаев Н. А. Хранить память, крепить согласие. Алматы: Қазақбаспасөзі, 1998. 16 с.
- 2 Хронологический указатель законодательных актов Российской империи по истории Казахстана XVIII-начала XX в. Учебно-справочное пособие. Павлодар: ПГПИ, 2012. 161 с.
- 3 Отепова Г.Е. История Казахстана в законодательных источниках Российской империи. Монография. Павлодар: ПГПИ, 2015. 260 с.
- 4 Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX в.). Сб. документов. Ч.1. // Под ред. Отеповой Г.Е. Павлодар: ПГПИ, 2015. 344 с.
- 5 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII - первой половины XIX в. Алма-Ата: АН КазССР, 1960. 296 с.
- 6 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. Алматы: Атамұра, 2000. Т.3. 766 с.
- 7 Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана: Елорда, 1998. 137 с.
- 8 Красовский М. Область Сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. В 3 частях. СПб: Печатано в типографии, 1868. Ч.3 427 с.
- 9 Быков А.Ю. Истоки модернизации Казахстана (проблема седентаризации в первой половине XVIII века – начале XX века). Барнаул: Азбука, 2003. 267 с.
- 10 Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX в.). Сб. документов. Ч.2. // Под ред. Отеповой Г.Е. Павлодар: ПГПИ, 2015. 300 с.
- 11 Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX в.). Сб. документов. Ч.3. // Под ред. Отеповой Г.Е. Павлодар: ПГПИ, 2015. 284 с.
- 12 Букейханов А. Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи. Избранное. Собрание сочинений. Алматы: Өлке баспасы, 2002. Кн.1. С.40-91.

УДК 355/359(=512/1)

СКАНДИНАВИЯ И ЗОЛОТАЯ ОРДА: РЕАЛИИ И ВЫМЫСЕЛ

Пилипчук Я.В.

младший научный сотрудник отдела Евразийской степи Института востоковедения НАН Украины, к. и. н., Украина, Киев, ул. Грушевского 4, каб. 210, 01001, pylypchuk.yaroslav@gmail.com

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию вопроса взаимоотношений между скандинавскими странами и Золотой Ордой. Предметом данного исследования являются анализ данных скандинавских и русских источников относительно отношений между Золотой Ордой и Скандинавией. Целью работы является получение достоверных научных данных относительно взаимоотношений татар и скандинавов. Новизной данного исследования является сама постановка вопроса о взаимоотношениях скандинавских стран с Золотой Ордой. Сведения новгородской первой летописи о баскаке Амрагане и его роли в заключении мира с скандинавскими странами и немцами в 1269 г. Татары не принимали участия в шведсконовгородской войне 1348-1352 гг. Исторической реальностью есть золотоордынская дипломатическая миссия в Норвегию в 1286 г. Готландские анналы сообщали совершенно достоверную информацию о участии татар в Грюнвальдской битве. Контакты между Золотой ордой и Скандинавией были эпизодическими. Фактически они свелись только к татарскому посольству в 1269 г. Скандинавские народ

Ключевые слова: Орда, Золотая, источники, русские, при, баскак, Скандинавия, татары, битва, Грюнвальде.

СКАНДИНАВИЯ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДА: ШЫНДЫҚ ПЕН ДАҚПЫРТ

Пилипчук Я.В.

Аңдатпа. Мақала скандинавиялық елдер мен Алтын Орда арасындағы өзара қарым-қатынастар мәселесін зерттеуге арналған. Зерттеу пәні Скандинавия мен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастарға тікелей қатысы бар скандинавиялық және орыс деректеріндегі мәліметтерді талдау болып табылады. Жұмыстың мақсаты татарлар мен скандинавтар арасында өзара қарым-қатынастарды анықтайтын нақтылы ғылыми мәліметтерді алу болып табылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы скандинавиялық елдердің Алтын Ордамен қарым-қатынастарын мәселе ретінде көтерілуінде. Амраган басқақ туралы және оның 1269 ж. скандинавия елдері мен немістер арасындағы бейбітшілік бітіміндегі рөлі туралы новгородтық жылнама мәліметі. Татарлар 1348-1352 жж. шведновгород шайқасына қатысқан жоқ. Алтынордалықтардың 1286 ж. Норвегияға дипломатиялық миссиясы болғандығы тарихи шындық. Готланд анналдары татарлардың Грюнвальд шайқасына қатысқандығы туралы нақтылы мәлімет береді. Алтын Орда мен Скандинавия арасындағы байланыс ара-тұра ғана болған. Шындығында олар 1269 ж. татар елшілігімен шектелді. XIII-XV ғғ. Скандинавия халықтары мен Алтын Орда тікелей қақтығысқан жоқ.

Түйін сөздер: Алтын Орда, татарлар, Скандинавия, басқақ, орыстар, деректер, Грюнвальд шайқасы

SCANDINAVIA AND THE GOLDEN HORDE: BETWEEN REALITY AND FICTION

Pylypchuk Ya.V.

Abstract. This paper focuses on the study of the relations between the Nordic countries and the Golden Horde. The subject of this study is to analyze the data of the Scandinavian and Russian sources on the relationships between the Golden Horde and Scandinavia. The aim is to obtain scientific evidence regarding the relationship of the Tatars and the Scandinavians. Novelty of this study was the question about the relationship between the Nordic countries with the Golden Horde. Fiction is the data the First Novgorod Chronicle about a role of basqaq Amragan in making peace with the Germans, Scandinavian countries and Russians in 1269. Germans, Danes, Swedes didn't know about the existence of Amragan. The Tartars didn't participate in the Swedish-Novgorod War 1348-1352. Historical reality of the Golden Horde have a diplomatic mission to Norway in 1286 Gotland annals reported quite reliable information about the participation of the Tatars in the Battle of Grunwald. Scandinavia and the Tatars were not at war with each other. Contact's between countries limited only Tatar Embassy in Norway in 1286. Europe should be grateful to the merchants and monks from Wisby for information on the participation of the Tatars in the Battle of Grunwald.

Keywords: Golden Horde, the Tatars, Scandinavia, basqaq, Russians, sources, Battle at Grunwald.

Одним из интереснейших аспектов истории Восточной Европы является история Золотой Орды. В последнее время эта проблематика стала популярной. Однако до сих пор остается белые пятна в историографии, которые практически неизучены, а именно отношения Дании, Норвегии и Швеции с Золотой Ордой. Сведения источников по этому вопросу фрагментарны и недостаточны. Однако даже вопрос о возможности этих взаимоотношений не ставился на серьезном научном уровне. Этому вопросу были посвящены лишь псевдонаучные изыскания Р. Набиева [Наби 2001]. Задачей данной статей является изучение истории взаимоотношений скандинавов с Золотой Ордой, а также освещение отображения истории татар в скандинавских источников. Важно ответить на вопрос насколько правдиво они отображали реалии истории Золотой Орды.

Перед тем вести разговор об отношениях Улуса Джучи со странами Скандинавии нужно проанализировать сведения скандинавских источников о монголах. В Исландских анналах под 1241 г. сообщается о вторжении монголов в Венгрию. Под 1286 г. в Исландских анналах упомянуто сообщается о прибытии ко двору норвежского короля Эрика монгольского посла [Шаскольский 1994; Islandske Annaler 1977; Islenskir Annalar 1847, s. 161-163; Scriptores Rerum Danicarum 1774, s. 95, 118, 127]. Очевидно, миссия татарского посла преследовала торговые цели. Если бы дело лежало в политической плоскости, это было бы зафиксировано в норвежских хрониках, чего мы не наблюдаем. Поразительно, что исландцев интересовали дальние дела. Но в то же время мы можем вспомнить о делах эпохи викингов, когда скандинавы странствовали от Ньюфаунленда до Хорезма и от Гренландии до Сицилии и Константинополя. Подобно Русскому Северу, где народная историческая память в форме былин сохранила память о событиях давно минувших дней и событиях в далеких странах, в Исландии народная память сохранила сведения о монголах в сагах. Относительно же упоминания о татарах в исторической хронике то тут нет ничего удивительного. И Исландия и Улус Джучи принимали участие в международной торговле. Исландия была связующим звеном в торговле между Норвегией, Англией и Гренландией. События так или иначе затрагивавшие торговлю должны были быть запечатлены в хрониках. Страны даже в эпоху Средневековья были достаточно тесно взаимосвязаны между собой и если миссия с целью расширить торговые контакты прибывала в Норвегию, то об этом автоматически

ставало известно в соседних регионах, таких как Исландия [Шаскольский 1987; *Islandske Annaler* 1997; *Islenskir Annalar* 1847].

Интересным является сообщение новгородского летописца о желании великого владимирского баскака Амрагана в 1269 г. выступить на стороне русских против датчан и ливонцев. До этого события в 1268 г. русские потерпели поражение от датчан под Раквере (Раковором) и отразили вторжение войска Ливонского Ордена в псковские земли. Князь Довмонт ценой героических усилий удержал детинец Пскова. По сведениям новгородского летописца, как только датчане и ливонцы узнали, что против них хочет выступить Амраган, они заключили мир с русскими. Летописец сообщал, что баскак хотел идти на Нарву и Ревель (Таллинн). Это сообщение нуждается в критике. В шведских, норвежских и датских хрониках под этим и предшествующими годами нет упоминаний о монголах. Также нет упоминаний о угрозе со стороны татар в хрониках Ливонского и Тевтонского Ордена. Нападения татар на Эстонию и Финляндию произошли уже в совсем иную эпоху. Татары пришли в эти страны как вспомогательные части русских войск во время Ливонской войны. Однако в середине XIII в. ничего подобного не происходило. Но последующие события, произошедшие после 1269 г. и зафиксированные в актовом документе дают ответ, почему Амраган был столь активным участником в решении конфликта между русскими и немцами. Менгу-Тимур приказал Ярославу Ярославичу дать позволение купцам Ганзы торговать с татарами через поселения на территории Руси. Война между ливонцами, датчанами и русскими препятствовала торговле, поскольку Папа Римский на время войн с русскими вводил эмбарго на торговлю с Новгородом и его прибалтийско-финскими вассалами. Через Смоленск и Владимиро-Суздальскую Русь города Ганзы на побережье Балтики были связаны с поволжскими городами Улуса Джучи. Торговля велась через польские города, Галицко-Волынское государство и Киев. От Аккермана до Львова шел татарский путь, а от Львова он шел через Краков к Торуню и Гданьску [НПЛ 1950, с. 88, 319; Хайдаров 2012, с. 335-339].

В сочинении Эрика Олая – "Хронике свеев и готов" сообщается о войне императора тартар против мусульман. Имеются в виду действия ильхана Газана против мамлюков. Также шведский хронист сообщал о литовцах и татарах, а также о взятии королем Магнусом русской крепости Пекенсар. Об этих событиях также сообщал Петри Олай. Пекенсар это финское *Pähkinäsaari*, то есть Ореховый остров, откуда и русское название крепости – Орешек. Скандинавы знали эту крепость как Нотебург. Шведский и норвежский король Магнус в 1348 г. взял эту крепость и в плен к нему попал наместник Нариманта Гедиминовича. На помощь наместнику Нариманта пришли войска новгородцев и отвоевали крепость Орешек в 1349 г. [*Scriptores Rerum Svecicarum* 1828, Т. III, s. 76, 104; *Scriptores Rerum Svecicarum*, Т. I. *Sectio Potestior*, 1828, s. 267; Олаус Петри 2012, с. 89].

Для сравнения в хронике *Chronologia Svecica ex Codice minoritarum Wisbyensium ab anno 815 ad annum 1412* упомянуто, что Магнус взял замок русских Пекенсаре. Не о каких литовцах и татарах в ней не упомянуто. При этом нужно упомянуть, что купцы и церковники Готланда были гораздо честнее, чем шведские хронисты, которые оправдывали поражение шведов помощью русским со стороны литовцев и татар [*Scriptores Rerum Svecicarum* 1828, Т. 1, s. 44].

Нужно отметить, что готландцы знали о участии татар в Грюнвальдской битве 1410 года. В *Diarium Minoritarum Wisbyensium ab anno 686 ad annum 1525* под 1410 г. упомянут император тартар как противник правителя Пруссии. В хронике *Annales fratrum minorum Wisbyenses ab anno 1525* под 1410 г. сообщается о императоре тартар как о союзнике литовского и польских королей против правителя Пруссии [*Scriptores Rerum Danicarum*, 1772, s. 36-37, 263]. В хронике *Annales ab Anonymo circa Alliam, ad Annum usque 1265 conscripti* упомянуто о вторжении тартар в Венгрию в 1241 г. [*Scriptores Rerum Danicarum*, 1772, s. 208]. В *Catalogus abbatum Sagansior* под 1410 г. в войске короля Польши упомянуты неверные татары, литовцы и русины. В

Diarium Minoritarum Wisbyensium ab anno 686 ad annum 1525 под 1410 врагами правителя Пруссии назван Владислав король Польши, Витольд король Литвы, император и цезарь татар, русины, жемайты и татары. В хронике *Annales fratrum minorum Wisbyenses ab 67 ad 1525* под 1410 г. сообщается о войне против правителя Пруссии Владислава короля Польши, Витольда короля Литвы, императора и цесаря татарского, русинов, жемайтов и валахов (молдаван) [*Scriptores Rerum Danicarum* 1772, s. 263].

Отношения между скандинавскими странами и Улусом Джучи начались во второй половине XIII в. Первая и единственная известная татарская дипломатическая миссия прибыла в Норвегию в 1286 г. Вероятно вопрос стоял о возможности международной торговли. Сведения некоторых шведских

г. Вероятно вопрос стоял о возможности международной торговли. Сведения некоторых шведских хронистов об участии татар на стороне новгородцев в войне 1348-1352 гг. не соответствуют действительности. Эрик Олай и Петри Олай информацией о помощи литовцев и татар намагались замаскировать поражения шведов от русских. Также скептического отношения заслуживают данные о том, что Амраган хотел повести на датскую Эстонию свое войско. Новгородский летописец приукрасил реалии, поскольку о Амрагане как о полководце немцы и датчане не знали. Более того, они не знали, что татары вообще собирались йти на них войной, что позволяет отнести сообщение новгородской первой летописи к историческим фантомам. Более менее правдоподобными являются данные об Грюнвальдской битве и об участии в ней татар.

Список литературы

- Ипатьевская летопись/ Воспроизведение текста издания 1908 г. Полное собрание русских летописей. Т.2. М.: Восточная литература, 1962. XVI, 938, 87, IV с.
- Лаврентьевская и Суздальская летопись по Академическому списку/ Под ред. акад. Е.Ф. Карского. Воспроизведение текста изд. 1926-1928 гг. Полное собрание русских летописей. Т.1. М.: Восточная литература, 1962. VIII, 578 с.
- Наби Р. Булгар и Северная Европа. Древние связи. Казань: Иман, 2001. 158 с. <http://www.islamrt.ru/book/bulgar.pdf>
- Новгородская первая летопись старшего и младшего изводов. М.: Изд-во АН СССР, 1950. 640 с.
- Олаус Петри. Шведская хроника. М.: Наука, 2012. 428 с.
- Хайдаров Т.Ф. Торговые отношения Ганзейского союза и Золотой Орды // Золотоордынская цивилизация. Вып.5. Казань: ООО Фолиант, Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. С. 335-339.
- Шаскольский И.П. Сведения об истории Руси в исландских анналах // Вспомогательные исторические дисциплины. XXV. СПб.: Издательство Дмитрий Буланин, 1994. С. 231-239
<http://ulfdalir.narod.ru/literature/articles/islandske.htm>
- Islandske Annaler. Oslo: Norsk Historisk Kjeldeskrift-Institut, 1977.
http://ulfdalir.narod.ru/sources/IcelandScandinavia/Islenzkir_annalar.htm <http://www.septentrionalia.net/etexts/annaler.pdf>
- Islenzkir Annalar, 1847. Islenzkir Annalar sive Annalles Islandici ab Anno Christi ad annum 1430. Hafniae: Typis J.H. Schultz, 1847. <http://archive.org/details/slenzkirannlars00sigugooq> http://books.google.com.ua/books?id=BDcLAAAAQAAJ&printsec=frontcover&hl=uk&source=gbs_ge_summary_r&cad=0#v=onepage&q&f=false
- Scriptores Rerum Danicarum Medii Aevi. Tomus I. Hafniae: Typis Vidue Andreae Hartvici Godiche, 1772. http://books.google.com.ua/books?id=AJdJAAAAcAAJ&printsec=frontcover&hl=uk&source=gbs_ge_summary_r&cad=0#v=onepage&q&f=false
- Scriptores Rerum Danicarum Medii Aevi. Tomus III. Hafniae: Typis Vidue Andreae Hartvici Godiche, 1774. http://books.google.com.ua/books?id=vZZaAAAAYAAJ&printsec=frontcover&hl=uk&source=gbs_ge_summary_r&cad=0#v=onepage&q&f=false
- Scriptores Rerum Svecicarum Medii Aevi. Tomus I. Upsaliae: Zeipel Palmblad et Soc. Reg. Acad. Typographi, 1828. http://books.google.com.ua/books?id=caBMB0X1InYC&printsec=frontcover&hl=uk&source=gbs_ge_summary_r&cad=0#v=onepage&q&f=false
- Scriptores Rerum Svecicarum Medii Aevi. Tomi I. Sectio Potestior. Upsaliae: Excudebant Palmblad et Soc. Reg. Acad. Typographi, 1828. http://books.google.com.ua/books?id=hNP9JrER1dcC&printsec=frontcover&hl=uk&source=gbs_ge_summary_r&cad=0#v=onepage&q&f=false

ПОСЛЕДСТВИЕ ХИМИЗАЦИИ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В ФЕРГАНСКОГО ДОЛИНЕ. 1950-1990 гг.

Рахимова Г.

Аннотация. В данной статье раскрыты причин использования химических ядовитых веществ в сельском хозяйстве, особенно в хлопководстве. В густонаселенной Ферганской долине в политике хлопка монополия была планирована, построит химические заводы. В результате химические заводы загрязняли окружающую среду и причинила к здоровью людей. Технические средства, использованные при химической обработке. Появление Экологические проблемы открылось на основе исторических доказательств.

Ключевые слова: вещества, хлопок, почва, вода, общество, воздух, болезни, производство, химические, эрозия, засоление

ФЕРҒАНА АЛҚАБЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ХИМИЯЛАНДЫРУДЫҢ САЛДАРЫ. 1950-1990 жж

Рахимова Г.

Аңдатпа. Бұл мақалада ауыл шаруашылығында, әсіресе мақта шаруашылығында химиялық улы заттарды қолдану себептері көрсетілген. Халық тығыз орналасқан Ферғана алқабында мақта саясатында монополия жоспарланған, химиялық зауыттар салынады. Нәтижесінде химиялық зауыттар ластанған және себеп болды дейін адамдардың денсаулығы. Химиялық өңдеуде қолданылатын техникалық құралдар. Пайда болуы экологиялық мәселелер тарихи дәлелдер негізінде ашылды.

Түйін сөздер: заттар, мақта, топырақ, су, қоғам, ауа, аурулар, өндіріс, химиялық, эрозия, тұздау

CONSEQUENCES OF CHEMICALIZATION OF AGRICULTURE IN THE FERGHANA VALLEY. 1950-1990

Rakhimova G.

Abstract. This article reveals the reasons for the use of chemical toxic substances in agriculture, especially in cotton growing. In the densely populated Fergana Valley, in the cotton policy, a monopoly was planned, chemical plants would be built. As a result, chemical plants polluted the environment and caused to people's health. Technical means used in chemical processing. The emergence of an environmental problem was discovered on the basis of historical evidence.

Keywords: substances, cotton, soil, water, society, air, diseases, production, chemical, erosion, salting

Независимость освободила Узбекистан от оков советского режима, открыла широкий горизонт, исторического прогресса. Встав на путь суверенного национального развития, независимый Узбекистан твердо и неуклонно осуществляет курс демократического обновления, кардинального реформирования всех сфер жизни общества, строительства правового государства с социально ориентированной рыночной экономикой. Как подчеркивал Президент независимого Узбекистана И.А.Каримов, - "от положения дел в сельском хозяйстве, темпов и эффективности его развития прямо зависит... материальное благосостояние, достаток всего народа"[1].

В последние, годы произошли крупные реорганизации в экономике, обеспечивающие

экономическую самостоятельность республики[2, с. 70], Экологическая проблема привлекает все большее внимание ученых, специалистов, политических деятелей и граждан. Это нашло соответствующее отражение в работе таких крупных форумов, как Конференция ООН по окружающей среде (Рио+20), а также на Саммите стран-членов АТР, проходившем в сентябре нынешнего года на территории Узбекистана.

В период советского тоталитарного строя неоднократно предпринимались попытки по подъему сельского хозяйства, использованию индустриальных технологий, интенсификации научнотехнического прогресса, в том числе внедрению программы химизации. Особенно-масштабный размах этот курс приобрел в 46-е и последующие годы. Однако все попытки директивных органов бывшего Союза реформировать аграрное производство, решить продовольственную проблему, не принесли ожидаемого результата. В их числе деградация почвы, истощение земельно-водных ресурсов, трагедия Арала, обострение экологической обстановки в целом, высокая детская смертность, рост опасных заболеваний.

Химизация сельского хозяйства, как самостоятельный объект научного исследования, одной из первых поставлена в работах И.А.Алимова.[3] Опираясь на доступные архивные источники, он сквозь призму концептуально-идеологических представлений своего времени осветил основные представления проводимого в 1965-1986 гг. курса химизации, проанализировал практику снабжения сельского хозяйства химическими средствами защиты растений, исследовал механизацию процессов химической обработки полей.

Пристальное внимание уделили исследователи советского периода вопросам химизации отечественного хлопководства. Так, в коллективной монографии "История развития хлопководства в Узбекистане"[4,] была прослежена история внедрения минеральных удобрений и средств химической защиты хлопчатника от вредителей и болезней. С начала XX в до.80-х годов, рассказано о деятельности научных учреждений и специализированных станций, занимающихся проблемами научного обеспечения химизации хлопководства.

Н.Аберкулов и А.Таджибаев[5,] сосредоточили основное внимание на характеристике процессов химизации хлопкового комплекса в хронологических рамках 50-60-х годов. В их исследованиях, в частности, отмечалось, что важную роль в широком внедрении программы химизации хлопководства сыграло строительство в республике Алмалыкского химического завода, ввод в эксплуатацию вторых очередей Ферганского завода азотных удобрений и Навоийского химкомбината, увеличение производственных мощностей Чирчикского электрохимического комбината. Авторы приводят конкретные данные об увеличении выпуска в Узбекистане минеральных удобрений и расширении ассортимента средств защиты растений, описывают формы и методы агрохимического обучения сельских тружеников.

За год независимости появилось немало интересных научных трудов, авторы которых с принципиально новых методологических позиций, вне прежних утопических схем ортодоксального марксизма, анализируют узловые проблемы истории сельского хозяйства республики 50-х - 80-х годов, в том числе отдельные аспекты химизации аграрного производства. К числу таких работ следует отнести, в первую очередь, исследования Н.Обламурадова, С.Н.Турсунова,

А.М.Юлдашева и др.[6]. Они исследовали общей истории Узбекистана. Но никто не изучало производства и сельское хозяйство Ферганской долине.

Применительно к условиям Ферганского региона, характеризующегося высокими темпами роста численности населения, практически полным исчерпанием водных ресурсов и, как следствие, ограничением орошаемого земледелия, реализация задач перспективного развития производительных сил предполагает коренные структурные изменения и формирование рациональной системы межрегиональных связей.

Возникли также серьезные преграды в развитии хозяйств областей региона вследствие не

комплексного, недостаточно продуманного размещения предприятий, особенно союзного подчинения. В результате этого производства некоторых отраслей оказались не писанными в общий контур экономики региона, системы решения социальных вопросов. Более того, размещение осуществлялось без учета экологических и экономических аспектов и рационального использования минеральных и сельскохозяйственных ресурсов.

Для неуклонного увеличения производства хлопка-сырца принимались активные меры по химизации аграрной отрасли. Дозированное использование минеральных удобрений, химических средств защиты растений от болезней и вредителей способствует повышению плодородия земли, росту урожайности сельхоз культур. В противном случае химизация оборачивается опасными последствиями. Она генетически была нацелена на тотальную эксплуатацию производственного потенциала и здоровья сельчан, исходила из логики хищнического отношения к природе. Все это определило сложную картину конечных результатов, вызревание тяжелых социально-экономических и экологических последствий, а в ряде случаев необратимых негативных процессов.

В Узбекистане к началу 50-х годов химическая промышленность аграрного профиля включала в основном Кокандский и Самаркандский суперфосфатные заводы, Ферганский азотный завод, Ферганский химический завод фурановых соединений. К концу исследуемого десятилетия в Ферганской долине действовало уже 12 предприятий этого профиля. В частности, отмечается, что уже в 1946-1952 гг. на Кокандском суперфосфатном заводе были дополнительно введены в строй суперфосфатный цех и производство по аммонизации суперфосфата, пущена в эксплуатацию промышленная установка по извлечению селена из серной кислоты[7.]. Кокандский суперфосфатный завод еще не был готов на работу. Что в заводе не закончен строительством и ввести в эксплуатацию железобетонную трубу для отходящих газов сернокислотного цеха, на выполнено строительство-монтажных работ[8.]. От этого влилось загрязнение окружающей среды. Крупным событием в развитии химической промышленности явился, туск в эксплуатацию в 1963 г.

Ферганского завода азотных удобрений. К этому времени основной продукцией азотных заводов Ферганской долины была аммиачная селитра, дефолианты и суперфосфатных заводах выпускались аммонизированный суперфосфат, кремнефтористый натрий, селен, аккумуляторная серная кислота, отварный кислород[9].

Крупным показателем технического прогресса второй половины 60-х годов явился перевод Кокандского, Ферганского суперфосфатных заводов и на выпуск более качественного удобрения аммонизированного суперфосфата. В определяющей мере характер и масштабы развития химической промышленности республики в исследуемый период определялись повышенными заданиями центра по увеличению объемов производства хлопка. В соответствии с этим пристальное внимание было уделено выпуску минеральных удобрений, содействующих росту урожайности хлопковых полей, наращиванию объемов ядохимикатов и дефолиантов для ускорения раскрытия коробочек хлопчатника и удаления листьев с него в целях создания благоприятных условий для машинной уборки хлопка. Исходя из экономических интересов центра, союзные директивные органы в обеспечении этой задачи приняли 31 мая 1968 г. специальное постановление "О мерах по развитию промышленности минеральных удобрений в 1968-1972 гг." [10] Оно предусматривало дальнейшее, расширение мощностей Чирчикского электрохимического комбината, Навойинского химкомбината, химических предприятий Самарканда, Ферганы и в городе Коканда.

Ускоренное развитие химической индустрии способствовало созданию материальных основ комплексной химизации сельского хозяйства. Химические предприятия республики, как правило, располагались в густонаселенных городах. Они не были оснащены достаточной мере пылеуловителями и газоочистными установками и в результате превратились в опасный источник

загрязнения окружающей среды. От многократно возросших выбросов вредных веществ в атмосферу страдала природа, растительный и животный мир, отравлялись воздух и вода, ухудшалось здоровье людей.

Правда, был сделан некоторый "успокаивающий жест". Опасаясь роста официальной напряженности в Узбекистане и негативной реакции мировой общественности, возмущенной применением в СССР давно запрещенных ядохимикатов, московская партийно-политическая элита решила несколько сократить поставки ДЦТ и метил меркаптофоса в республику. Так, если до 1969 г. негодно в Узбекистан завозилось по 4000 т. метилмеркаптофоса, то в 1970 г. - только 1500 т. [11,] Зато резко усилилась "экспансия" бутифоса, используемого для дефолиации хлопчатника. Он стал применяться с 1964 г. и был запрещен только во второй половине 80-х годов, хотя бутифос был не менее токсичен, метилмеркаптофос и ДЦТ. В 1970 г. руководство Узбекистана вновь направилось в Москву с заявкой на поставку современных слаботоксичных ядохимикатов и гербицидов, в частности севина, разора и др., но она была удовлетворена только в 1971 г. чем лишь на одну пятую часть.

Кульминация экологического кризиса наступила в 80-х годах. Но и в исследуемый период опасные последствия антигуманного курса тотальной химизации проявились отчетливо. Так, проведенные в республике в конце 60-х годов исследования показали, что содержание высокотоксичных инсектицидов (ДЦТ, метил меркаптофоса и др.) в открытых водоемах превышало, предельную допустимую концентрацию в 20-50, а в некоторых случаях более чем в 100 раз. Подобная концентрация ядохимикатов вела к хроническому отравлению населения, угрожающему распространению опасных заболеваний. Например, в 60-х годах обозначился резкий рост число эндокринных заболеваний и малокровия (анемия), особенно среды женщин и детей. Так, в 1965 г. по Ферганской области было зарегистрировано 17 детей с эндокринной патологией, а в 1968 г. – 346, неврологической патологией соответственно 115 и 1190. Из года в год увеличивалось количество мертворожденных детей и выкидышей. К примеру, в 1965 г. было зарегистрировано только по районной больнице Ленинградского района Ферганской области 135 выкидышей, а в 1967 г. — 165, мертворожденных соответственно — 38 и 63[12,].

Не заботясь о подлинных нуждах узбекского народа, высшее политическое руководство страны в целях экономии требовало ввода новых химических производств без должного обеспечения природоохранных мер. В результате химические заводы, расположенные в густонаселенных городах республики, загрязняли окружающую среду, ухудшали экологическую обстановку и здоровье людей.

В 1989 г. по различным заболеваниям она была в 3-6 раз выше, чем в среднем по Союзу.

	брюшной тиф	паратиф	острые киш. инф.	вирусный гепатит
Узбекистан	8,0	7,2	710	1061
Бухарская обл.	13,6			
Кашка-Дарьинская	16,3	32,5		
Самаркандская	11,4			
Сурхандарьинская	13,1	16,1	1196	1853
Каракалпакия	10,1			
Хорезмская		11,7	1172	

Андижанская	1381
Наманганская	1350
Ферганская	1410

В отдельных областях республики инфекционная заболеваемость была еще выше[13,].

Для коренного пересмотра политики химизации, направления ее в цивилизованное русло, оздоровления экологической обстановки необходимо было уничтожить сами формационные основы социалистического строя. Успешное решение этой судьбоносной задачи стало возможным лишь после обретения Узбекистаном независимости. В настоящее время проводится огромная работа по ее обеспечению. Однако сохранилось еще множество проблем. В целях активизации этой деятельности опираясь на материалы исследования, посчитано возможным предложить следующие практические рекомендации:

1. При использовании в сельском хозяйстве для борьбы с сорняками и вредителями химических удобрений необходимо широко изучить опыт зарубежных стран, особенно хлопкосеющих;

2. Поручить научно-исследовательским институтам химии, хлопководства и удобрений предусмотреть в качестве одних из основных научно-исследовательских направлений проведение работ, направленных на снижение негативных последствий применения химических удобрений против сельскохозяйственных вредителей, охрану окружающей среды, разработку и производство безвредных для человека и животного мира химических веществ;

3. Принимая в расчет негативное влияние химических веществ на окружающую среду, человека и животный мир, абсолютно отказаться от применения авиации для борьбы с сельскохозяйственными вредителями и широко использовать вместо нее тракторные опрыскиватели, а также расширить биологические методы борьбы.

4. Проводить разъяснительную работу среди сельского населения о правилах хранения и применения отравляющих химических удобрений, их вредном влиянии на организм и психику человека.

Литература

1. Каримов И.А. Развитие сельского хозяйства - источник благосостояния народа. Речь на X сессии Олий Мажлиса // Народное слово. – 1997, 26 декабря.
2. Производительные силы Ферганского региона в условиях перехода к рыночной экономике. Теория, методы, практика. – Ташкент, Фан, 1994. – С.70.
3. Алимов И.А. Сельское хозяйство Узбекистана в девятой пятилетке. – Ташкент, 1976; Он же. Химизация сельскохозяйственного производства в центре внимания партийной организации. Руководство компартии Узбекистана интенсификацией сельского хозяйства. – Ташкент, 1978; Он же. Решение продовольственной программы - важная партийная задача. – Ташкент, 1987.
4. История развития хлопководства в Узбекистане. – Ташкент, 1983.
5. Аберкулов Н. КПСС - организатор развития хлопководства Узбекистана в период зрелого социализма (1959-1970 гг.) – Ташкент, 1982; Таджибаев А. Колхозное крестьянство Узбекистана в борьбе за внедрение достижений научно-технического прогресса в хлопководстве (1953-1970 гг.) – Ташкент, 1986.
6. Юлдашев А.М. Ухудшение экологической обстановки в сельских районах Узбекистана. – Ташкент, 1992; Обламуратов Н. Аграрная политика в Узбекистане (1970-1990 гг.) – Ташкент, 1993; Турсунов С.Н. Узбекистан кишлок, жуналигини ривожлантириш йулидаги уринишлар (1946-1965 йиллар); ниятлар ва натижалар. – Ташкент, 1994.
7. ЦГА РУз, ф.2579, оп.1, д.1, л.17-18; Фер ГА. ф. 1124, оп. 7, д. 518, л. 103.
8. Фер ГА. ф. 1124, оп. 7, д. 518, л. 103
9. ЦГА РУз, ф.2433. оп. 3, д. 997, л. 5 10. ЦГА РУз, ф.1837, оп.41, д.1299, л.92-93.
11. ЦГА РУз, д. 1897, л. 19-20.
12. ЦГА РУз, д. 1859, л.2Р3-289.
13. Шодиметов Ю. Ижтимоий экологияга кириш. Тошкент. Фан. 1994, 203-с.

94(574)

ЕКІ САНАҚ (1926-1939) АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ**Саркенова К.**

Андатпа. Мақалада кеңестік Қазақстанның ең күрделі кезеңі – 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы, оның ішінде түркі халықтарының демографиялық тарихы қарастырылды. Жан-жақты зерттеуді қажет ететін әлеуметтік аласапыран өзгерістер – ұжымдастыру, көшпелілерді зорлықпен отырықшыландыру салдарынан болған ашаршылық, эпидемия, т.б. этнодемографиялық үрдістер Қазақстанның тұрғылықты халқы – қазақ халқының 1920-1930-жылдардағы трагедиясы арқылы сипатталды. Қазақстанның ұйғыр, өзбек, татар, қырғыз, әзербайжан, т.б. қазақтан да басқа түркі халықтарының демографиялық тарихы.

Түйін сөздер: халықтары, түркі, халық, санақтары, статистика, Халық, шаруашылығы, көші-қон, есебінің, жасжыныс, демография, орталық, басқармасы, құрамы

ТЮРКСКИЕ НАРОДЫ КАЗАХСТАНА В МЕЖПЕРЕПИСНЫЙ ПЕРИОД (1926-1939)**Саркенова К.**

Аннотация. В данной статье рассматривается самый сложный период советского Казахстана – 20-30-е годы XX века. Освещаются проблемы голода 1930-х годов, вызванные последствиями насильственной коллективизации, а также массового оседания казахов. Анализируются демографические изменения этого периода среди казахов и других тюркских народов по материалам Всесоюзных переписей 1920-1930-х годов. Особое внимание уделяется изучению изменений общей численности, половозрастного состава казахов.

Ключевые слова: демография, перепись населения, статистика, тюркские народы, миграция, Центральное управление народнохозяйственного учета (ЦУНХУ)

THE TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN IN BETWEEN CENSUSES OF POPULATION (1926-1939)**Sarkenova K.**

Abstract. This article discusses the most difficult period of the Soviet Kazakhstan – the 20-30-ies of the twentieth century. Highlights the problems of hunger 1930-ies, caused by the effects of forced collectivization, and mass settling of the Kazakhs. Examines demographic changes in this period, among the Kazakhs and other Turkic peoples according to the materials of the Union census of 1920-1930-ies. Special attention is paid to the study of the changes in total population, sex and age structure of the Kazakhs.

Keywords: demography, census, statistics, Turkic peoples, migration, Central administration of national economic accounting (TSUNKHU)

Кеңестік Қазақстанның демографиялық тарихы (1917–1991) өте күрделі. Әсіресе XX ғасырдың 20–30-жылдарының қоғамдық дамудағы орны айрықша. Әлеуметтік аласапыран өзгерістер – ұжымдастыру, көшпелілерді зорлықпен отырықшыландыру салдарынан туындаған ашаршылық пен эпидемиядан халық санының азаюы, жас/жыныс құрамдағы өзгерістер, жаппай қоныс аудару секілді этнодемографиялық үрдістер терең зерттеуді қажет етеді. 1980-жылдары

зерттеушілерге мүмкіндік берген мұрағат материалдары бұл мәселені жан-жақты зерттеуге жол ашты. Әсіресе 1980-жылдарға дейін зерттеушілерге жабық болған 1937 және 1939 жылдардың санақ материалдарының орны ерекше. Ал 1930-жылдардың басындағы оқиғаларды Қазақстанның 1920жылдардағы демографиясынан бөлек түсіндіру мүмкін емес. Біздің алға қойған мақсат – Қазақстанның осы уақыт аралығындағы демографиялық тарихын қазақ, өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз, әзербайжан, т.б. түркі халықтары шеңберінде қарастыру.

1926 жылы 17 желтоқсанда ерекше, кейін ешбір санақта қайталанбаған Бүкілодақтық халық санағы өтті. Ол «Қысқа қорытындылар» және «Алдын ала берілген мағлұматтар» атты көп томдық түрінде жарияланды. Бұл Кеңес Одағы аумағын түгел қамтыған тұңғыш санақ еді; санақта КСРО аумағында болған өзгерістер, яғни Одақтың құрамына жеке республикалар мен облыстардың алынуы немесе Финляндия, Прибалтика, Польшаның шығуы көрсетілді. 1926 жылдың санақ материалдары 56 том болып жарық көрді. Бұндай ауқымды материалдардың алғашқы томдары 1928 жылы жарияланып, 1935 жылға дейін созылған кей томдар болмаса, негізінен, 1932 жылы аяқталды.

1926 жылғы санақ Қазақ АКСР-інде 6 530 528 адам мекендейтінін көрсетті [1, 6–17]. Қазақ АКСРіндегі халық жас/жынысы жағынан, шамамен, 100 әйелге – 104,92 еркек, қалада 100 әйелге – 99,20 еркектен келген Оның ішінде қазақтарда ауыл село халқы құрамында еркектері басым болған: бір еркектен келген. Оның ішінде қазақтарда ауыл-село халқы құрамында еркектері басым болған: бір жасқа дейінгілер арасында – еркектер – 54 441, әйелдер – 49 611; 8–12 жас аралығында – 173 344 еркек, 152 566 әйел; 13–18 жас аралығында – 243 364 еркек, 185 943 әйел; 30–39 жас аралығында – 293 510 еркек, 265 247 әйел; 55–59 жас аралығында – 64 927 еркек, 47 306 әйел [2, 42]. 1928 жылы 1 қаңтарда ҚазАКСР қала халқының ішінде қазақтар төмендегідей болды: бір жасқа дейінгілер – 2 060 еркек, 1 355 әйел; ал 13–18 жас аралығында – 7 307 еркек, 3 524 әйел; 30–39 жас аралығындағы – 7 179 еркек, 4 816 әйел.

Қазақстанның қала халқының орналасуы әртүрлі болды. ҚазАКСР қала халқының басым бөлігі еуропалықтардан тұрды, дегенмен, түркі халықтары ішінен татарлар қала халқының 71,8%-ын құрады. Қазақтардың қала халқындағы үлесі – 13,9% және олар Адай мен Қарқаралы округтерінде шоғырланды. Фортта қазақтар қала халқының 70,2%-ын, Қарқаралыда – 73,4%-ын құрады. Қарақалпақстан қала халқының 30,7%-ы қарақалпақтардан, 22%-ы қазақтардан, 15,1%-ы өзбектерден тұрды. Семей, Ақтөбе қалаларында татарлар, қазақтар мекендеген. Ақмола, Алматы, Қызылорда округтері қалаларында қазақтар сан жағынан екінші орында, ал Алматы округінің қалаларында екінші орында таранчалар (ұйғырлар) тұрды. Сырдария округі қалаларында қала халқының орналасуында түркі халықтарынан өзбектер 44,4%, ал қазақтар 15,3% болды [3, 23-, 2526].

1926 жыл санағы бойынша, Қазақ АКСР-інде 20-дан астам этнос мекендеген. Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарының ережесіне сәйкес, халықтың 70%-ы бір халық өкілдерінен құралса, онда бұндай әкімшілік бір ұлтты деп есептелген [3, 8]. Бұл көзқарас тұрғысынан Адай (барлығы – 135 555, оның 131 476-сы қазақтар), Қарқаралы (барлығы – 183 089, оның 178 388-і қазақтар), Қызылорда (барлығы – 317 051, оның 276 483-і қазақтар), Гурьев (барлығы – 168 526, оның

138 656-сы қазақтар), Сырдария (барлығы – 885 280, оның – 643 763-і қазақтар), Орал (барлығы – 436 678, оның – 303 528-і қазақтар) округтері бірыңғай бір ұлтты болды. Бес мал шаруашылықты округ пен бір мал және егін шаруашылықты округ бірыңғай қазақтардан тұрды. Петропавл округіндегі 723 985 адамның 171 085-і қазақ болды. Қостанай (43,0%) және Павлодар (53,4%) округтерінде де қазақтар басым түсті. Қарақалпақ автономиялық облысында жергілікті ұлт өкілі – қарақалпақтар басым болды (барлығы – 304 541, оның 116 125-і қарақалпақ).

1928 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан түркі халықтарының сипаты төмендегідей болды: 57,7% қазақ, 3,5% өзбек, 1,9% қарақалпақ, 1,2% татар, 0,8% таранча, 0,2% қырғыз, 0,1% түрікмен [3, 1011]. Демек, 1928 жылдың соңында түркі халықтары Қазақстан халқының 65,4%-ын құраған.

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы халықты есепке алу жүйесінің дұрыс жолға қойылғанын дәлелдеді. Бірақ шаруаларға қарсы бағытталған кейінгі шаралар елдің демографиялық жағдайын қатты өзгертті. Халықты есепке алу жүйесі дағдарысқа ұшырады. Соңғы сенімді ақпаратқа 1931 жылдың жазындағы материалдарды ғана жатқызуға болады. Статистиктер үшін 1926 жылғы санақтан кейін басталған жаңа серпін ұзаққа созылмады, 1930 жылы «Статистика хабарламасы» және «Статистикалық шолу» журналдары, Орталық статистика басқармасы жабылып, орнына 1931 жылдың аяғында Мемлекет жоспарының құрамындағы Халық шаруашылығы есебінің Орталық басқармасы (ЦУНХУ) құрылды. Бірақ ол Орталық статистика басқармасындағыдай дербестікке ие бола алмады. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру және көшпелі қоғамды отырықшылыққа күштеп көндіру, кулактарды кәмпескелеу науқанының салдарынан туу мен өлім-жітімді жүйелі есепке алу қиындады.

Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы халық және денсаулық сақтау секторы меңгерушісінің В.В.Осинский, Минаев, Поповқа жазған ресми хатында былай делінген: «1929 жылға дейін халықтың ағымдағы есебі халықтың табиғи қозғалысы статистикасымен ғана шектелді. Халық есебін жүргізетін ұйымды елдің шаруашылық мүддесіне қарай қайта құру керек. Әсіресе мигранттардың есебін дұрыс жолға қою керек. Елде жүріп жатқан орасан қоныс аударуды дер кезінде есепке алу әрі соған байланысты партия мен үкіметтің қабылдаған шараларын көрсету – халықтың механикалық есебін жүргізудегі басты міндет болуы шарт. Соңғы кезде өлімнің көбейіп, табиғи өсімнің азаюы, яғни халықтың табиғи өсіміндегі өзгерістер бұған статистиканың назарын көбірек аударуды қажет етеді... [4]. Көптеген республикаларда (Орта Азия, Кавказ және РКФСР автономияларында) халықтың табиғи өсімі саласы ақ таңдақ күйінде қалған» [5].

КСРО Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы басшыларына Халық және денсаулық сақтау бөлімі халық санағы аппаратын орталық пен жергілікті жерлерде нығайтуды бірнеше рет ұсынған. «Бұл бағытта, – деп жазылған жоғарыда көрсетілген жазбада, – біз орталықта нығыз халық санағы ортасын қалыптастырдық. Курман, Песчанский, Соколов, т.б. жаңа адамдарды жұмысқа тарттық. Миграция, ағымдағы есеп, т.б. мәселелерді шешу, әсіресе қалалық санақтағы ағымдағы есеп пен халық санағын жолға қоюға қажетті бетбұрыс керек болды» [6]. 1930 жылдардағы КСРО Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы қызметкерлерінің халықтың ағымдағы есебін тәртіпке келтіруде нақты қызмет еткендерін жоғарыдағы мәліметтер көрсетіп отыр.

1928 жылғы Қазақстан халқының саны – 6 507 077 адам. Қазақстан Халық шаруашылығы есебі басқармасының мәліметтеріне, 1930–1936 жылдардағы Қазақстанның халқын (әр жылдың 1 маусымына сәйкес) төмендегіше сипаттауға болады: 1930 жылы – 5 873 000; 1931 жылы – 5 114 000; 1932 жылы – 3 227 000; 1933 жылы – 2 493 500; 1934 жылы – 2 681 500 адам; 1935 жылы – 2 926 000; 1936 жылы – 3 287 900 адам. Демек, 1928 жылдан Қазақстанда халық саны төмендей берген: 1928 жылғы 6 507 077 адамнан, 1936 жылы 3 287 900 адам ғана қалған. Айырмашылық – 3 219 177 адам.

Халықтың ең кему уақыты – 1932–1934 жылдар аралығы. Оның себебін Халық шаруашылығы есебі

Орталық басқармасының Халық және денсаулық сақтау ісі бөлімінің бастығы Курманның 1937 жылғы 14 наурызда КСРО Мемлекеттік жоспары Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасының бастығы И.А.Кравальге жазған «Екі санақ аралығындағы (17.12.26. және 06.01.37.) халықтың табиғи қозғалысы туралы» баян хатынан байқауға болады: «1926 жылдың санақ деректері бойынша, КСРО халқы 147 млн.; 1937 жылдың санағынша – 162 млн. адам, яғни КСРО халқы екі санақ аралығында 15 миллионға өсті. Туу мен өлім-жетімді тіркеу мәліметтері бойынша, халықтың өсу қарқыны 21,3 миллион адам немесе 6,3 миллионға артық... әрине, егер он жылғы өлім-жітімді 40 миллион десек (1934 және 1936 жылдары шамамен 8 миллион), онда 7 жылдағы өлім-жітім 3,2 миллион немесе жылына орташа 4,5 миллионнан келеді, шамамен

жылына 1 000 адамға 30 адамнан. Өлімнің бұндай коэффициенті КСРО жағдайында мүмкін емес, себебі ол еуропалық елдердегі өлімнен екі есе жоғары және Ресей империясы кезіндегі өлім-жітім көрсеткішімен сәйкес. Бұл сәйкессіздікті халықтың табиғи қозғалысынан ғана емес, сонымен қатар басқа деректерден де іздеу керек: 1) оған, біріншіден, осы аралықта халықтың кейбір бөлігінің КСРО-дан шет жерге кетуі жатады. Қазақстан Халық шаруашылығы есебі басқармасының хабарынша (1.1.1927–1.1.1937 аралығындағы ҚазКСР халқы санын есептеу туралы түсіндірме жазбадан), КСРО-дан шетке кеткен адамның саны (қайтып келгендерді есептегенде) 1930–1932 жылдары 1,3 миллион адам. Қайтып келгендерді қосқанда, осы кезеңдегі КСРО-дан тысқары кеткендер, шамамен 2 миллион адам. КСРО бойынша Түрікмен, Қырғыз, Өзбек республикалары халқының санында орташадан жоғары өсу қарқыны бар, яғни КСРО-ның басқа аудандарынан осы аудандардағы жаңа құрылыстарға мигранттар ағылған; 2) алшақтықтың екінші себебін 1926 жылдың халық санағынан іздеу керек...» [7]. Демек, 1934 және 1936 жылдары КСРО бойынша, шамамен, 8 миллионға кем шыққан халықтың жоғын жоғарыда көрсетілген Қазақстан статистикасынан байқауға болады: Қазақстандағы 1931 жылғы 5 114 000 адамнан 1933 жылы 2 493 500 адам ғана қалған. Айырмашылық – 2 620 500 адам. Ал 1936 жылмен салыстырсақ, айырмашылық – 1 826 100 адам. 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағынша, КСРО-дағы қазақтың саны – 2 862 458 адам да, оның Қазақстандағысы – 2 181 520 қазақ. Демек, 1937 жылы Қазақстаннан тыс КСРО аумағында 680 938 қазақ өмір сүрген.

Бұл өте ауыр кезең, яғни жаңа экономикалық саясатқа, қала мен селодағы ауқатты адамдарға деген теріс көзқарас, ауыл шаруашылық тауарлылығының төмендеп, шаруашылықтардың ірілендіріліп, ұжымдастырылған уақыты. Ұжымдастырудың басталуымен жағдай өте қиындаған. Жаңа экономикалық саясаттың орнына азық-түлік салығы келіп, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт саласында еңбек өнімділігі төмендеген [8].

Зорлап ұжымдастырудан зардап шеккен көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың жағдайы жоспарлы отырықшыландыру барысында одан әрі шиеленісіп, мал басын дайындау ауылда «әскери коммунизм» кезіндегідей төтенше сипат алған [9].

Қазақстан МТС саяси секторлары деректері бойынша, Өлкелік комитеттің бұрынғы басшылығының жіберген қателіктерінен 1933 жылдың басында Қазақстанның ауыл шаруашылығы құлдырап кетті. Әсіресе 1932–1933 жылдардың қысы өте ауыр соқты. «Жаппай қоныс аудару, әсіресе қазақтардың арасындағы өлім-жітім, малды түгелге дерлік сойып алу, астықтың жоқтығы, мал азығының болмауы, қажетті дақылдың жетіспеуі салдарынан колхозшылар тау-тас, құм-шөлді жағалап, жабайы шөп тамырлары мен дәндерін теріп тентіреп, қалғандары аштықтан әлсіреп, аурудан жұмысқа жарамаған. Мысалы, Ақтөбе облысында жұмыс істеп жатқан Мәскеулік Қызыл Крест өкілдері баяндамасында Торғай қазақтарының аштық пен эпидемияға ұшырағаны туралы жазылған. Торғай мен Бетпаққара аудандары жергілікті органдарының хабарлауынша, халықтың 20-30%-ы өлген, қалғаны көшіп кеткен. Шалқар ауданында және т.б. ауылдық кеңестерден 30-35% халықтың ауып кеткені белгілі болды. Жалпы осы аудандар құрамына кіретін Ақтөбе облысында облыстық атқару комитетінің төрағасы Иванов жолдастың Кеңестердің облыстық съезіндегі (1932 жылдың шілдесінде) баяндамасында көрсеткеніндей, 1930 жылғы облыстағы 1 012 500 адамнан 1932 жылы 725 800 адам ғана қалған.

Бірақ 1931–1934 жылдардағы үкімет орындарына жолданған телеграмма, көмек сұраған хаттардың бірде-бірінде «аштық» деген сөз кездеспейді, аштық және оның зардаптарымен күресу туралы арнайы үкімет органдары құрылмаған. «Индустрияландыру саясатын іске асыру жолында ұжымшарлардан астықтың тартылып алынуы, ұжымшар құрудағы өктемшілдік, әсіресе аштықтың болуы ақылға сымайды. 1932–1933 жылдардағы аштық сталиндік басшылықтың кеңес халқына қарсы жүргізген қылмысы деп бағалануы тиіс» [10,65].

Т.Рысқұлов: «Қызылорда аудандық атқару комитеті төрағасының айтуынша, ауданның көптеген ауыл кеңестерінде небәрі 20% халық қалған. Балқаш ауданындағы (жергілікті

ОГПУ-дің деректері бойынша) 60 мың халықтың 12 мыңы ауып, 30 мыңы қайтыс болған. Қаратал ауданында өткен қыста үш ауылды басқа жерге күштеп отырықшыландырудың нәтижесінде халықтың жартысына жуығы қырылған. Сол ауданда (жергілікті ОГПУ дерегі бойынша) желтоқсан айында және қаңтардың он күнінде (1933) 569 мың адам аштан өлген, осы уақытта Үштөбе станцасында, Қаратал құрылыс ауданында және күріш совхоздарында 300 адамның мүрдесі табылған. Шұбартау ауданында 1931 жылғы 5 300 шаруашылығынан, 1933 жылдың 1 қаңтарында 1 941 шаруашылық қалған. Қарқаралы ауданында 1932 жылдың мамырында 50 400 адам, ал қарашада 15 900 адам қалған, аудан орталықтарында да күніне 15-20 адамнан кеміп отырған (өлкелік атқару комитеті есебі). Қарағандыда өткен көктемде 1 500-ге жуық қазақ аштық пен эпидемиядан өлген. Сергиополь қаласында (Түркісіб) қаңтар айында 300-ге жуық адам өлген. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер тек ресми деректерден алынды. Қазақ халқының кейбір жерде аз және кейбір жерде көптеп кемуі республиканың басқа да қазақ аудандарына тән болды. Өлім, әсіресе балалар арасында жиі», – деп жазған еді [11].

КСРО Халық комиссарлар кеңесі (ХКК) Мемлекеттік жоспарының төрағасы Вознесенский мен КСРО Мемлекеттік жоспары жанындағы Халық шаруашылығы есебінің орталық басқарма (ХШЕОБ) бастығы Саутиннің 1939 жылы сәуір айында БКП(б) ОК Сталинге және КСРО ХКК Молотовқа жазған құпия баянында: «Қазақстанның кейбір облыстарында халық анағұрлым азайған: Павлодар облысында 67,6%-ға, Қостанай облысында 76,9%-ға кеміген», – деп көрсетілген [12].

Жоғарыда айтқандардан шығатын қорытынды: аштықтан қазақ халқы қатты зардап шекті: 1930 ж. 313 мыңнан аса адам, 1931 ж. – 755 мың, 1932 ж. – 769 мыңнан аса адам опат болған. М.Қозыбаев пен М.Хасанаевтың есебінше, аштық пен эпидемиядан 1 750 мың адам, немесе селолық жердегі жалпы халықтың 40%-ы жойылған [13]. М.Тәтімовтың есебінше, Қазақстаннан шет аймақтарға көшке, қайтып оралмағандарды қосқанда (15%), қазақтардың жалпы санының кемуі 2 635 мың адам. Бірақ, – деп жазады автор, – бұл орташа көлем республиканың ірі аймақтарындағы процесс динамикасын көрсетпейді. Солтүстікте халық санының кемуі – 70%, Оңтүстікте – 50%, Батыста – 60%-ке жуық. Кейбір өте алыс аудандарда халықтың санының кемуі 80-90%-ке дейін барды, мал шаруашылығының құлдырауынан бұрынғы көшпелілердің аудандары елсіз аймаққа айналды.

Күштеп ұжымдастырудың демографиялық зардабы Ұлы Отан соғысындағы тікелей және жанама шығыннан алты еседей асып түскен. Халықтың ұдайы өсімін беретін – әйелдер мен ұдайы өсім арқылы халықтың орнын толтыратын – балалар зардап шеккен. 1930-жылдардағы қазақтың басына түскен нәубет XVIII ғасырдағы Ұлы жүт – ақтабан шұбырындымен салыстырғанда адам шығыны абсолютті түрде екі есе, салыстырмалы – 1,5 есеге асып түскен [14, 108-109].

Сонымен Қазақстан түркі халықтарының басты өкілі – қазақтардың шығыны қандай болды? 1926 жылы КСРО-да 3 968 мың қазақ, оның 3 628 мыңы республикада (Қарақалпақстанды есептемегенде) тұрды [15, 53], 10%-дан төмені шет жерде өмір сүрді. Х.Асылбеков пен Ә.Ғалиевтің есебінше, республикада шамамен 4 миллион адам, ал қала халқын қосқанда 4 100 мың адам тұруы тиіс болған. Оған республикадан тыс жерде тұрған 10% қазақты қоссақ, барлығы 4 510 мың адамға барады [16, 107]. Осы тұжырымын Ә.Ғали 1994 жылы қорғаған «Көпұлтты Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер (1917-1991)» атты докторлық диссертациясында да жазады: 1926 жылғы 3 968 мың қазақтан (оның 3 627 мыңы Қазақстан аумағында, 10%-ға жуығы жалпы елде) 1934 жылы 2 900 мың қазақ қана қалған. ҚазКСР Халық шаруашылығы есебінің орталық басқармасының есебінше, 1933 жылы республикада қазақ 4 100 мың болуы тиіс әрі оған республикадан тыс аумақта өмір сүрген 10% қазақты қоссақ, онда КСРО бойынша 4 510 мың қазақ болуы керек-ті. Яғни 1934 жылы КСРО-да 2 900 мың қазақ десек, онда қазақтардың шығыны 1 610 мың адамға жеткен (аштан, аурудан, сырт кеткендерде қосқанда). Ал 1934-1939 жылдардағы сталинизмнің құрбаны 135 мың адам. Демек, 1939 жылы қазақтың саны

3 100 мың емес, 4 845 мың (ашаршылық болмаған жағдайда) болуы керек еді. Ол: «Сондықтан, біз, М.Қозыбаев, М.Тәтімов, Ж.Әбілғожин келтірген 1 700 мың адам шығынының дұрыс есептелгенін жанама түрде дәлелдедік», – деп тұжырымдайды [17].

М.Тәтімовтің есептеуінше, 1934 жылы елде 2 900 мың қазақ болса, онда қазақтардың кемуі 1 610 мың адам (аштықтан, аурудан өлгендерді және шетке кеткендерді қосқанда) [18, 53]. Бірақ бұл тек болжам. «Аштықтан және эпидемиядан өлген қазақтың шамасы 2 020 мың адам, немесе ұлттық трагедияға дейінгі республикадағы халық санының 49%-ы» [14, 106-108]. Кемудің тағы бір себебі – ауа көшкендер – 616 мың адам. М.Тәтімовтың есебінше, 205 мың адам шет елдерге – Қытай, Ауғанстан, Моңғолия, Иран және Түркияға қоныс аударған.

Қазақстанда қазақтан басқа түркі халықтары құрамында да бірқатар өзгерістер болды: өзбектер, ұйғырлар, қырғыздар азайып, керісінше татарлар көбейген. 1939 жылдың санағы бойынша, өзбектер 129 401 адамнан 120 647-ге, ұйғырлар 63 432 адамнан 35 409-ға, қырғыздар 10 199 адамнан 5 033-ке, азайып, керісінше, татарлар 79 030 адамнан 108 127-ге, әзербайжандар* нөлден 12 996 адамға көбейген [19]. (*Ескерте кетсек, негізінде 1939 жылғы халық санағына дейін әзербайжандар ресми құжаттардың барлығында түркітер (тюрки) деген атаумен жүрді. 1937 жылғы халық санағында «түркітер» («тюрки») деп көрсетілген бұл халық кейін «түзетілген» 1939 жылғы халық санағында «әзербайжандар» деген атаумен енді).

Екі санақ аралығында, мысалы, Орталық Қазақстан халқының ұлттық құрамында орын алған өзгерістерді зерттеген Валерия Козинаның еңбегіне сүйенсек, онда қазақтар 1926 жылғы 280 317 (85,3%) адамнан 1939 жылы 136 541 (32,6%) адамға немесе 153 776-ға кеміген. Зерттеуші 1926 жылғы санақ 5% (294 333 адам) қазақты есепке алмаған жағдайда, 1939 жылғы санақ бойынша бұл өңірдегі кему 157 792 адам болды деп тұжырымдайды. Яғни өңірдегі қазақтардың үлес салмағы 32,6%-ға немесе 52,7 пунктке дейін қысқарған [20, 92-93]. Бұл өңірдегі басқа түркі халықтарынан өзбектер мен қырғыздар сан жағынан, мысалы, 1926 жылғы 124 өзбек пен 15 қырғыз 1939 жылы сол күйінде еш өзгеріссіз қалған. Бірақ, керісінше, бұл өңірде татарлар мен мордвалардың саны артқан: 1926 жылғы 712 татар 1939 жылы 5824 адамға, ал мордва 150 адамнан 3334-ке, яғни татар 8,2 есеге, ал мордва 22,2 есеге көбейген [20, 92-94]. Қазақстандағы қала халқының өсу қарқыны көші-қон нәтижесінде КСРО-дағы ең жоғарғысы болған. Қала халқын, негізінен, КСРО-ның басқа да аймақтарының селолық жерлерінен келгендер толтырған. Индустрияландыру нәтижесінде жаңадан Қарағанды, Қоңырат, т.б. қалалар пайда болып, ондағы халықтың құрамы да өзгерген. Осы жылдары орын алған қуатты көші-қон әсерінен Қарағанды қаласында орыстар 100 132 (60,4%) басым түсіп, керісінше, қазақтардың саны өте аз болған: 20 158 (12,6%) адам. Түркі халықтарынан санақ мәліметтерінде Қарағандыда тек татарлар тіркелген: 1,4% немесе 2 268 адам [20,92-94]. Өзге бірен-саран түркі халықтарының өкілдері «басқа ұлттар» деген 12 932 (7,8%) санға қосылып кеткен. 1936-1938 жылдары Балқаш мыс қорыту зауыты құрылысына КСРО-ның барлық өңірінен, әсіресе РКФСР-дан мигранттар ағылған. 1939 жылғы 1 қазандағы «Балқашқұрылыс» кадр бөлімінің есебі бойынша, ұжымдағы 26 этностан тұрған 5 930 адамның ішінде ең көбі орыстар 3 572 (60,2) да, ал қазақтар – 1 291 (28%), татарлар – 114 (1,9%), мордвалар 182 (2,1%) адам шамасында болған. Жалпы 1936–1938 жылдары Балқаш құрылысына келген халықтардың ішінде түркі халықтарының үлесін төмендегідей көрсетуге болады: татарлар – 956 (4,4%), мордвалар – 470 (2,1%), өзбектер – 76 (0,4%), чуваштар – 54 (0,2%) башқұрттар – 40 (0,2%) [20,94-95]. В.В.Козинаның есептеуінше, Орталық Қазақстанда 1926 жылғы санақ бойынша, халықтың 98,3%-ы қазақ әрі олар, негізінен, ауылдық жерлерде мекендеген. Ал 1939 жылғы санақта олардың ауылдағы саны 49,7%-ға (қаладағысы – 19,3%, ауылдағысы – 49,7%) [20, 97] әзер жеткен. Негізінде 1930-жылдары түркі халықтарынан қалаларда ғана татарлардың саны біршама жоғары болған: қалада – 66,6%, тиісінше ауылда 1,1% татар өмір сүрген [20, 98].

М.Тәтімов 1926–1939 жылдардағы екі санақ аралығындағы Қазақстан халқының кемуін 36,7% деп көрсетеді [21]. Ғалымның есебінше, демографиялық депопуляция шыңы – 1932

жылдың қыс айлары. 1933 жылғы бұндай жағдайға есеп жүргізілмеген [22, 47]. Бірақ миграция мәліметтері мұрағаттарда сақталған әрі қарастырылып отырған кезеңге 25–29 жастағы буынның жетіспейтінін көрсетеді [23, 86]. Қазақстандағы сан жағынан азайған халық мигранттар есебінен толығып әрі олардың негізін еңбекке жарамды еркектер құраған.

1937 жылы 6 қаңтарда жүргізілген Бүкілодақтық халық санағы қорытындылары халық санының ағымдағы есебінен төмен нәтижелерді берді. Сәйкессіздік, әсіресе, Қазақстан, Украина, Солтүстік Кавказ, яғни 1930-жылдардың басында ашаршылық өршіп тұрған өңірлерден байқалған. Санақ берген қорытындылар мен ағымдағы халық санының есебіндегі айырмашылық ашаршылық пен репрессияның нәтижелерін берді. Енді оны бұрмалауға, яғни санақтың дұрыс еместігін дәлелдеуге барынша күш салынды. И.Д.Верменичевтің (И.А.Краваль орнына жаңадан тағайындалған ХШЕОБ бастығы) бригадасы Қазақстан бойынша жүргізілген санақтың нақтылығын тексеруге кірісті. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағатында осы бригаданың жұмысы туралы деректер қатары сақталған [24]. Онда 1926 жылғы санақпен салыстырғандағы ең аз халық санын берген, яғни 1937 жылғы санақ бойынша 655,9 мың адамды құраған 23 аудан таңдалған [25, 24]. Қанша шұқшия тексерілгенмен, бұл аудандардағы жетіспеушілік бар болғаны 0,99% ғана болған. Соған қарамастан алынған қорытындылар дәлелсіз бұрмаланған. 1940 жылдың 23 тамызындағы соңғы түзетулерден кейінгі КСРО-ның 170 557 093 адамының 6 154 816-сы (4 385 915-і – ауылда, 1 768 901-і – қалада) Қазақстанда тұрып, олар 14 облыс, 192 аудан, 31 қала, 60 кент және 2 664 ауылдық кеңесте орналасты [26].

Сонымен 1937 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстандағы 5 126 676 адамның 2 181 520-сы қазақ, 92 096-сы татар, 5 024-і қырғыз, 109 978-і өзбек, 32 982-сі ұйғыр, 21 511-і мордва болған [24, 96]. Ал 1937 жылғы санақ жарамсыз деп табылғаннан кейін жүргізілген 1939 жылдың санағы бойынша қазақтар – 2 327 623 адам (37,84%), өзбектер – 120 655 адам (1,96%), татарлар – 108 127 адам, ұйғырлар – 35 409 адам (0,58%), әзербайжандар – 12 966 адам (0,21%), чуваштар – 6 590 адам (9,11%), қырғыздар – 5 033 адам (0,08%), сонымен қатар тағы басқаларға кірген 49 309 адамның ішінде құмықтар – 0,02%, талыштар – 0,01%, адыгейлер – 0,01% болған [27].

1939 жылдың санағы бойынша, Қазақстандағы қала халқының саны одақ көлеміндегі ең жоғары қарқынды көрсеткен. Қала халқының ұлттық құрамында қазақтар – 374 615, татарлар – 60 054, өзбектер – 37 095, ұйғырлар – 8 009, әзербайжандар – 2 510, чуваштар – 2 074, башқұрттар – 1 528, басқалар – 9 446 адам. «Басқаларға» түркі халықтарынан түріктер, құмықтар, т.б. кірген [28].

Сонымен бұл мақалада біз 1920-жылдардың соңы – 1930-жылдардағы Қазақстан халқының демографиялық тарихына қысқаша шолу жасай отырып, басты назарды Қазақстан түркі халықтарының осы уақыт аралығындағы санындағы, географиялық орналасуындағы өзгерістеріне, жас/жыныс құрамына аудардық.

1916 ЖЫЛҒЫ МЕРКІ КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ АҚҚӨЗ БАТЫР ХАҒЫНДА

Төленова З.М.

ҚР БҒМ ҒК Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, жетекші ғылыми қызм.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің аймақтық ерекшеліктері мен толық зерттелмей келе жатқан тұстарына назар аударылады. Соның мысалы ретінде 1916 ж. Ыстықкөл Шу ошағының үлкен орталығы болған Меркі көтерілісі және оның басшысы болған батыр Аққөз Қосанов туралы қарастырылады. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісінің, әсіресе Ыстықкөл-Шу орталығы, оның ішінде Меркі көтерілісінің тарихы ХХ ғасырдың 20-50-ші жылдарындағы жазылған Т. Рысқұлов, Г. Бройдо, Асфендияров, т.б. еңбектерде және архив құжаттарында, құжаттық жинақтарда, кейбір ауызекі әңгімелерде, жазба әдебиетте (Ш. Мұртаза) жазылғанымен, бұл мәселе арнайы зерттелмеген. Мәселені зерттеу қажеттілігі 2000 ж. басында академик М.Қ. Қозыбаевтың ұсынысымен қайта қолға алынып, арнайы зерттеле бастағаны айтылады.

Түйін сөздер: ұлт-азаттық, Қазақстан, ж., 1916, Аққөз, Меркі, батыр, Қосанов, көтерілісшілер, көтеріліс, ошағы, Ыстықкөл-Шу

МЕРКЕНСКОЕ ВОССТАНИЕ 1916 ГОДА И ЕГО ЛИДЕР АККОЗ БАТЫР ХАХЫНДА

Төленова З.М.

Заведующая отделом Института истории и этнологии им. Ч. Уалиханова КН МОН РК, ведущая научная деятельность

Аннотация. В статье основное внимание уделяется региональным особенностям и не до конца изученным аспектам национально-освободительного восстания 1916 г. в Казахстане. В качестве примера можно привести Меркенское восстание 1916 г., ставшее крупным центром очага Иссык-Куль-Чу, и Батыра Аккоз Косанова, ставшего его главой. История национально-освободительного восстания 1916 г., особенно Иссык-Куль-Шуйского центра, в том числе Меркенского восстания, рассказана в 20-50-х годах ХХ века т. Рыскуловым, г. Бройдо, Асфендияровым и др. трудах и архивных документах, документальных сборниках, некоторых устных рассказах, письменной литературе (Ш. Муртаза), хотя этот вопрос специально не изучался. Отмечается, что необходимость изучения проблемы была возобновлена в начале 2000 г. по предложению академика М. К. Козыбаева и стала изучаться специально.

Ключевые слова: национально-освободительный, Казахстан, Ж., 1916, Аккоз, Меркен, батыр, Косанов, повстанцы, восстание, очаг, Иссык-Куль-Шу

MERKE UPRISING OF 1916 AND ITS LEADER AKKOZ KOSSANOV

Tulenova Z.M.

Abstract. The article focuses on the regional features and aspects of the National Liberation uprising of 1916 in Kazakhstan, which are not fully studied. An example of this is the Merke uprising in 1916, which was the great center of the Issyk-Kul Chu epicenter, and the hero Akkoz Kosanov, who became its leader. The history of the National Liberation uprising of 1916, especially the Issyk-Kul-Shu center, including the Merke uprising, was recorded in the 20-50s of the XX century in the works and archival documents of T. Ryskulov, G. Broido, Asfendiyarov, etc., documentary collections, some colloquial stories, written literature (Sh. Although Murtaza) is written, this issue has not been specifically studied. It is noted that the need to study the problem began to be studied specifically at the beginning of 2000, at the suggestion of Academician Kozybayev M. K.

Keywords: National Liberation, Kazakhstan, zh., 1916, Akkoz, Merke, batyr, Kosanov, rebels, uprising, hearth, Issyk-Kul-Shu

